

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Алматы қаласы

Абилханов Алмас	3
Абылғазыева Балжан	7
Ақан Жылқыбек	9
Айлиханова Айзере	10
Алина Ақнұр	12
Амангелді Мирас Шоқанұлы	13
Әбдіхан Дінмұхамед	15
Әбдіхан Жармаха	16
Бақытжанқыз Айшабибі	17
Бегілікова Аружан	18
Бекетаева Арай	21
Бекішева Аяла	22
Болатбеков Бағжан	25
Габдикаримова Алия	26
Гагиев Адам	29
Дағарбек Айтолды	33
Дүйсебаева Айсана	33
Еркінқызы Назерке	36
Есенбекова Айдана	37
Жанатұлы Бекзат	39
Жаукебаев Бек-Мұхаммед	39
Жүнісбай Нұрәділ	41
Жылқыбек Ақан	44
Искаков Кәрім	45
Керімбаев Әли	46
Қалибек Венера	49
Қалиева Лаура	51
Қойшыбекова Аружан	53
Қосылған Мариям	56
Көшімханов Мерей	57
Қуантхан Әлібек	57

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Құлтас Хансұлтан	59
Маматшаев Ибраһим	61
Маратова Жанель	64
Махсұтхан Зере	65
Медет Зере	66
Медеубек Сымбат	66
Мұхаметказин Арафат	68
Мұратханов Тоқтамыс	70
Нұралиева Маржан	71
Нұрлан Ерке	72
Омарғазиева Айғаным	75
Рахымжан Мадияр	77
Садыбек Динара	78
Сайдалин Мағжан	80
Қайсар Серікұлы	81
Сүйінов Құралай	83
Сәрсен Балауса	85
Таңжарық Маржан	85
Таңжарық Алижан	86
Тлеберды Айым	87
Тлеболдинов Ғалымжан	89
Тоқсанбай Абзал	91
Тұрғынбаева Камилла	93
Фазезов Тимур	94
Хожабай Нариман	96
Шағырбай Айдана	97
Шардарбек Елдана	99
Шарметов Нұрдаулет	101
Шаханова Назым	104
Ынтымақов Жандос	107

Абилханов Алмас

7 сынып оқушысы Мамандандырылған қазақ-түрік
мектеп-лицей – интернаты Алматы қаласы
Тексерген: Дүржанова Әлия

Ер есімі - ел есінде

Қазақтың ежелден жерін жаудан қорғаған батырлары көп болған. Сонау заманда Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батыр бабаларымыздан басталатын ерлік істер кешегі Желтоқсан оқиғасына дейін жалғасты. Олардың күрес жолдары мен ерен ерліктерінің бәрі Тәуелсіздік, ел, жер үшін болды. Осы жолда көптеген ер азаматтар тер төгіп, өз жандарын құрбан етті.

Аналарымыз жесір, сәбилеріміз жетім қалып, ақ жүздерін қайғы жасы жуып, ащы зары мен мұңы дүниені күңіrentті. Күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтар мен қасіреттер, ерлеріміздің ерлігі тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды! Қаншама жыл өтсе де, Ұлы Отан соғысы деген атпен жазылып қалған бұл алапат қырғынды бүгінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды. Сол бір сұрапыл жылдары Отанын жаудан қорғау үшін көпұлтты Кеңес Одағының құрамында қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. Оған дәлел екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы ерліктері үшін 497 қазақстандыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді, оның 97-сі қазақ. «Ер елсіз болмайды, ел ерсіз болмайды», - деп дана халқымыз айтқандай, ұлы Жеңіске сол сұрапыл соғыс жылдары өз үлесін қоспаған адам болмаған шығар.

«Біз - кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кеткен мүмкін емес. Даңқты генерал - майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысудан бастаған Бауыржан Момышұлы тарих сахнасына шықты. Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы жорық жолын Жетісудан бастап, Еуропаның төріне - Берлинге барып ат басын тіреді. Полк командирінен дивизия командиріне дейінгі даңқты жолды басып өтті. От - жалын кешіп жүріп:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Болса егер менің саған керегім,
Күндерімді, түндерімді,
Ой толқынын, сыр толқынын
Саған ғана беремін!

- деп ерлікті, елдікті, отансүйгіштікті насихаттады. Бауыржан атамыз - соғыс өнерін жетік меңгерген, әскери қимылдарға әзірліктің және оны жүргізудің теориясы мен практикасын, әскери стратегияны, оперативтік өнер мен тактиканы ұтымды қолдана білген қолбасшы. Ол - 207 рет соғысқа қатысқан қаһарман батыр. Әсіресе, ол Москва түбіндегі шайқаста үлкен құрметке ие болды. Москва бағытындағы негізгі жолдардың бірі – Волоколамск тас жолын қорғауда ерлік танытты. Қысқа уақыт ішінде дивизия жауынгерлері жаудың танк, моторлы және екі жаяу әскер дивизияларын талқандады. Сонымен қатар Бауыржан атамыз жетекшілік еткен атқыштар полкінің танк жоюшылар тобының Дубосеково разъезі түбінде жаудың он сегіз жауынгерлік машинасын жойып, оны шығысқа жібермеген өшпес ерлігі бүкіл дүние жүзіне мәлім. Сондықтан да, 28 батырдың бейнелері әндерде, дастандарда, аңыздарда айтылып, мәрмәр тастарда қашалып, бояулармен бейнеленіп мәңгілікке қалдырылды. Біздің әсем қаламыз Алматыдағы саябақ та «28 гвардияшы панфиловшылар» - деп аталады.

Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып аяқтады. Белгілі орыс жазушысы Александр Бектің “Волоколамск тас жолы” повесі Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігіне арналды. Сөйтсе де, Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарындағы ерлігі өз дәрежесінде мойындалмай, тек 1991 жылы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тікелей араласуымен оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. «Халқымның қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен» дейтін өмірлік ұстанымынан бір мысқал да ауытқымаған, бойында иненің жасуындай жалғандығы жоқ, бір өзіне ғана жарасар ерлік пен өрлік бар, төрт жыл сыз жастанып, жер кепе мен окопта ұйқысыз, мазасыз түндерді, кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер есімі қазірде батырлықтың символына айналды. Қан майданда от көсеп, қан күреген батыр Мұхтар Шаханов тілімен айтсақ:

Көз жұмғанша ел мүддесін ту ғып ұстап қасарған,
Ар мен намыс сөз болғанда өзіңнен кім аса алған?

Бір ғажабы: қан майданда көзсіз батыр атанып, куәлігін жарты ғасыр кеш алған.

Соғыстан кейін Бауыржан атамыз толықтай шығармашылықпен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өміріндегі көрген

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- білгендерін шығармаларына арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығының негізіндегі тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Атамыздың майдандағы және одан кейінгі өміріндегі іс-әрекеттері халық арасында аңыз болып тарап кетті.

Рейхстаг баспалдақтарының кіре беріс бағанына бірінші болып шабуыл туын қадаған Ақмола қаласының Қырыққұдық деген жерінде туып өскен, қазақ лейтенанты - Рахымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер, вяткалық орыс Григорий Булатов еді.

Қолын кессең бір сөз айтпас,
Шын қаһарман ер жігіттер
Аз болмады қазақта

- дегендей, төсін оққа төсеген батыр аталарымыз Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Н.Әбдіров, Р.Амангелдиев, С.Баймағамбетов, Д.Шыныбеков, С.Жылқышев, Т.Мырзаевтың есімдері алтын жұлдыздың сәулесімен шағылысып, өткен ғасырдағы сұрапыл күндерді еске салады. Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез-келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды.

Ерліктің қос қанаты деп білемін

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі деп айтар едім. «Майданға жіберетін ешкімім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін» - деп, Алматыдағы медицина институтының жас түлегі Мәншүк Мәметова Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен қосылғысы келетінін білдірген болатын. Жас қыздың қайтпас қайсарлығы таң қалдырмай қоймайды. Сол секілді мергендігі мен талай жаудың көзін құртқан Әлия есімі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып қалды. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған.

Ұлы отан соғысында қазақстандық ұшқыштар: Т.Я.Бигелдинов, И.Павлов, С.Д.Луганский және Л.И.Беда 2 мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Олардың қатарын 56 жыл кешігіп барып, 1941 жылдың 26-шы маусымында, соғыстың бесінші күні-ақ аты аңызға айналған батырлық капитан Гастелло экипажының ерлігі емес, капитан А. Масловтың экипажынікі екендігі айқындалып, осы экипаж құрамындағы Бақтыөраз Бейсекбаев 1998 жылы Ресей Батыры атағын алып, толықтырылды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бақтыораз Бейсекбаев менің атамның ауылының тумасы. Бұл қазіргі Алматы облысы, Балқаш ауданындағы «Жиделі» деген ауыл. Аудан орталығы Бақанаастағы орта мектепке атамыздың есімі берілген. Қазір ол кісінің ерлігін жас ұрпақ, яғни біздер мақтанышпен айта аламыз.

Қазақстандықтар жау тылындағы партизан қозғалысына да белсене қатысты. Атап айтар болсақ Қасым Қайсенов 1942 жылы Чапаев атындағы партизан отрядтарының командирі болып сайланып, Украина территориясында жаумен шайқаста үлкен ерліктер көрсетті. Қ.Қайсенов пен қатар көптеген Қазақстандықтар әртүрлі партизан құрылымдары қатарында шайқасты. Отанын қорғаудағы асқан ерлігі үшін Қ.Қайсеновке “Халық Қаһарманы” атағы берілді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Иә, содан бері жетпіс жылдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали атамыз жырлағандай қазіргі кезде Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы.

Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз бен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет. Біз - бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білейік!

Абылғазыева Балжан

11-сынып, Шона Смаханұлы атындағы №62 гимназия Алматы қаласы
Жетекші: Рыскелдиева Гүлмира

Мен соғысты көрген жоқпын...

Адамдар тау сияқты: олардың да асқары мен аласасы, үлкені мен кішісі бар. Таулар адамдар тәрізді: олардың да өз тағдыры мен тарихы бар. Жайбарақат мүлгіген жай таулар мен жалын атқан жанартаулардың айырмашылығы: жанартаулардың жалын атуына Жер-Ананың қозғалысы әсер етсе, адам баласының адамзат бақыты үшін он болып жанып, найзағайдай жарқылдауына, қиын да қасиетті жолға түсуіне, азамат атын биік ұстап өтуіне Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлердің рухы ықпал еткені тарих беттерінен аян. Бұл – бүкіл әлемге өзіндік ауыр қасіреті мен ізін қалдырған тарихтың ұлы сабағы.

...Өтті нөсер,
Тынды айқас

Бір тұңғиық сыр тастап..., –деп Ж.Саин жырлағандай, араға жылдар салып, сол бір отты жылдар алыстаған сайын, бомбалардың жарылысы, танкілердің үні, оқтардың ысқырығы ғасыр қойнауына тереңдеп батып барады. Бірақ соғыс салған зардап, қанды майдан қасіреті ұмытылар емес. Естеліктерге сүйенсек, сұм соғыс қаншама отбасын азаматынан, абзал аналарды баласынан, жарынан, сәбилерді ғазиз әкелерінен айырған.

Тарих қойнауынан, адамдар естелігінен ойып орын алған Ұлы Отан соғысына биыл 70 жыл толып отыр. Қарап отырсаң, бір адамның өмір жасы. Ғасырға жуық уақыт өтсе де, халықтың жадынан алыстамаған, қайғымен кейде қуанышпен еске алатын бұл соғыс жолбарыстай қайратты қазақ азаматтарының асқан батырлықтарын көрсетті деуге болады. Сұрапыл соғыстың өткелінде, жаңбырдай жауған оқтың ортасында, ызғарлы суық пен қайнаған ыстықтың бауырында төрт жыл жүріп, елін, жерін, келешек ұрпағын сұм жаудан қорғап қалған, «тірескеннің тізесін бүктірген, белдескеннің белін сындырған, жағаласқанның жағасынан алған» ардагер аталар ерлігі әр уақытта да мадақтау мен қошеметтеуге тұрарлық. Атап айтсақ, Н.Әбдіров, Қ.Аухадиев, он сегіз жасында ең жас Кеңес Одағының батыры атанған Ж.Елеусізов, Т.Мырзаев сынды батырларды тек Жеңіс күнінде емес, әр күн сайын еске алып, ерліктерін насихаттап жүруге тиіспіз. Екі мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған қазақстандық ұшқыштар Т.Бигельдинов, Л.Беда, И.Павлов, жеке өзі жаудың 37 ұшағын атып түсірген С.Луганский сияқты біртуар азаматтарымыз алдында өмір бақи тағзым етуге болады. Отан үшін отқа түсіп: «Майданға жіберетін ешкім жоқ – ағам да, апам да жоқ,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

сондықтан менің өзімді жіберуді өтінемін», –деп өз өтінішінде жазған М.Мәметова, Ә.Молдағұлова секілді қазақтың ержүрек қыздары шайқаста қаза тапты.

Қазақтың даңқын шығарып, абыройын асырып, ұлттық батырына айналған айтулы ұлдарының бірі, Халық қаһарманы – Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігімен аты аңызға айналған қолбасшы ретінде белгілі. Аталған батырлардың барлығы уыздай жас кездерінде қолдарына қару алып, ұлы даланы қорғауды жауапкершілікпен қабылдаған қайсар жандылар еді. Қазіргі заманда, 18-19 жастағы өздерінің өшпес ерліктерімен, еңбектерімен мақтана алатын жастар аз. Тіпті кәмелет жасқа келгенде өз істегендеріне есеп бере алмайтындар да бар. Ал Ұлы Отан соғысына қатысып, оның сөзбен айтып жеткізе алмайтын қасіретін көзбен көрген, жүрегімен сезінген, өмірлері қыл үстінде тұрған батырларымыз үлгі алуға тұрарлық жандар.

Біз, бейбіт заманда дүние есігін ашқан келешек ұрпақ, өзіміз сияқты гүлдей жайнаған қыздар мен ұлдардың жастық өмірлерін Отан үшін отқа салып, барлық қызықтан бас тартқан аға буын ерліктеріне тағзым етеміз. Олар жауды жеңу жолында өз өмірлерін қия отырып, бізге бейбіт өмір сыйлады. Басқа төнген қасіреттен олардың көбі қайтып оралмады. Ал қайтып оралғандарының жүректерін соғыс салған сызат денелеріне тиген оқ табы әлсін-әлсін мазалайды.

Мехнатына сол бір көштің ілесіп,
Адам – пенде өмір сүрер күресіп.
Тірілері өткендерін еске алып,
Сыр сандықтың сырын ашар бірлесіп,

–дегендей уақыт өткен сайын ардагерлер қатары азайып барады. Бүгінде тарих бетінен ойып алар орны бар осынау Ұлы Отан соғысында ерлік танытқан ардагер аталарымыз – бақытты әкелер, ардақты аталар. Олар бүгінгі күні өскелең ұрпағын отансүйгіштікке, патриоттық рухта тәрбиелеуге өз үлестерін қосуда. Өмірдің сан қырлы соқпағынан өтіп, ер-азаматқа тән қайсарлық көрсеткен аталар өнегесі – жас ұрпаққа үлгі.

Ақан Жылқыбек

5 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия Алматы қаласы

Жетекшісі: Мақпал Сембай

Отанын қорғау – әрбір азаматтың борышы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл соғыс кездегі халқымыздың ержүректілігі мен төзімділіктерін білдіретін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді сол соғыста қайсарлықпен шайқас жүргізген, ерлік көрсеткен ардагерлер және осы бейбіт күннің тұрғындары тойлайды. Бұл мейрамды – өздерінің әкелері, ерлерін, ұлдарын күткен біздің аяулы апаларымыз бен әжелеріміз тойлайды. Ұлы Жеңіс күнді елі, жері үшін жанын берген, еліне оралмай қалған батыр ерлеріміз бен қыздарымызды бүкіл халқымыз болып еске түсіреді.

Бұл соғыс елімізге төнген ең қиын күндердің бірі болды. Төрт жыл бойы күнімен, түнімен өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақтары – мына біздер үшін аталарымыз қанша күш жұмсады?! Олар өз өмірлерін қиып, бүгінгі таңдағы азат, тәуелсіз елімізге қол жеткізді.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда өзін құрбан ететін жауынгер халық болған. Қазақстандықтар Отанын қорғауға майданға аттанды. Осы соғыста жаңбырша жаудырған оқ пен бомбаның арасында батырларымыздың нәзік жүректері тасқа айналып, ажал құшты. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне, еліне және халқына деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

Бұл соғыста: «Қазақ үшін мені өлтір, бірақ қазақ деген ел сақталсын» - деп, қазақ елі үшін, халқы үшін өзін құрбан еткен жандар өте көп болды. Бұл сұрапыл соғыста біздің ата-әжелеріміз ердікпен қаза болды. Ұлы Отан соғысында Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдин сияқты көптеген батыр аталарымыз бен Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметовадай апаларымыз, сонымен қатар, көптеген аға-әпкелеріміз елін, жерін, туған-туысын, бауырлары мен балаларын қорғап, өз жандарын өлімге қиып, батырлықпен, асқан ерлікпен қазақ тапқан. Соғыс аяқталған соң, оларға «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – Отанымызды сүйіп, еліміз бен жеріміздің адал патриоттары болып өсу. Осындай батыр да, батыл, жігерлі де, қайратты, ержүрек ардагерлеріміздің болашақ ұрпақтары, яғни, мына біздерге табыстаған тәуелсіз елімізді, туған жерімізді қорғау және құрметтеу біздің борышымыз деп білем. Сондықтан да, болашақта адал, тәртіпті де, тәрбиелі азаматтар болып өсуіміз керек. ардагерлер аталарымыз бен апаларымыздан үлгі алып, еліміз, жерімізге деген сүйіспешілігімізді арттыруымыз керек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Туған жерін, туған елін, Отанын қорғау – әрбір азаматтың борышы деп білейік,
құрметті достар!

Айлиханова Айзере

8-сынып, «№185 ЖББМ» КММ Алматы қаласы
Жетекші: Байкушукова Эльмира Танирбергеновна

Көк аспанды қара бұлт торлаған жылдар біздің жеріміз үшін, еліміз үшін ең қиын кезең болды. 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы болғаны дүйім жұртқа мәлім. Осы жылдары біздің еліміз басынан талай рет қара күндерді өткізді. Қазақ азаматтары жерімізді, елімізді қорғау үшін жандарын пиде етуге дейін барған. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар барлық майданда шайқаса бастады. Олар Отан үшін фашистерге қарсы бағытталған ұрысқа аянбай кірісті. Қазақстанда ұйымдастырылған көптеген әскери бөлімдер майданға жіберілді. Даңқты Брест қамалын қорғаушылардың қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. Олардың арасында Ғ. Жұматов, В. Фурсов, К. Тұрдиев, Ш. Шолтырев, К. Иманқұлов, Е. А. Качань тағы басқа жауынгерлер жаумен жан аямай шайқасып, ерліктің үлгісін көрсетті. 1941 жылы 24 маусымда 219 атқыштар полкі Литваның Шяуляй қаласында алғаш рет ұрыс болды. Қазақстандықтар жау әскерлерімен Перемышев, Мурманск, Одесса, Севостополь, Сталинград түбіндегі, Украина, Белоруссия жеріндегі жанқиярлық қарсылығына қарамастан немістер соғыстың бастапқы кезінде үлкен басымдылыққа ие болды.

Біздің елімізбен жерімізді жаудан құтқару үшін талай-талай ардагерлер жанын пиде етті. Қаншама қара күндерге төзіп келді. Отанын оттан қорғап, жеңіс деп жанын шүберекке түйген азаматтардың ерліктері ешқашан ұмытылмас. Сұрапыл соғыс жылдарында бейбіт өмір үшін шайқасқан батырларымыздың есімдері талай жерлерде Алтын әріптермен жазылып тұр. Өйткені, бұл азаматтар біздің Отанымыздың белсенді қорғаушылары сапында болған. Ұлы Отан соғысындағы олардың ұрпаққа үлгі етерліктей ерлігі тарихта өшпестей із қалдырып, халқымыздың есінде мәңгілік сақталады.

Өз Отаны үшін кеудесін отқа тосқан батырларымыздың еңбегі, бейбіт күн үшін ұрыс даласындағы ерліктері әлі де халық жадында сақталған. Түрлі көркем фильмдер, деректі фильмдер түсірілді. Сол естеліктерді әр қазақ көкірегі қарс айырыла отырып көреді. Неткен батылдық, неткен батырлық дей отыра әр соғысқа қатысқан азаматтарға алғыс жаудыртады. Біздің халық - батырларын ұлықтай білген ел. Біздің халық - елім деп еңіреген батырларын ардақтап, олардың рухына бас иген ел.

Бүгінгі таңда Ұлы Жеңістің 69-жылын тойлау жоспарланып отыр. Қарап отырсақ, Қазақстанның көптеген жерлерінде соғысқа қатысқан азаматтарға арналған ескерткіштері тұрады. Тек қана ескерткіштер ғана емес, сонымен қатар түрлі монументтер және мұражайлар ашылған. Бұл мұражайларда

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлерден қалған медальдар және соғыс туралы естеліктер тұрады. Себебі, ардақты ардагерлеріміздің көпшілігі бақилық болған. Көпшілігінің есімдері ел есінде, кітап- журнал беттерінде ойып орын алып жүр. Әр біріне қарайтын болсақ, олардың тарихи мәні өте тереңде жатыр. Әр қараған сайын 1941 мен 1945 жылдар арасындағы оқиғалар есіңе түседі. Әрине, жүрегінде қазақ жеріне деген патриотты бар адамдар ғана оның мәнін түсінеді. Ал түсінбейтін адамдар ол туралы деректер ізденсе, мүмкін оның мәнін түсініп, еліне деген патриоттық сезімі оянар. Қазіргі кезде оның мәнін түсінетін адам өте аз. Айналаға қарасақ тек ата-бабаларымыздың ұрпақтары ғана олардың мүсініне қарап, оларды еске алып, көздеріне мөлдір жас алып отырғанын көреміз. Ата-бабаларымыздың мүсінінің алдында ұрпақтарының алып келіп қойып кеткен гүлдері тұрады. Ол гүлдерді әрбір ұрпақ дәріптей біледі. Көзінен жас аққан әрбір жас ұрпақ қадірлей де қастерлей де біледі. Тек онымен ғана шектеліп қана қоймай, оның мәнін артынан тәй-тәй басып келе жатқан іні-бауырларына үйретуден жалықпайды. Мәнін тереңдете әңгімелеп береді. Қазіргі кезге дейін әрбір қаралы күндерді жас ұрпақ жылай еске алады. Олар бізге мәңгі есте қалатын естелік. Көптеген мектеп кітапханаларында батырларымыз туралы жырлар, өлеңдер, әңгімелермен кітаптарды көптеп көреміз. Осы соғыстың куәгері, ардагер Ибрайханов Мұхаметхан ақсақалдың әңгімелерінен соғыстың қаншалықты қиын да сұрапыл болғандығын естіп денені түршігеді. Сонау Ленинград түбіндегі шайқаста жасаған ерліктері туралы естеліктерінің өзі бір төбе...

Кеудесін оққа тосқан батырларымыздың еңбегі халық жадында мәңгі сақталады. Еліне деген патриоттық сезімі бар адам елі жері үшін бәріне де баруға дайын болады. Қазіргі кезде ондай азаматтарымыз азайып бара жатыр. Елімізді сақтап қалу үшін қазаргі қазақ азаматтарына мән-мағынасы терең кітаптар, кино-фильмдер, газет-журналдар шығару керек деп ойлаймын. Сонда ғана қазақ азаматтарының қазақ жеріне деген патриоттық сезімдерін оятуға болады. 9 мамыр Қазақстан Республикасында бүкіл қалаларда аудандарда шеру өтеді. Алматы қаласының оқушылары әр жылы мамырдың тоғызыншы жұлдызында соғыс ардагерлерін еске алу іс шараларын өткізеді. Мысалы, 9 мамыр күніне байланысты 7 мамыр күні шерулер, ардагерлермен кездесіп сырласу шаралары өткізіледі.

Қорытындылай келе, ата-бабаларымыздың ізін жалғастыру-әрбір жас ұланның Отан алдындағы парызы деп білуге болады. Осы уақытқа дейін ата-бабаларымыз жерімізді елімізді қорғап келді. Ал оны әрі қарай қорғау әрбір ер жетіп келе жатқан қазақ азаматтарының Отан алдындағы борышы. Бүгінгі күннің патриот жастары Бейбіт өмірді сақтаушыларды мәңгі естерінде ұстайды!

Алина Ақнұр

Алматы қаласы

№15 лингвистикалық гимназияның 1 сынып оқушысы

Жетекшілері: Назарбек Ж. А.,

Ахметжанова А.Т.

Ғаббас ата – қазақ батыры

Ғаббас ата – соғыс және еңбек ардагері. Ғаббас ата маған өзінің өмірі туралы көп әңгімелер айтты. Ол бақытты және көп балалы отбасында туып өсті. Кішкентай кезінде аға-інілерімен ойнап-күліп, тәту-тәтті өмір сүрді. Мектепте өте жақсы оқып, сұлу әрі сымбатты жігіт болып қалыптасты.

Бүкіл саналы өмірін мемлекет пен қазақ азаматтарына арнаған. 1941-1945 жж. әскер қатарында жүріп Ұлы Отан соғысына қатысқан. Ол қиын және қорқынышты соғысты Брест қамалы гарнизонында қарсы алған батыр. Майданда жарақаттанып, зақым алған, 30-дан астам орден және медальдармен марапатталған. Оның ішінде: «За оборону Москвы», Орден Отечественной войны первой степени, Орден Красной Звезды, «За взятие Будапешта», «За победу над Германией», «За отвагу» және т.б. медальдары бар. Сонымен қоса, Қызыл Армия Жоғарғы Бас қолбасшыдан 8 алғыс хат алған. Мен атаның барлық сыйлықтарын көрдім. Костюмына тағып кигенде, салмағы бірнеше килограмм болатын шығар. Шын айтсам, Ғаббас ата өте қарапайым кісі, ол медаль мен ордендарын көп кие бермейді екен.

Ғаббас атаның бойы кішкентай болса да, ол фашистер мен батыл күрескен. Менің ойымша, атамыз нағыз ержүрек, ата-анасын, туған Отанын шын жүрегімен сүйген азамат. Олай болмаса, соғыс кезінде, ол қалай суық аязға, қиыншылыққа, ұзақ уақыт туыстарын көрмеуге шыдар еді.

Атаны білмейтін адам аз шығар. Мен Ажар апаммен үйіне келгенде, Ғаббас атаға көп адамдар телефон соғып ақыл-кеңес сұрайтынын көрдім, олар атаны қонаққа немесе кездесуге шақырады. Оған достары да көп хабарласады екен. Кейбір кезде ата ренжиді, себебі достарының жағдайы болмай қалып, олар ауырып немесе немере-шөберелерімен отырғандықтан, шақырған жерге бара алмайды. Достарының жасы тоқсаннан асты. Ғаббас ата да 96 жасқа келді. Мен атамыз ұзақ өмір сүргенін қалаймын. Себебі ол өте жақсы кісі. Соғыс болмаса екен деймін. Ата маған соғыста көп адам қиыншылық көреді, бір-бірін өлтіреді, ауырады, жақсы көретін адамдарын жоғалтады, көп кішкентай балалар ата-аналарынан айырылады деп айтты.

Соғыстан кейін де Ғаббас аға көп еңбек етті. Ол – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 50 жылдан астам қызметте болды. Өте жақсы жұмыс жасаған үшін Жоғарғы Советтің Құрмет грамотасымен марапатталған. Оған «Республикаға сіңірген еңбегі үшін» медалімен қоса, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын алған. 2004 жылы Қазақстан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекетке сіңірген еңбегі және қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан үшін 2-ші дәрежелі «Достық» орденімен марапатталған.

Университеттің басшылары да атамызға құрмет белгісін, құрметті профессор атағын, «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» Үлкен алтын медалін және 2014 жылы «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» атты мерейтойлық медальдарын тапсырған.

Ғаббас атаның өмірі мендей кішкентай балаға, менің аға-тәтелерім мен інілеріме, ата-анама, апа-атама және де барлық адамдарға үлкен өнеге деп ойлаймын. Жалпы ақылды адамдар Ғаббас атадай болуға тырысуы керек.

Амангелді Мирас Шоқанұлы

5 сынып, №148 мектеп-гимназия Алматы қаласы

Жетекшісі: Жеткеншек Меңдіғалиұлы

Бейбітшілік-ел тілегі

Ел қорғау жолында ерлікпен
өлген ерлердің жазығы жоқ.

Бауыржан Момышұлы

Соғыс... Атын атауға қорқатын сөз. Бейбітшілікті сүйетін мына әлемді тас-талқан қылып, күйрететін тажал. Ол қаншама адамның өмірін қиған, ана мен баланың тыныштығын бұзған сұм. Қаншама уақыт өтсе де сол бір кешегі жүрекке салған жараның орны жазылған емес. Қаншама адамды жер жастандырды, қаншама баланы жетім қалдырды, қаншама жанды сүйіктісінен айырды, қаншама адамның орнын ойсыратты...

Болған оқиғалар тізбегі еш ұмытылмайды. Ол ұрпақ жадынан ешқашан шықпақ емес. Біз сол кездегі қиын жағдайда жүріп, қаһармандықтың небір үлгілерін көрсеткен қайтпас қайсар батырлардың батыл рухтағы өшпес ерліктерін тарихтан білеміз. Одан қалса, теледидардан көріп, газет-журналдардан, кітап беттерінен оқимыз.

Ұлы Отан соғысы... Ауыр сынақ... Отан үшін қайғы мен қасірет шеккен жылдар. Жұдырықтай жұмылып жұрт пен жерге қызмет еткен, анығы жаға жармасып, жанын берген күндер, айлар, жылдар... Бүкіл елдердің тағдыры тұрған қос тараптың сынға түскен күні...

Бұл халқымыздың ерлігі мен өрлігі сынға түскен шақ еді. Оған еліміздің батыр ұлдары мен қыздары жан аямай атсалысты. Соғыстың сұрапыл да сүргін жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 100-ге жуық қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Отан үшін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

от кешіп, жұдырықтай жүректерін жұлып берді. Бірақ ғажайып ерліктері айдай әлемге аян болды. Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Леонид Беда, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллин, Рахымжан Қошқарбаев, Нүркен Әбдіров, Қасым Қайсенов, Хиуаз Доспанова сынды т.б. сандаған аға-апаларымыз қаһармандық пен батырлықтың небір үлгілерін көрсетіп, ұлт мақтанышына, Отан батырына, Халық қаһарманына айналды.

Қазақтың батыр ұлы Талғат Бигелдинов жиырма үш жасында аспан көгіне 300 рет көтеріліп, жаудың ондаған ұшағын құлатып, ғажайып ерлігімен әлемге танылды. Соғыс өртін сөндіруге ат салысып, жауға қарымта қайтарып, ажалмен талай бетпе-бет келген ерен ерлігі ел аузында жүр. Өткен тарихымызды таразылай түсетін болсақ, біз білмейтін, біз көрмеген соғыстың ащы шындығы әлі де болса ашылары анық. Тіпті бұрын-соңды тарихта болмаған адамзатқа жасалған қастандық пен озбырлық түрлері жан түршіктіреді. Сондай зұлымдыққа қарсы тұрып, Отанға деген адал сертінен танбаған қайсар да қайтпас ата-бабаларды мақтан тұтқың келеді. Кеуденді кернеге мақтаныш сезімі бойды билегенде құлағыма біреу «Сен сондай батыр бабалардың ұрпағысың» деп сыбырлайтын сияқты. Шынында бәрі мақтау мен мақтануға лайық жандар. Әлі де есімі елеусіз қалған батыр бабаларымыз қаншама! Ерлік ескерусіз қалмайды. Бәріне уақыт сарапшы. Уақыт бәрін өз орнына қояды. Түбі олар ел таныған тұлағалардың қатарында тұратынына сенімім мол.

Мен бүгінде төрткүл әлемге танылған Қазақстан деп аталатын бейбітшілік сүйгіш саясаты бар байтақ елдің бүлдіршінімін. Біз соғысты көрген жоқпыз. Адамзатты, адамзатпен бірге әлемді қиындыққа душар ететін бұндай оқиға енді қайталанбаса екен деп тілеймін. Жоғарыда айтқанымдай, атышулы зұлмат туралы, сұм соғыстың ауыр зардабы, адам баласына әкелетін қайғы-қасіреті туралы білімге деген құштарлығым мен кітап- құмарлығымның және өткен тарихымызға деген қызығушылығымның арқасында танып- біліп келемін. Биыл ұлы Жеңісімізге 70 жыл толады.

Жаужүрек батырларымыздың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен қолымыз жеткен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні.

Уақыт – зымыран. Өне-міне дегенше тез жетеді. Сондықтан да Жеңістің жетпіс жылдығын жан-жақты тойлауымыз керек. Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып жатқаны өкінішті. Біз сондықтан да жауынгер ардагерлеріміздің құрметіне Жеңістің 70 жылдығын ерекше атап өтуіміз керек. Өйткені, бұл – ерлік пен елдіктің салтанат құрар күні, бейбітшілікті сүйер барша адамзат баласының

ынтымақтасар мерекесі. Біздей ұрпақтар атынан ардагерлер мен батырларға мәңгілік ұлы тағзым!

Әбдіхан Дінмұхамед

Алматы қаласы № 148 мектеп-гимназияның 7 сынып оқушысы

Мақмұт ата әңгімелері

Ұлы Жеңіске 70 жыл. Ұлы Отан Соғысы жайлы айтылған әңгімелер, естеліктер мен аңыздар қаншама. Адамзатты фашизмге құтқарған сұрапыл соғыс тарихтан өшпейді. Менің өзім куә болған оқиғаны баяндағым келеді. Мен ол кезде кішкентай болдым. Есік алдында інім Жармахан екеуміз ойнауға шыққанда ылғи да бір көзі көрмейтін, қолында таяғы бар ата отыратын. Ол кісі ылғи да күліп, бізбен амандасып, әңгімеге тартатын. Мақмұт ата соғысқа қатысқан ардагер. Бірақ ешқашан мен ардагермін деп ешкімге міндет етіп тұрғанын көрмедім. Әрқашан көңілді де қуатты. Бізді жанына отырғызып: «Е, балаларым! Біз көрген сұм соғысты сендер көрмедіңдер. Ол мүлдем басқа әлем», - деп таяғын жерге тіреп, нықтап алып әңгімелерін бастайтын. Бір сөзі есімде қалады. Бір сөзі сақталады. Не болса да соғыстың аяусыз дүние екенін, адамдардың өмірін жұлатын тажал екенін білем.

Мақмұт ата соғысқа 17 жасында аттанған. Ол кісі Мәскеу түбіндегі майданда шайқасқан. Жаудың кім екені, қандай соғыс тактикаларын барын Мақмұт ата әңгімелерінен емес-еміс білем.

Менің айтқым келгені Мақмұт атаның соғыстағы ерлігі емес күнделікті бейбіт өмірдегі ерлігі еді. Ол кісі ауланың сәнін келтірген тамаша жыршы, баяншысы болды. Балалардың қай-қайысы аулаға шыға қалса бәрін де досындай көріп, әңгіме тартады. Аттарын да ұмытпайды. Жады да мықты. Денсаулығы да тың жүреді. Ара-арасында ауырып қалса, ұлы Ержан келіп, дәрі-дәрмегін, тамағын әкеліп беретін.

Мақмұт ата көп ойланып отыратын. Бір күні «Ата, сіз неге көп ойланасыз?», - десем былай жауап қатты:

- Тыңда балам, бұл өмірде мәңгі еш нәрсе жоқ. Біз тірі жанбыз. Тумақ барда, өлмек бар. Менің екі ұлым бар. Бірі неміс ұлтынан қыз алып, шетелге көшіп кетті. Екіншісі – кіші ұлым. Ол қазір жоғары білімді азамат. Таяуда өзінің теңіне үйленді. Келінім де тәрбиелі. Шетелдік ұйымның бірінде аудитор. Жұмысы - жауапты. Иссапарда көп жүреді. Міне, қазір бір бөлмелі пәтерде қысылып-қымтырылып, тұрып жатыр. Таяуда немерелі болам. Ары ойлап, бері ойлап, қаттар үйіне кетуді жөн санадым. Мен ұлыма білдірмей кезекке тұрып қойғам. Кезегім келсе, қарттар үйі мекенім болады. Соғысқа қатысып, теккен төр мен аққан жасты ел елеп, үкімет тегін пәтер берді. Менен гөрі бұл пәтер ертең үниеге келетін немереме қажет. Олар аядай жерде қалай

бала асырап, бағып-қағады? Екі пәтерді сатып, үш бөлмелі пәтер алсын деп шештім. Сол үшін осындай шешім қабылдадым, балам», - деді.

Тамағымен өксік кеп, ес білгелі бауыр басып қалған атаны қимай даусым дірілдеп:

- Ата, Ержан ұлыңыз не деді? – дедім.

- Әрине, басында ұлым мүлдем қарсы болды. Ренжіді. Кейін менің ақылым – осы. Қабылда деп түсіндірдім. Ол соңында ренжісе де, келісті.

Менің әлгі өксігім іште қатып қалғандай. Өзім бар болғаны бестемін. Сонда да ішімде Ержанға деген ашу мен ыза өртеп барады. Қап, есейгенде ма! Осы Ержанға әкеңді сыйла. Қарттар үйіне жіберме деп айтпасам. Мен өз әкеді ешқашан қарттар үйіне бермес едім.

Бала арман ғой. Күнде есік алдында отыратын не таяғын алып серуен құратын ата бір күні ізім-қайлы жоқ болды. Ол кісі өз мекені – қарттар үйіне кетті. Ал Мақмұт атаның үйіне жаңа көршілер көшіп келді. Менің санамда, жүрегімде Мақмұт атаға деген балалық сағыныш сол күйі сақталып қалды. Сіздің қай қарттар үйінде жатқаныңызды білмеймін. Білген күнде мен тауып бара алмас едім. Қазір іздесем де ол кісінің тегін білмеймін. Ол кісі мүмкін ауырып қалды ма, мүмкін дүниеде өтті ме? Хабарым жоқ. Дегенмен сіздің ұрпаққа жасаған ерлігіңіз соғыстағы ерлігіңізден кем емес деп білем. Аман жүріңіз, Мақмұт ата!

Әбдіхан Жармаха

Алматы қаласы № 148 мектеп-гимназияның 5 «Г» сынып оқушысы

Ақ жұлдызды тұмар

Мен қаланың баласы болсам да ауылда туылыппын. Сондықтан болар ауыл маған ыстық. Жазғы демалыс мен үшін үлкен сый. Түні – салықн, күні – ыстық ауылымда біз далада ұйықтаймыз. Жатарда аспанға шашылған жұлдыздары санап жатып, тәтті ұйқыға көзіміз еріксіз жұмылып кетеді...

Таң ата тапшаға күн ерте түседі. Күн еркелеп, кеп сәулесін төгіп жібергендей болады. Күн сәуелсі түскеннен ұйқы жоқ. Тұр, тұр деп тұратындай...

Таңмен таласа тұрып, бір үзім нанды тістер-тістемес ойынға жиыламыз. Ойынның командирі – Асхат, мен – капитаны. Әркімнің өз рөлі бар. - Тыр, - тыр етіп автомат атамыз. – Гүмп, - гүмп етіп бомба жарамыз да жатамыз. Бұрын су қоймасы болған дөң, су құбырларынан қалған шұңқырлар бізге соғыс-ойын алаңы. Мұны ары-бері дөң маңынан өтіп бара жатқан ауылдағы

Мелдебек ақсақал кетіп бара жатып, «Әй жүгірмектер, ойынды осылай ойнай ма»?! - деп жекіп тастайды.

Бір күні үйге ауызашарға Мелдебек ақсақал келді. Ол кісі соғыс ардагері. Елге сыйлы азамат. Құран оықлып болғасын, асықпай-саспай ұзақ әңгіме батсады. Тамаққа шақырылғандар арасында менің достарымның аналары да бар. Бір топ бала Мелдебек атаның мына әңгімесін ұйып тыңдадық. Ол кісі соғыс жылдарында радист болған. Жау шебінде радиоқорабын көтеріп, небір зұлматты бастан кешкен екен. Әңгіме арасында қойын қалтасынан аппақ әдемі медальонды шығарды. Бұл ай тасы аталатын медальонды Мелдебек ата тұмардай сақтайды. Ерекше сипап, ұзақ үңілді. Соғыста балаларға орын жоқ. Оны ересектер де, бала біз де білеміз. Жау тылына жақын жерде біздің әскерлер жол бойында адасып ақлған баланы тауып келді. Жас шамасы 5-6 ларда. Қатты шөлдеп, қарны ашып қалған. Қаумалап, бәріміз баланы ортаға алдық. Баланың есімі Сергей. Ата-анасынан жетім қалған Сергейдің қолында жалғыз қорапша бар. Киіндіріп, тамақтандырып, Сергейді қасыма алып, ұйықтатқым келді. Ол менің радиоқорабымды көріп, таң. Ананы сұрап, мынаны сұрап. Сергейдің әкесі де соғыста радист болған. Әкесі соғысқа кетерде осы қорапшаны ұлына естелікке қалдырыпты. Ай тасға өрнектелген әдемі жұлдызша медальон. Сергей соғысқа кеткен әкесінің көзіндей осы медальонды сақтап жүр екен. Бала Сергейге бауыр басып қалсақ та, оны соғыстан жырақ қалаға аттандыруға тура келді. Кетерінде Сергейдің маған сыйлаған тұмары осы еді, - деп Мелдебек ақсақал әңгімесін аяқтады. Бұл әңгіме бізге қатты ісер етті. Сол күннен бері біз соғыс ойынын тоқтаттық.

Бақытжанқыз Айшабибі

«І.Жансүгіров атындағы

№130 гимназия»КММ

1 «А» сынып оқушысы

«Соғыс енді болмасыншы»

Менің атам соғысқа қатысқан. Сол соғыстың біткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – мен сияқты оқушылардың, балалардың мерекесі. Бұл соғыс – Отанын қорғаған жауынгер аталармыздың ерлігі, ауылдағы Жеңісті күткен адамдардың мәңгі есінде. Жаман соғыста менің атам Жеңіске жетті.. 500-ден көп аталар, оның ішінде 96 Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алыпты. Олардың ішінде : Бауыржан, Талғат деген аталр болса, Мәншүк,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлия деген аплпр да соғысқа барыпты. Қазақтың ақыны, Жамбыл ата Ленинградтың ауыр өмірі туралы өлең жазды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...

9 мамыр - бұл той. Біз бұл күнді есте сақтап жүруіміз керек. . Біздің ардагер аталарымыз аз – ақ қалды.Аталарға көмектесу керек.

Бегілікова Аружан

№179 жалпы білім беретін мектеп 10-сынып
Жетекшісі: Сағатбекова З.С.

Бәрі дос, қайда барсаң, жаттығы жоқ,
Бір кезде қамшы ойнатып, атылған оқ.
Жерлерден тату-тәтті, сөз естисің,
Халқым жүр бір бауырдан туғандай боп.

Жер шарындағы кез келген адамның Отаны – алтын бесігі. Бұл бесікті қадірлеу адамзаттың парызы. Туған жері – аяулы ұясы. Туған елге, жерге деген ыстық махаббат әр адам жүрегін тербейді. Еліміздің бейбіт өмір сүруін халық тілейді. Халықтың аман сақтап, ақтық демі қалғанша Отан үшін қан майданда жан аямай шайқасқан батырларымыз жеңіс туын желбіретті. Ұлы Отан соғысының жеңісі – еліміздің болаттай берік бірлігінің, татулығының, достығының айнасы. Ұлы Отан соғысы жылдарында халқымыздың батыр ұл-қыздары ерліктің отын жақты. Соғыста Б.Момышұлы, Т.Бигельдинов, Л.Беда, С.Луганский, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова тағы да басқа көптеген батырлар, қажырлы Кеңес Одағы «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» Отанын қорғады. Қан майданда ерлеріміз от кешіп, жанын шүберекке түйді. Қайсар ерлікпен бірліктің арқасында Кеңес Одағының майдангерлері 1945 жылы 9 мамырда жеңіске қол жеткізді. Ұлы Отан соғысынан кейін халқымыз татулық пен қажырлы еңбек танытып, қираған қалаларды қалпына келтірді. Мемлекетті өркендету мақсатында 1954 жылы тың игерушілер қызу еңбекке кірісті. Халық тілегін ойлаған бабаларымыз бейбітшілік кезінде «Еңбек Ерлері» атағына ие болды. Еңбек Ерлері: Шығанақ Берсиев, Кәмшат Дөненбаева, Жазылбек Қуанышбаев және тағы да басқа ел – мақтаныштары. Осындай майдан және тыл батырларының ерлігі мен ел бірлігі елімізді еркіндік әлеміне бастады. Мемлекетті көркейтуге қомақты еңбек сіңірді, еліміз дами бастады. Ауыр индустрия мен жеңіл өнеркәсіп өркендеді. Ата-бабаларымыз ертеден-ақ еркіндікті аңсады. Сол арманға халқымыз 1991 жылы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

желтоқсанда қол жеткізді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік шымылдығы 1991 жылы 16 желтоқсанда ашылды.

Атам қазақ аңсаған еркіндік,
Сақтау үшін бекіндік,
“Қастығы жоқ қазақ” деген аңызы бар,
“Татулықтың символымыз” сертім нық,

– деп, Мұхтар Шаханов елдің мызғымас берік бірлігін, еркіндігін шабыттана жырлады. Кеңес үкіметін дүр сілкіндірген 1986 жылғы желтоқсанның ызғары “қазақ жастарының көтерілісі”. Талай ұрпақтың өмірі қыршыннан қиылды, қанша жан мен тән жарақатын алды. Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Спатаев сияқты ерлеріміз өшпес ерлік жасады. Ерлеріміздің қатары бұдан да көп, бұлардың есімдері тарихта алтын әріппен жазылып тұрады сөссіз.

Биыл тәуелсіздік алғанымызға жиырма үш жыл толды. Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтің:

Сен үшін Отан сертім сол –
Неден де болса тайынбан!
Киелі менің өрісім,
Барлығы дағы сен үшін,

- деген өлең жолдарын өзіме ұран етіп ұстап, талабы таудай, өнері жасампаз елімді гүлдендіруге, оның даңқын асыруға күш-қуатымды арнаймын.

Сүйемін тәуелсіздік шуақ-нұрын,
Даланың шалқарлығын, бұлақ, гүлін.
Қанбайсың жұпарына, сезінесің,
Қазақстан елім – менің қуат, күшім,

– деп ақын тәуелсіздікті көркем, жарасымды бояуларымен кестелейді.

Қазақ даласының дархандығын, еліміздің дамуын, халықтың кеңпейіл қонақжайлығын көргенде жүрекке қуаныш сезімі ұялайды. Елімізде егемендіктің алтын діңгегі орнықты. Оның белгісі Республикамыз қарқынды дамыды. Қазақстан Республикасы өз бойына алуан түрлі өркениетті елдердің жетістіктерін сіңірді. Үздіксіз дами отырып, басқа өркениетті елдердің даму үлгілерімен сабақтасып, тез арада өркендеудің жаңа даму жолдарын белгіледі. Жаңа әлемдік экономикалық үлгілерге сай болу үшін мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен сапасын көтеруге басты көңіл бөлінді. Президент

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдаған жолдауында Қазақстан Республикасы бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына қосылуы туралы ерекше атап өтті.

Елбасы еліміздің барыстай мықты елге айналатынын сезіп халыққа «2030 стратегиясын» ұсынды. Халық жыл сайын Н.Ә.Назарбаевтың «жолдауын» тағатсыз күтеді. «Жолдауда» халыққа арналған жаңалықтар, жанұяларына жаңа өмір сыйлайды. Елбасы «Жолдауында» білім, болашақ бағдарламасы, бала-бақша, тұрғын үй, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, орта және шағын бизнеске көптеген өзгерістер енгізді. Бизнесі «көздің қарашығындай сақтауды» міндеттеді. Жолдауларда айтылған өзекті мәселелер халықтың көкейінен шығып, жанын жадыратып, қуанышқа бөлейді. Елбасы ең алдымен Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, халыққа еңбегі сіңгендер мен көп балалы отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етті. Еліміздің көркеюі тікелей Елбасымызға және халыққа байланысты. Елбасы ата-бабаларымыз тер төккен, ешбір жауға жем болмаған ұлан-байтақ өлкенің шекарасын нақты анықтап берді.

Бұл Елбасымыздың данышпандығы мен білімділігінің айғағы. Дағдарыс кезінде Елбасы «Дағдарыстан – дамуға» бағдарламасын халыққа ұсынды. Халқын сүйген Елбасымыз еліне дағдарыстың ешбір зардабын тигізбей қамқорлық жасады. «Қанатымен су сепкен қарлығаштай» Елбасы елін дамытуға сүбелі үлес қосып жатыр. «Түн ұйқысын төрт бөліп», тынымсыз еңбек етіп, Елбасы Қазақстан Республикасының экономикасын, мәдениетін қиядан шынға шарықтатып дамытуда. Елбасы халқының бірлігіне, табандылығына сенеді. Көшбасшысына арқа сүйеген Егеменді Қазақстан Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерекесін ұшан-теңіз жетістікпен қарсы алуда. Бұл жетістік бізді дүниежүзіне танытты. Қазақ елі өзінің өркендеген мемлекет екенін әлемге мойындатты, тұрмыс-тіршілігін, ғылым-білімді, техниканың өрісін өрістетті. Қазақстан халқы жер қойнауындағы кен байлығын игерді. Әсем табиғатын жандандырды. Аспан әлемін зерттеді. Космос кеңістігін дамытты. Кемелер теңізде балықтай жүзді, техниканың жаңа түрлері өмірге келді. Білімді ұрпақ ғылымды, техниканы тез меңгереді. Бұл – біздің 70 жыл ішінде еліміздің қанат жайып өсуінің жемісі. Бейбітшіліктің арқасында «Тонның ішкі бауындай» қазақ елі қарқынды дамыды. Экономиканың жаңа сатысымен ілгерлеген Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттерге үлгі көрсетті. Оның дәлелі дүниежүзі елдері тәжірибе алу үшін біздің елге жиі келеді. Оңтүстік Корея, Қытай, Жапония, Ресей және тағы да басқа елдермен сауда қарым-қатынасы және достық қатынас нығайды. Әсем елдері біздің Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың іс-тәжірибесінен үйренуде. Шетелдер біздің жеріміздің, еліміздің дархандығына көздері жетті. Астана қаласының күн сайын өсуі, зәулім ғимараттардың сәулеті шетел қонақтарын тамсандырды. Дүниежүзі елдерінің басшылары біздің Астана қаласына құрылтай жиналыстарына жиі келеді. Олар біздің Президенттің сындарлы саясатына, елдің дамуына таңдай қағады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Біз барлық салалардың өркендеуімен әлем елдерін таң қалдырдық. Бізде туризм, спорт, мәдениет, ғылым, экономика, әлеуметтік жайғдай, техника – бәрі дамыған. VII Қысқы Азия спорт жарысында біздің спортшыларымыз 70 алтын, күміс, қола медальдарын жеңіп алып, әлемге өздерін әйгілі етті. Бұл да зор еңбектің жетістігі.

Еркіндік елді арманына қанат қақтырды. Еліміз күш-жігерін елді өргендетуге жұмылдырды. Ұлы Жеңістің тамыры берік бекіді. Тыныштық көп ұлтты Қазақстан еліне береке-бірлік әкелді. 70 жылдың жетістігі қазақ елі мен жеріне құт-береке дарытты. «Айрандай ұйып отырған ел» татулық пен еңбектің бірлігін сақтап, жеңістің тұғырын биіктетті. Қазақ елінің мәртебесін көтеріп, туын көкке желбіретті. «Тебірене тер төккен» елдің көсегесі көгеріп, даңқы әлемге жайылды. Ұлы Жеңіс елімізге бақыт сыйлады, халықтың өресін биіктетті. Еліміздің болашағы жарық болмақ. Мемлекетіміз келешекте шарықтап дами түсері хақ. Болашағы жарқын елде тұратын ұрпақ бақытты! Өр ұрпақтың бойында Отанға, елге, Елбасына деген патриоттық сезімінің ұшқыны алаулайды! Елбасы жасаған Нұрлы жол жоспары Қазақстан Республикасын нұrlандырады. Халқына бақыт нұрын шашады. Бұл нұр – жеңістің сәулесі, ерліктің жемісі.

Бекетаева Арай

Алматы қаласы

Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп8 сынып оқушысы

Бір дауыл сапырды кеп өрт теңізін,
Теңселтіп темір топан дүниежүзін.
Бетіне туған жердің өшпестей ғып,
Ер жазды өз қанымен жүрген ізін.
Қасым Аманжолов

Соғыс! Соғыс! Соғыс!

Не деген суық, не деген жағымсыз сөз!

Бұл сөзді бізге естіртпесін. Кімге керек бұл соғыс? Соғысты кімдер ғана бастайды екен? Кімді оңдырған бұл соғыс? Бейбіт елдің берекесін алып, бейкүнә сәбиді жетім етіп, ананы жесір етіп, ананы баладан, баланы әкеден айырған. Дүниенің астаң-кестеңін шығарып, халықты еңіретіп жылатқан.

Ия, қазақ халқы бүгінге дейін қандай қырғындарды басынан кешпеді дейсің?! Сондай қанды қырғындардың ең бір ауыры – фашистермен алысқан кез еді. Кеңес Одағының құрамында болған қазақ елі Отаны үшін, елі үшіе ештеңеден аянып қалмады. Он бес одақтас елдердің қатарында қазақстандық ер-азаматтар, тіпті өрімдей жас қыздар да соғысқа аттанды. Алдарында бір мақсат, ол соңғы қасық қаны қалғанша елді жаудан қорғау болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғысты ойласам даңқты жауынгер, көзі тірісінде-ақ халық махаббатына бөленген, аты мен көрсеткен ерлігі аңызға айналған атамыз Бауыржан Момышұлы есіме түседі. Рота, полк басқарған Бауыржан атамның майданда көрсеткен ерлігі, ар мен намыстан өрілген биік рухы бүгінде еліне үлгі-өнеге болуда. «Жаным-арымның садағасы» деп айтқан бір ауыз сөзінің өзі атамыздың қандай екенін көрсетіп тұр емес пе?!

Ал енді мұндай батырлар қазақта қаншама. Тоқтала кетсем, Талғат Бигелдинов аспанда неміс ұшақтарымен айқаса, соңғы демі қалғанша шайқасып, жау танкісін тоқтату үшін жанын құрбан еткен Төлеген Тоқтаров, партизан атамыз Қасым Қайсенов. Олар туралы оқып, фильмдерін көргенде бойымды қорқыныш және мақтаныш билейді. «Бірде солардай елімді қорғай аламын ба?» деп қобалжысам, бірде олардың қазақ перзенті екеніне мақтанып, кеудемді қуаныш билейді.

Гитлердің сол кезде жаулаған басқа елдерінде мұндай батырлар есепсіз. Он бес одақтас республиканың барлығында, сонымен қатар фашистер басып алған батыс елдерде қаншама...

Соғысқа аттанған осындай батырлардың, жауынгерлердің бірен-сараны ғана елге аман-есен оралды, қалғаны Отаны үшін қаза тапты. Олардың артында жылап-еңіреген жетімдер мен жесірлер қалды. Ауыр тұрмыс зардабын тартып, қиындықты көрген халықтар әрең естерін жиды. Міне, сол соғыстың біткеніне жақында 70 жыл болмақ. Бүкіл ел болып батырларды еске алып, жеңіс тойын тойламақпыз. Тойлаймыз, соғыс жылдарында шыққан әндерді шырқаймыз. Сол күні саусақпен санарлық аман жүрген ардагерлерді құттықтап, құрметтейміз. Бізге сондай оңай сияқты. Өзіміз бастан кешпеген соң жеңіл ғана ойлай саламыз. Негізінде соғыстың зардабы, қалдырар ізі өте ауыр ғой. Соғысып жатқандарға да, сол соғысты бастағандарға да «Тоқтатыңдар! Естеріңді жиыңдар!» дегім келеді.

Мен баламын. Соғыс деген сөзден де, соғыстың өзінен де қорқамын. Ал ересектер неге қорықпайды, неге соғысады? Соғыстың халыққа әкелер ауырлығын неге олар сезінбейді? Соғыссыз да әлемге әйгілі, атақты болуға болады емес пе?!

«Аяулы жер бетін мекендеген, адамзат! Соғыстан аулақ болайық! Топыраққа адам қаны тамбасын, бала сол соғыстың құрбаны болмасын!» дегім келеді.

Бекішева Аяла

11 класс, №191 мектеп Алматы қаласы

Жетекшісі: Байдақбаева Жансая Оңалбайқызы

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай із қалдырды. Жеңістің күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Осыдан 70 жыл бұрын, дәл осы күні фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың қазақстандық – шекарашылар болды. Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының батыры, 100-ден астам адам – Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар – Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағының Батырларының қатарында қазақтың екі қызы – мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі – қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі – Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ жоқ шығар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Жарыстар Мәскеуде, Ленинградта, Сталинградта жүргізді. Көрнекті Қазақ ақын, Жамбыл Жабаев, Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін...

Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам қазақстандық қаза тапты. Соғыста қаза тапқандардың саны туралы мәлімет бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Жекелеген мәліметтер бойынша, адамзат тарихындағы бұл ең зұламат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды.

Соғыс – күйретуші күш. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс Күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған болып оралған, арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, “бірлік”. Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен еңбектері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгін Қазақстанның барлық қалалары мен ауылдарында Даңқ монументтеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл шоқтарын қою рәсімдері өтуде.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл ауыр еңбек, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді еске сақтау. Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде-кем қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек. “Ер есімі – ел есінде”, - демекші, бізге жарқын болашақ,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бақытты ғұмыр ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Болатбеков Бағжан

Алматы қаласы № 104 жалпы білім беретін мектептің 4 сынып оқушысы
Жетекшісі: Иманалиева Зарифа Қайранбайқызы

Енді соғыс болмасын

Ұлы Отан соғысы 1941 басталып, 1945 жылы аяқталды. Төрт жыл қан кешіп, Отанын қорғаған өрімдей сарбаздардың санасында тек «жауды жеңу керек» деген ой болды. Ленинград қоршауда қалды. Қаланы ашаршылық жайлаған. Аштықтан адамдар қырылды. Бір жапырақ нан үшін апталап кезекте тұрды. Аштан өлген адамдар көшеде шашылып жатты. Қоршаудағы ленинградтықтар бар қиыншылыққа табандылық танытты. Сол кездегі Жамбыл атамyzдың «Ленинградтық өренім» атты жырлары елді рухтандырды.

Отанымыз жеңісті тағатсыздана күтті. Ел еркіндігін жер бостандығын аңсаған жауынгерлер жүздеген мыңдаған шақырым жерді еңбектеп, кеуделерін оққа төсеп соғысты. Әр күн мың күнге татыды. Сарбаздар жез оқтың ішіне аты-жөндерін жазып салып қойды. Ұрыс даласында көз жұмса содан анықтасын деген оймен. Олар Отандарын шексіз сүйді, соның салдарынан қанша сарбаздар көз жұмды.

Бұл соғыс тарихта өшпес із қалдырды. Соғыста Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов. Мәншүк Маметова, Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сынды батырлар ерлік көрсетті. Ардагерлер ұмыт қалмасын деген оймен әр 9 мамырда іс-шаралар өткізіледі. Оқушылар ұлағатты ұстаздарымен ардагерлер үйін аралап, сый-құрмет көрсетеді. Енді, міне, жеңіске 70 жыл. Қазір қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман. Олар бізге бейбіт өмір жасап берді. Бауыржан, Рақымжан, Қасым аталарымыз батырлықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсетті. 1941 мен 1945 - қанмен жазылған сұрапыл жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Дайыр ауылында дүниеге келген Уайыс атаның да, алты ұлы соғысқа аттанып, оралмаған. Алты уайымына айналған Уайыс ата өлгенше жол тосумен өмірден өтіпті. Ол кісінің есіміне арнап, Алты Уайыс көшесі берілген. Менің, атам Далабаев Сағымжан да соғысқа қатысқан, соғыста қолынан жараланған, қазір тоқсан жаста. Соғыс жайлы атам жиі әңгімелеп отырады.

Енді жер бетінде соғыс болмасын, бейбітшілік мәңгі жасасын!

Габдикаримова Алия

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжі Алматы қаласы
Жетекші: Хамитова Макпал Нурлановна

Ұлы ерлік шежіресі

Сүйінші!.. қуан елім, қуан жүрек,
Қуаныш күнді төрт жыл жүрдің тілеп.
Жеңіспен Ұлы Отандық соғыс бітті!
Жеңілді гитлершілдер – қара түнек!
Ғалым Малдыбаев

Адамзат тарихында Жеңістер көп. Бірақ солардың ішінде шоқтығы биік- Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Табалдырықтан аттағалы тұрған 2015 жылы осынау Ұлы Жеңіске 70 жыл толғалы отыр. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы – совет халқының асқан ерлік шежіресі, он бес одақтас мемлекеттің мерейтойы. Бейбіт жатқан елге Германия фашистері ашқан соғыс қазақ ұлдарын да жалмап, ананы баласыз, баланы әкесіз, әйелді жесір қалдырғаны әрбір адамның жүрегінде... Жеңіс бізге оңай келмеді. Қарсыластарымыздың күші анағұрлым мықты болды. Кеңес халқын жеңіске жетелеген Отанға, елге деген адалдық, махаббат, асқақ арман, мүжілмес таудың жартасындай мықты рух. Ел басына күн туған осы бір қаһарлы да қиын-қыстау кезеңде Отанымыздағы барлық ұлттар мен халықтардың ұл- қыздары «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», фашист басқыншыларға қарсы жойқын шайқасқа аттанды. Олар ғаламат майдан даласында батырлықтың, табандылықтың, қайсарлықтың тамаша өнегесін көрсетті, ал олардың әке-шешелері, апа- қарындастары тылда жан қиярлық еңбек етті.

Аз емес зар жылаған, егілген жан,
Аз емес өшкен өмір, төгілген қан.
Кеудеге зілді қасірет салды соғыс

Қирады талай арман көңілге алған,- демекші, Ұлы Отан соғысына қатысқан ата-апаларымыз Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов т.б. қаһармандарымыздың ерлігін еске алмасқа болмайды. Ол кісілерге құрметпен бас иеміз. Ал осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына тағзым етеміз. Жеңіс туын желбіретуде қан кешіп, кеудесін оққа тосқан ержүрек азаматтарымыз қаншама еді?! Өкініштісі сол, жылдан-жылға Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің саны азаюда. Көнекөз

қарияларымыздың өз аузымен айтып беретін соғыс әңгімелерін тұшына тыңдай алмай қаламыз деп қорқамын. Сондықтан да әрбір айтылған сыр, әңгіме, естелік келер ұрпақтың жадында сақталса екен. Соның бірі – атам айтып берген Бақтыораз Бейсекбаевтың асқан ерлігі туралы болмақ. Ол ұшқыш болыпты. Бірде шабуыл үстінде ұшағы оққа оранып, құлдилап құлап бара жатқанда, фашистердің тығып қойған қару-жарақтарын көріп, дәлдеп соның үстіне барып құлайды. Оқ құшқан, барын сарп еткен Абдолла Жұмағалиев, Қасым Қайсенов, Әди Шәріпов, Талғат Бигелдинов, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова т.б. қаһармандардың есімі мәңгілік жадымызда жаңғырып тұрады. Кеңес Одағының 2 дүркін қаһарманы атағын алған жалғыз қазақ Талғат Бигелдинов атамыздың жақындағы қазасы Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен қаһармандары қатарын ортайтты. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетіп, өмірлерін қиды. Менің нағашы атам да соғысқа аттанып, соңғы әжеме жазған хатында «Днепр өзенінен өткелі тұрмыз» деп жазған екен. Содан хабар-ошарсыз кеткен. Кейін тәуелсіздік алған жылдары әжем Мәскеуге хат жазыпты, бірақ атамның есімі сол хабар-ошарсыз кеткендердің тізімінде екен.

Шығармамды әрмен қарай Қызыл Армия туралы жалғастырғым келіп отыр. Себебі, өлімге басын тігіп, жауға кек жібермеген батыр жауынгерлер осы сапта сын сағатта тас түйін болып, «Барлығы майдан үшін!» деген ұранмен күш-жігердің бәрі-бәрі бір жеңіске жұмсалды. Осы ретте соғыс жылдары шыққан очерктерге де үңілдім. «Октябрьмен бірге туған миллиондаған білегі бар, бір ғана зор жүрегі бар, халық батыры Қызыл Армия – ұлы идеал, үлкен сипат, сымбат иесі... Сын біліктердің талайынын өтіп, асып келеді біздің алып күш. Жау басына ажал соққысын жаныштай соғып, меңдетіп барады... біздің қол... Халықтың ең қадірлі, ең санаулы ұлдарынан жігер барын білетін және өзінің сол еліне анасына қаншалықты сүйікті, ыстық екенін білетін Армия». Қаның қазақ, қызыл жауынгер, ата-бабаның, ер ұланын аттандырып жатып: - «Жарақты жауға кездес!» - деп беретін батасын. «Ұлым елім үшін» деп, «албырт жас майданда ширайды, темір тимей дене шынықпайды, мұз жастанбай жігіт шынықпайды» дейтін.

Міне, халық бойындағы осындай қасиет оның адал ұлдарының майданда, тылда көрсетіп жатқан ерліктері арқылы көрініп жатыр.

Осындай қиын-қыстау, сұрапыл кезде Москваның, оны қорғау жолында өзін құрбан еткен қаһармандардың ерлігіне тоқтамасқа болмайды.

1941 жылы күзде гитлершілер Москваға тақап қалғанда Сәбит Мұқанов: «Москваны қорғау жолында, сын күндерде жалындай соқпаған жүрекке намыс, бұлқынып берік беттемей, бояу басқан бойға намыс. Сын еңбектің үстінде солғын соққан білекке намыс» деп ұран салды да, былай деп кесек ой толғады: «Көп ғасырды көріп өткен алып Москва бар дүниенің орны бөлек орталығы. Жаңа тарихтың нұр күнін құшқан біздің Отан халқы үшін оның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қасиеті өзгеше болса, әлемде алтын арай танды күткен барлық асыл адам қауымына да ол күн туатын ұядай. Бақ қиялдың мекені. Тыныштық күннің өзіне. еңбек тірлік бойында, күн сайын Москваны, ондағы ой жұлдызын көкейіне алмайтын көңіл ар ма еді?... Шекарада сергек ойлы сақшыны ал, түбінде сүңгуір, аспандағы ұшқышты ал, мал шетінде шопанды ал, теңізде балықшыны, қырмандағы қарауыл, мектептегі бөбекті ал, өскелең жас, егде қартты ал, - кімнің жүрегі кімнің санасы Москвадан жырақ еді?» Міне осылай деп сұрақ қояды да, жазушы былай деп жауап қайтарады: «Себебі біреудің білім тәрбиесі, біреудің келер өрісі, еңбектегі сүйеніші, өмірдегі өр талабы – барлығы Москвадан бақ жұлдызын табатын. Біреудің өзі, біреудің аға, иә інісі, аталардың ұл-қызы, тағы біреудің дос серігі, жан тілеулес жақыны – бәрін сол Москва құптайтын... Иә, тебіренерлік теңеу, Москва үшін.

Москва сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз.
Снен аяр жан да жоқ
Барлығы да сен үшін
Саған қауіп төнгенде
Жау таянып келгенде
Қамсыз тыныш жатпаймыз
Алпыс ұлттың адамы
Қол ұстасып үн қосып,
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің жазған өлең шумағынан Москваға деген ерекше құрмет пен ықыластың байқалатыны сөзсіз. «Шегінерге жол жоқ, артымызда Москва!» деп ажалға қасқая қарсы тұрып, ерлік үстінде қаза тапқандар қаншама?!

«Берлин үстінде біздің Қызыл ту желбіреді. «Берлин құлады!» деген бірінші белгіні берген сол ту, Совет елінің Қызыл туы дүние жүзіне өзінің тарихи туы жеңісін басымдап тұр. Бұл кеудені жоғары көтереді, бұл ойыңды аспанға сермейді. Өйткені құлаған тек Берлин ғана емес, бүкіл адам баласының жауының ордасы! Фашизмнің ең биік, ең мығым қорғаны – Рейхстаг алынып, оның төбесіне де Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов жеңіс туын тігіп, кейін ұзамай - ақ адам өміріне жалмауыздай емініп, дүниені түгел оппақшы болған, қанішер қарақшылар тізе бүкті.

Жеңіс үшін аштыққа да, ауыр жұмыстарға да, тіпті өлімге де қарсы тұра білді. Қаншама азапты күндерді басынан кешіріп, бүгінгі көк аспанында ақ көгершіні қалықтаған бейбіт күнді сыйлады. Сол үшін ардагерлерімізге мың да бір алғыс айтып, тағзым етеміз.

Ата-бабаларымыздың арқасында қол жеткізген Ұлы Жеңіс шығармама арқау болды, шабытымды оятты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Оқ бораған кескіліскен қан майдан,
Көрінеді солдаттар ақоптардан әр сайдан.
Бірі өліп, бірі танкі астында
Пенде болса сескенбейме мұндайдан.
Жан түршігер желдей соққан үзілмейтін бір атыс,
Алаңдатқан жан – жақты шаңқылдаған көп дыбыс.
Таңертең оқ-дәрінің оянамыз ісімен
Жалындаған тозақтай қан-қақсатқан сұм соғыс.
Талай жандар жапа шекті-ау қайғыдан,
Қарт аналар айырылды туған ұлынан.
Отанына қайта алмай аман-сау
Қаза болды төнген фашист қолынан,
Бес жыл бойы азаптап жанға маза бермеген,
Соғыс бітті талай жанды қара жерге жерлеген.
Қырық бестің мамыр айы келген де
Қанжылатқан қайғыны қуаныш кеп кернеген.
Толықсыған жүректен естіледі ел үні,
Шаттықтан жадырайды сұм жүзі.

Ұзақ күткен жалбарынып бір Аллаға,
Құтты болсын ағайын жеңіс күні! – деп, шығармамды жүрек жарды
өлеңіммен аяқтағым келіп отыр.

Ата-бабаларымыз сыйлаған тыныш өмірдің тұнығын лайламауға, оның
қадірін түсініп, келер ұрпаққа жеткізу – менің және замандастарымның
парызы.

Гагиев Адам

9-сынып, КММ «№ 103 мектеп-гимназия» Алматы қаласы
Жетекшісі: Батырханова Умит Коктеубаевна

Ерлікпен, елдікпен келген Ұлы Жеңіс!

Ұлы Отан соғысы... Қырық бірінші жылдың жиырма екінші
маусымында таң қылаң бере фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан
шабуыл жасады. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар мен
бойжеткендер елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға
аттанды. Солардың арасында Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова сияқты
өрімдей қазақ қыздары да бар еді. Отанды артқа тастап, ерлермен қатарласып
жүріп жаумен алысты. Әйелмін деп әлсіздік танытпады, жаспын деп соғыс
жалынын жатырқамады. Бар армандары – қалайда жеңіске жету! Талай
зобалаңды бастан өткерді, ерлермен бірге жер бауырлап жүріп су кешті, ну
орманды артқа тастап, басын отқа да салды, суға да батырды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды. 1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды. 1945 жылғы 9 мамыр - Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғысы аяқталды.

Батыр ұл есімдері ақталады
Жыр болып жүректерде сақталады.
Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Осы сөзді естігенде елім, жерім деп болашақтың қамы үшін өз өмірін қиған ата-апаларымыздың Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдинов, Мәлік Ғабдуллин т.б. сол қанды кезеңдегі ерен ерліктерін еске түсіріп, елестететін болсақ, осы күнге жеткізгені үшін мақтаныш тұтамыз. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ.

«Отан үшін, әкем үшін...» деп қан майданға аттанған ержүрек ару қыздардың артында аңыз боп ерлігі қалды. Өзгеде кездесе бермейтін өрлік пен батырлық, қайсарлық пен өжеттілік Әлия мен Мәншүктің ғана жүрегіне тән еді. Себебі олар қазақтың маңдайына жарқырап біткен жарық жұлдыздарының бірі... Олар кешкен аз ғұмыры өте мәнді өтті. Себебі олардың жаны біздерге жеңіс алып берді. Халқы үшін ерен еңбек сіңіріп, әр кезеңде келер ұрпақтың санасынан өшпейтіндей дара жолы бар қазақтың қос қарлығаштай батыр арулары бүгінде тыныш заманның тәуелсіз төрінде ескерткіш болып қана тұр...

1945 жыл 9 мамыр. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күн соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлерді еске алу күні.

Иә, миллиондаған адамның өмірін жалмаған, әрі мерейін үстем еткен соғыс - халық санасынан ұмтылған жоқ. «Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздықпен су ішкен» ауыр сын кезеңде біздің ондаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін, жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты.. Сондай ерлердің бірегейі - найзағайдай жарқылдаған отты ойы бар қаһарлы, сөйлесе де қайырымы мол, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлының есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалды. Бауыржан Момышұлының өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған ерлік мәңгі есімізде. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге күннің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне,
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр, -

деп тебіренген Мұқағали мұңында теңдесіз құндылық, қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатқаны жүректі ауыртады. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жығып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні! Бұл күннің қиыншылығы көп болса да, халқы үшін көрер рахаты бар қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл - Ұлы мереке!

Кейде, шіркін, бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін ұлан-байтақ жерді ата-бабамыз сан ғасырлар бойы қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай қалай аман сақтаған? деп таңданамыз?! Шынында, талай зобалаң кезеңді бастан кешірген қазақ жері «Найзаның ұшымен, білектің күшімен» өзінің жерін сақтап қалған. Біз бақытты ұрпақпыз! Себебі, ата-бабаларымыз қанын төгіп, жанын беріп аңсап кеткен тәуелсіздікке біз қол жеткізіп, ешкімге тәуелді болмай, еркін өмір сүріп келеміз.

Мен үшін, Отан, сертім сол -
Неден де болса тайынбан!
Киелі менің өрісім
Барлығы-дағы сен үшін,

- деген М. Мақатаевтың өлең жолдары осыны дәлелдейді. Әрине, біз, кейінгі ұрпақ, халқымыздың ерлік дәстүрін әрі қарай жалғастырамыз. Аңсап жеткен тәуелсіздігіміз орнықты, аспан түстес көк туымыз бейбітшілік көгінде желбіреп, әнұранымыз асқақтай шырқалуда. Алғашқы жылдардағы аласапыран тірлік қалыпты өмірге ұласты. Халқымыз өтпелі кезеңнен абыройлы өтіп, экономикалық өрлеу жолына түсті. Осы арқылы кейінгіге біз де із қалдыруға тиістіміз. Ол үшін жастықтың жалынымен, бойдағы күш-қуат, ойдағы ұшқынмен Отан-ананың тірегі болуымыз керек. Оның үстіне Н.Ә. Назарбаев айтқандай, ХХІ ғасыр – білім, ғылым, бәсеке ғасыры болмақ. Оған төтеп беру үшін рухтың мықтылығы, ұжданның күштілігі, елге, жерге деген адалдық керек. Әрбір азамат өзін мемлекетінің өткеніне, бүгініне және ертеңіне тікелей қатысын сезініп, Отан тағдыры үшін өзіне жеке жауапкершілік жүктелетінін терең білуі керек деп ойлаймын. Күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтар

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мен қасіреттер, ерлеріміздің ерлігі тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды. Туады ерлер ел үшін, Өлмейді ісі мәңгілік. Өшпейді абзал есімдер, Ұрпаққа жетіп мәңгілік, - деп ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай, батыр ағаларымыздың есімдері, ерліктері жас ұрпақ санасында мәңгілік сақталатынына сенемін. Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз бен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет. Біз - бақытты ұрпақпыз. Осы бақытымызды, шаттық күндерімізді бағалай, құрметтей білуіміз керек. Қасиетті де, киелі елім менің! Сенің кең жазиралы төсінде еліміздің сан ғасырлық шежіресін баяндайтын шынайы да анық, дәлелді тарих жатыр. Әрқайсысының жағдайын ойлап, басын біріктіріп, елімізде тыныштықты, бейбітшілікті сақтап отырған Елбасымыз – Н.Ә. Назарбаев барда біз бақыттымыз, Тәуелсіздіктің бет бұрған жолында еліміздің ұлттық рухани асыл қазынасы, экономикасы, саясаты, мәдениеті дамып, гүлденуде, біз санаулы жылда адам айтқысыз, айтса сенбейтін жетістіктерге жетіп отырмыз. Ең бастысы – тіліміз мемлекеттік мәртебесін алып, ата-бабамыздың рухы бір серпіліп қалды, қасиетті аманатты уыстан шығарып алмай, дер кезінде тұғырына бағыттай, бекіте білдік. Мен Қазақстанда туғанымды ерекше бір сезіммен, шексіз де шетсіз ықыласпен мақтан тұтамын. Тек ол үшін ғана емес, Қазақстан атты құдіретті елім үшін, жаңа ашылып келе жатқан қауызы қас-қағым сәтте әп-әдемі гүл шоғына айналған бақытты өміріміз үшін де мақтанамын. Мен бүгінгі күннің өзінде әлемге «Бұл - менің Қазақстаным!»-деп жар салуға даярмын. Ғасырлар бойғы арман-мақсаты орындалды, ата-баба алдындағы парыз өтелді деуге болады. Тәуелсіз ел ретінде бүкіл әлем халқы таныды. Ғасырдан-ғасырға жібек желі болып жалғасып келе жатқан бабалар аманатын орындап жалғастыру біздің еншімізге тиген ардақты іс екенін жүрегіммен сезініп, мақтан етемін. Жаңа ғасырда тәуелсіздігіміз мәңгілік болып дәуірлей берсін деген ақ тілегімді білдіремін. Халқымның тілеуімен келген тәуелсіздігіміз баянды болғай!

«Тәуелсіздігіміз тұғырлы, еліміз еңселі болғай!»-деп тілей отырып, өзімнің жүрек жарды сөздерімді өлең жолдарымен білдіргім келеді.

Жаңа ғана қазағымның таңы атты,
Алу мақсаты Ел деп алғыс, сауапты.
Әр отбасы, әрбір қазақ, әр адам,
Тәуелсіздік сақтау үшін жауапты!
Мәңгі жаса, менің Қазақстаным!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Дағарбек Айтолды

3 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы

Жетекшісі: Тантаева Қарлығаш

Ұлы отан соғысының 70 жылдығына арналған жыр

Білінбейді уақыт өтіп жатқан,
Қанша соғыс болды екен лағнет атқан.
Қара түнек қоғамда қан төктіріп,
Ал біз үшін арайлап ақ таң атқан.
Қан майданның арқалап ауыр күнін,
Естілген шартарапқа қайғылы үнің.
Сонда да берілмеді жасындай боп,
Жарқырап таңы ағарды қара түннің.
От еді бабаларым ерлік сүйген,
Халқы үшін суды кешіп, отқа күйген.
Арттағы ұрпақтарға үлгі болған,
Бабалар аруағыңа басымды ием.
Тыныштықта орнады көптен күткен,
Болашақты қалады зор үмітпен.
Басын тіккен халқы үшін бабалардай,
Мен ержетем елім деп шын жүректен!
Орындалды арманың, Бабаларым,
Зиялы ел басқарған Ағаларым.
Патшамыз аман болса бейбіт күнде,
Талай қамал алады балаларың!!!

Дүйсебаева Айсана

7 сынып, Ғ.Мұстафин атындағы №191 ЖББМ Алматы қаласы

Жетекші: Байдақбаева Ж.О.

Жүректе мәңгі сақталып қалған қасірет...

9 мамыр – Жеңіс күні. Келесі 2015 жылы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңіске 70 жыл толады. Өмір тоқтаусыз дүние. Кеше ғана, Рейхстагқа ту тіккен қазақ жігіттің бүгінгі ұрпақтары Ұлы жеңістің 70 жылдығын тойламақ.

Мен соғысты көрген жоқпын. Қазіргі кездегі жас ұрпақ секілді, тәуелсіз Қазақстанда, бейбіт өмірде дүниеге келдім. Соғысты тек тарихтан ғана оқып білемін. Сонымен бірге соғысты естеліктерден, әңгімелерден тыңдап, соғыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ардагерлерінің әңгімесінен білемін. Біз, жас ұрпақ, соғысты кинодан ғана көріп, кітаптан оқып білдік.

Соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Сол жылдар жаңғыры адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған, соғысқа қатысқан аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды.

Соғыс – адам басына келген қайғы мұң. 1941 жылы 22 маусымда басталған Ұлы Отан соғысы, адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Соғыста мыңдаған адамдардың өмірі қиылды. Отанын жаудан қорғау үшін көп ұлтты Кеңес Одағы халықтарының ішінде қазақ халқы ерекше ерліктерімен жауға қарсы тұрды. Бірақ бұл ретте, тек қазақ халқы жайлы айтумен шектелу мүмкін емес. Әлем халықтарына қауіп төнген кезде, барлық халық бірігіп, бір ту астында еңбектенген еді. Барлық әлем халқы ерен ерлігі, бізге Жеңіс алып келді.

Жаңғырығы жылдан - жылға алыстап барады... Ол туралы үлкендерден, көнекөз қариялардан естіп жүреміз. Кинолардан, деректі фильмдерден көреміз. Әйтсе де өткенге көз жүгіртпей, болашаққа бағдар жасау мүмкін емес. Яғни, кешегі күнді білмей, болашағынды ойлап, жобалау қиындық туғызады.

Бұл соғыс кезінде әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанып, Отан анасын қорғауға ат салысты. Қаншама қазақстандықтар ұрыс даласында мерт болды. Жеңіс бізге миллиондаған адамдардың төгілген қанымен келді. Бұл әлем халықтары үшін, ауыр тиген зардап болды. Соғыс салған қасірет әрбір жанұяның тарихында із қалдырып кетті. Ұлы Отан соғысы тарихы туралы қаншама шығарма жазылып, қаншама кино түсіріліп жатса да оның тарихына еш уақытта нүкте қою мүмкін емес. Соғыс қандай көлемде өтсе, әр адам, әлем адамының өмірінде, сол кездегі бала-бүлдіршін, қарт-ана, әке жүрегінде алған орны да сол көлемдей болған еді.

Жоғарыда атап өткендей, біздің жерлестеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 500-дей адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің толық иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа Жеңіс туын тіккендердің бірі - қазақ жігіті Рахымжан Қошқарбаев. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Ал танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлын, 28 панфиловшылардың ерлігін білмейтін қазақ

жоқ шығар. Ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың ерліктерін неге ұмытамыз?! Бұлар біздер үшін үлкен мақтаныш! Бірақ, бұл аттардан да бөлек, қаншама қазақ балалары мен қазақ жастары аталмай кетті. Бұл жас қазақ, жас балалар өздерінің істеген әрекеттері үшін еш мойымады, еш уақытта қателік деп санаған жоқ. Бейбіт әлемді, бірлік көгершінін биікте ұстап тұру үшін жанын берді.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Мұны барлық жан мойындар.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын оқиға. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Олармен бірге, осындай тәуелсіз елде өмір сүріп отырған біз де тойлаймыз.

Бірақ бір ойландыратын мәселе болып, неліктен біз қарт ардагерлерімізді тек осы Жеңіс күні, осы 9 мамыр күні еске аламыз? Сондағы ерен ерлігі тек бір күндік мейрам ба? Менің жанымды ойландыратын осы жайт. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Ал олардың мүдделерін, олардың уайым-қайғысына ортақтасар жастар тым аз.

Есімде, алғаш қарт ардагердің үйіне бір шоқ гүл алып, барлық сыныптастарыммен бірге барғанымыз. Көзіне жас алып, есіктен кірмей жатып кәмпитін ұсынған, құрметті ардагер өзіме ыстық көрінді. Жау алдындағы қайраттылық пен соғыстағы төзімділігін баяндаған қария, қазір осы бейбіт өмірде өмір сүріп келе жатқаны үшін алғыс айтты. Бізге емес, өзінің артқы шептегі осы 4 жыл арасында өзімен бірге болған жауынгер достарына алғысын білдіріп, көзіне қайта жас алды. Бұл оқиға менің ойымда емес, жүрегімде мәңгілік жатталып қалды.

Ендігі біздің міндет, осы қарт аталарымыз бен апаларымыз сыйлап кеткен, өз қанын төгіп аман сақтап қалған Отанымызды аялап, көркейту. Бұл үшін жас ұрпақ, әрине, біз білім алып, тарихымызды ұмытпай, елімізді жаңа белестерге жеткізуіміз қажет. «Жас ұрпақтың өз өлкесінің тарихын білуге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұмтылуы – ол елдің тарихын білуге ұмтылғандығы». Осыдан бастап, Отанның кішкентай азаматының қалыптасуы басталады емес пе?

Анамның әкесі, нағашы атам соғыс ардагері, соғыстан оралып келді. Өзіме қызық, анама таңсық менің мұндай қызығушылығымды басар, әттең атам қазір жоқ. Мен туылғанға дейін атам о дүниелік болып кетті. Атам жанымда болғанда, қаншама қызық та қиын күндері жайлы әңгімелерін айтпас па деген жүрек назым бар.

Қан мен тер, қиылған өмір арқылы келген бостандық – тарихи шындық. Бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған ерлеріміз ешқашан да, еш уақытта естен кетпейді, ұмытылмайды. Біздер соғыстың, оның сұмдықтарының, сол кезде біздің өміріміз үшін жанын қиған ардагерлерімізді ұмытуға қақымыз жоқ. Барлығын есте сақтауға міндеттіміз. Аспанымызды бұлт торламасын, ұйқымыз бұзылмасын, ата – анамыз әрқашан қасымызда болсын! - деп тілеймін.

Еркінқызы Назерке

4 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мақпал Сембай

Әрқашан күн сөнбесін!

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына, мінеки, 70 жыл толды! Яғни, біз 70 жыл бойы бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Ұлы Отан соғысына қатысқан ержүрек те, батыл аталарымыз бен апаларымыз: Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Талғат Бигелдинов, Төлеген Тоқтар біздің жерімізді, елімізді басқыншы жаудан қорғап қалған. Осы Алматының көптеген саябақтарында, көшелерінде олардың ескерткіштері қойылған. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қаншама жанның өмірін қиды, қаншама отбасы ер жігіттерінен айырылып, қара жамылды. Сол соғыс қаншама бүлдіршінді жетім қалдырды. Елді жоқшылық, аштық жайлады. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін тынбай еңбектенді. Олар майдандағы солдаттарды өз қамқорлығына алды. Соғыс адамзат баласын біріктірді. Олар бейбіт өмір үшін қасық қаны қалғанша күресті.

Менің үлкен атам – Құрмансейіт соғыс басталғанда ер азаматтармен бірге соғысқа аттанған екен. Соғыс біткен жылы жапондарға қарсы соғысқа кетіп бара жатқанын ауылдас досы көрген екен. Сол соғыстан менің ержүрек атам қайтпады. Ол кісінің соғыстан кейін тірі қалғаны-қалмағаны белгісіз. Ол туралы хабарсызбыз.

Менің дәл бүгінгі күндей бақытты өмір сүруіме өз үлесін қосқан атамды мақтан етемін! Ол да баты! Өйткені, 70 жыл бойына тыныш, бейбіт заманда өмір сүрудеміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бүгінде соғысқа қатысқан ардагерлер азайып бара жатыр. Соғыс туралы әңгімелер ертегі сияқты. Көп қасірет әкелген соғыс енді қайталанбаса екен деп тілейміз.

9 мамыр – жеңіс күні ерлердің ерлігіне тағзым етеміз, ортамыздағы ардагерлерге құрмет көрсетеміз.

Әр баланың жүрегі
«Әрқашан күн сөнбесін!
Аспаннан бұлт төнбесін!
Қасымда болсын Анам!
Болайын мен де аман!» - деп әндетеді.

Есенбекова Айдана

8 сынып оқушысы

Әл-Фараби атындағы №145 жалпы білім беретін мектеп Алматы қаласы

Соғыс – адамзат үшін ең үрейлі, қорқынышты сөз. Өйткені, бұл атау адамды қырып-жоюға бағышталған. Қашанда, анасын баласынан, баласын әкесінен, жарын сүйгенінен айырып келген қанды қырғын. Алайда, қолында әлемді еңсерер билігі бар, қару-күші бар жаһанды жалпағынан басып үйренген елдер, өткен тарихта да, бүгінгі таңда да, еңсесін толық көтермеген, әлсіреген мемлекеттерге шабуылдап, біздей адамдары өз туыс-достарынан мәңгіге ажыратуда. Талай рет байлық, үстемдік суша аққан. Қарапайым халыққа қасірет туғызған, қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңбек емес.

Әрбір халық үшін қырғыннан асқан кесепат жоқ. «Соғыс» – ауыз сөз және қорқынышты?! Тек ойланып көрші, әр минут, секунд сайын өз жақын-достарыңның аман-саулығын ойлап, өз өміріңді сақтап қалу шарт қой. Бірақ соғыстың заңы мүлде олай емес. Жүзден бірі боп үйіңе, отбасыңа қайтуың мүмкін, бүкіл денең бүтін болатынына да ешкім кепілдеме бермейді. Ұстап тұрған – Отан, намыс, ұрпақ, болашақ. Бұндай соғысты әр мемлекет басынан кешкен. Біздің Қазақстан үшін де, талай азамат соңғы тамшы қанына дейін күрескен. Қазақ халқы үшін ең кезеңнің бірі – Ұлы Отан соғысы, екінші дүниежүзілік соғыс.

Гитлерлік Германия тұтқиылдан шабуыл жасады. 1941 жылға шейін он жылдың ішінде Польша, Жапония, Монғолия және басқа шекараларға жетіп өтті. Фашистер шапқыншылығы Азияны, Еуразияның орталығын дауылдай шарлады. Онысы жетпегендей, кейбіреулерді қорлап, жағып өлтірді. Бұның басында тұрған Адольф Гитлер. Бірақ, менің ойымша, бұндай майданда, қантөгісте бір адамды кінәлау қателікке жатады. Бүкіл Германияны да айыптауға болмайды. Оны шешетін сот болмағанымыздан, мәселеге қайтарлық. Германияның Фюрері – Гитлер өте ақылды айлакер болғанында

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күмән жоқ. Өз ақылын дұрыс жолға салмаған сияқты. Ол жастайынан өзін нацистік тұлға етіп тәрбиелегені туралы «Менің өмірім» («Mein Kampf») еңбегіне жазады. Адам ретінде Адольф тасжүрек еді. Аңыз адам, жауыз адам ретінде халық есінде қалған.

Соғыс кезінде Германияның ішкі жағдайы да нашар еді. Фюрер, үкімет басқа елдің кітабын оқуға, қолдауға рұқсат бермеді. Тіпті, басқа ұлттың адамдарын аяғандарды да өзге елдерге көшірді. Сол адамның ұрпақтарын әскер құрамына кіргізбеді. Өз елін сатқандар деп есептеді. Немістердің өздері Гитлерді қолдайтындар және оның дуниетанымына қарсылар деп бөлініп кетті. Бұл қырғынға қарсы қарапайым халықтың сөз еркіндігі болған жоқ. Олар барлығымен бірге соғысты қолдауға мәжбүр болды.

Бұл уақытта фашистерден Отанын қорғау үшін Қазақстаннан 2 миллионға жуық түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды. Солардың ішінде болған біздің ардагер атамыз Асанов Орынбасар былай дейді :

Жүргенімде қуанышпен қамданып,
Күрек-жарақ заттарымды қолға алып,
Жиырма екінші саратында қырық бірдің
Батыстан дауыл соқты долданып.
Осы хабар уақытында алынды,
«Соғысқа!» - деп сонда дабыл қағылды,
Қуанышты жас жүректі суытып,
Баса қалды лапылдаған жалынды.
Отаныма берген бір-ақ антым бар,
Деді бізге: «Ал, соғысқа тартыңдар!
Ұлы Отанды қорғаңыздар, аянбай,
Арттарыңда саған сенген халқың бар!»

Шынында да, елі үшін, Отаны үшін жанын аямаған қаншама батыр аға мен апаларымыз бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Солардың арқасында, Аллахтың қалауымен жеңіске жетіп, тыныш өмір сүрудеміз. Өткен күндерге үңіліп, сол соғыс жылдарының парақтарына көз жүгіртсек, «Брест камалын қорғау», «Ленинградты қорғау», «Москва үшін шайқас», «Сталинград үшін шайқас», «Днепр үшін шайқас», «Берлин операциясы» сияқты атаулы шайқастарды еске түсіреміз. Осы қырғындарда бүгінгі күн, жеңіс үшін қаншама боздақтар қыршынынан қиылды. Олардың ішінде әртүрлі ұлт өкілдері болды. Олар жас еді, олардың да армандары мен мақсаттары бар еді. Бірақ сұм соғыс өмір сүруге құштар, жүрегінде оты бар осындай асыл жандардың өмірін қиды. Олар бүгінгі біздің бейбіт өміріміз үшін жанын қиғанын ешқашан ұмытпауымыз керек. Соғыс ешқашан жақсылық әкелмеген.

Соғыстың құны – кесілген білек.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғыстың құны – тесілген жүрек.
Соғыстың құны – лаулаған орман.
Соғыстың құны – уланған арман.
Соғыстың құны – өртенген аспан.
Соғыстың құны – төгілген жас қан.

Мен соғыс деген сөздің өзінен шошынамын. Одан бүкіл адамзат қорықса деймін. «Соғыстың болуына жол берілмесе екен» деп соғады менің бала жүрегім.

Міне, соғыс аяқталып, Ұлы Жеңіске жеткенімізге 70 жыл толмақ. Жеңіс үшін шайқасқан қаһарман аға, ата, апаларымыздың алдында бас иемін. Мен бейбітшілікті қалаймын. Күллі баланың да тілегі осы деп ойлаймын. Жер бетінде тыныштық пен бірлік орнасын!

Жанатұлы Бекзат

Алматы қаласы,
« I.Жансүгіров атындағы
№130 гимназия» КММ
1"а" сынып

Бейбіт болсын еліміз!

Ұлы Отан Соғысы 1941 жылы басталды. Менің атам 18 жаста болған. Ол Отанды, жерді, елді қорғаймын деп Ұлы Отан Соғысына қатысқан. Атам соғыста ерлігін көрсетіп көптеген марапат алған. Мен атамды мақтан тұтамын. Орысбай ата секілді батырлардың арқасында біздің аспанымыз ашық, заманымыз тыныш, еліміз, жеріміз аман!

Осындай бейбіт елде өмір сүріп отырған біздер бақыттымыз. Білім алып, өнерлі болуға да зор мүмкіндіктеріміз бар. Ата-баба сенімін ақтап, болашақта елімнің ертеңін ойлайтын азамат болып өссем деймін.

Жаукебаев Бек-Мұхаммед

10- сынып, М. Базарбаев атындағы № 138 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мукишева М.Қ.

Ұлы Отан соғысы

Жауынгерді айналдырып құрышқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тайсалмастан кірген талай ұрысқа
Ұрпағына үлгі болған ғұмырын
Ұқсатамын жарқылдаған қылышқа
Айбатыр Сәйтак

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,
Қариялар азайып бара жатыр
Бірі мініп келместің кемесіне
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,-

деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластың сезімдері мөлдіреп тұр.

Иә, қариялар азайып бара жатқаны, әсіресе Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып бара жатқаны рас емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы қанша ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуанып болған күн. Сондықтан да бұл ұлы – мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы!

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңкеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, «бірлік». Қаншама халық бір тудың астында бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс – он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Москва, сенің іргенді
Ел, ер болып сақтаймыз
Сенен аяр жан да жоқ,
Барлығы да сен үшін, -

деп жазған Нұрпейіс Байғаниннің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады.

Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбегіндегі шайқаста. Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктерін көрсетті.

Жаукебаев Құлбек атамды соғысқа алып кеткенде оны артиллерия взводуна ауыстырған екен, 1943 жылы тамаққа үзіліс болғанда, 5 адамнан тұратын отрядына немістер бомба тастаған болатын... Үш адам бірден қайтыс болды, бірақ атамды және қасындағы жолдасын топырақ басып аман қалды. Үш ай емханада жатқан. Денесі қозғалмай. Көздері көрмей қалды, Бірақ бірнеше айдан кейін көздері көре бастап, аяқ-қолдары қозғала бастады. Толық жазылғаннан соң аэродром стройтельдеріне жазып тастаған еді. Солай ол Чехияға дейін барды. Ұлы Отан соғысы 9 мамырда да бітсе де, атама жеңіс туралы хабар 11 мамырда жеткен болатын. Отанына қайтпас бұрын оны Украинаның бір округіне басшы етіп жіберген Украинада 9 ай жүрді. Қазақстанға қайтуға повестка алғанда, бірнеше топ адамдары оны қалса басшы болып қалады деп сұраған еді, бірақ Отанын сүйген және сағынған ол бұл келісімнен бастартқан еді.

Екінші нағашы атама келер болсақ, аты-жөні Мамырбаев Қами болған, соғыстың басынан бастап ерлік көрсеткен болатын. Берлинге дейін жеткен, тазысына оқ тиген ер адам болған. Ту тіккендердің арасында жүрді. 2 рет Ленин орденін, Қызыл ту ордендері сияқты, тағы басқа 15 медалі бар. Соғыстан кейін ауылға келіп мал бағып шопан ата болған. Өз ауылына келіп адал еңбек сіңірген үшін еңбек орденімен марапатталған. Ұлы Отан соғысқа қатысып ерлік көрсеткен,, өз Қарабұлақ ауылына яғни бебіт өмірдегі (соғыстан кейінгі ауыр кезеңде) адал еңбек сіңірген үшін сол ауылдағы бір көшесінің атын берді. Қами көшесі деп ол әлі күнге дейін сақталған еді.

Жүнісбай Нүрәділ

8 сынып, М. Базарбаев атындағы № 138 гимназия Алматы қаласы
Жетекші: Мукишева М.Қ.

Ұлы отан соғысына-70 жыл

Соғыс...Ол халықты қан қақсатып жылатқан жанға жайсыз суық сөз..Бұл соғыс әжелеріміздің бауыр еті балаларын, аналарымыз жарларын, ұл-қыздарын соғысқа аттандырып, қайта оралмастың кемесімен шығарып салғанын біліп «ah» ұрған алапат...!

Бұл соғыс әр үйге, әр жанұяның өміріне жазылмас жара қалдырған қасірет!

...1941 жылдың 22 маусымында Гитлер бастаған фашистері КСРО жеріне

бас сұға бастады. Сол кезде КСРО 15 одақтас ел болатын. Әр ұлттан үрімдей жастардан бастап, ел ағасындай ер жігіттерді соғысқа аттанып жатты..

Майданда барлық ынта-жігерімен жеңіс әкелуге тырысқан (қазақтан шыққан) батырлар да аз болмаған. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Мәншүк Маметова, Әлия Молдағұловалар, егер талдап айтатын болсақ, мақтануға тұрарлық..

Жаужүрек батыр, даңқты қолбасшы, қарымды қаламгер, қайсар тұлғалы, төрткүл дүниеге танымал болған Бауыржан атамыз жөнінде тоқталсам: (Бауыржан Момышұлы өзінің парасаттылығымен, ақылдылығымен, сабырлығымен батальон командирі болған. 24 желтоқсанда 1910 жылы Жуалы ауданы, Жамбыл облысында туылған.) Халық есіндегі Матрона деревнясының жанында Волоколам тасжолында ұрыс жүргізіп, 3 күн бойы фашисттер шабуылын тойтарып, үлкен шығынсыз қоршаудан шыққан. Қазір мен М. Шахановтың және Ш. Айтматовтың "Құз басындағы аңшының зары" атты кітабын оқып жатырмын, сол кітапта бір қызық әңгіме бар, соны айтайын

- Бір күні саудагерлер Бауыржан Момышұлының көлігін сатады деп естіпті. Сөйтіп екі саудагер үйіне барыпты.

Бауыржан Момышұлы ертеңгі шайын қанып ішіп, газет оқып отырыпты. Екі саудагер есік қағып ішке еніпті. Салт-дәстүрді қатаң ұстаған қонақжай Бауыржан Момышұлы танымаса да, екеуін төрге отырғызып:

- Әй, әйел, қазан көтер, - деп, ас үй жаққа дауыстайды.

Екі саудагер негізгі шаруаларын айтпақ боп, қозғалақтай бастағанда, батыр:

- Тоқтандар! - депті.

- Бұйырған асты жеп боп айтыңдар! деген екен.

Ішіп болып, темекісін езуіне апарып, - рұқсат, - депті

- Сізді машинасын сатады деп естідік... Мінбейтін көрінесіз... Сатсаңыз, біз алар едік, - деп кібіртіктеп әңгімесін бастайды.

Табиғатында сатуды өзіне ар санайтын мәрт адам қаны басына шапшып, мұрты тікірейіп, орнынан атып тұрып, суырмасынан пистолетін суырып алып:

- Встать! - деп ақырады. Қос саудагер діріл қағып, ұшып тұрады.

- Ложись! - деп бұйырады қайтадан.

Жан тәтті емес пе, қолында пистолетін ойнатқан, 40-50 рет жатып тұрған әлгілер, қара терге түседі..

Кругом! - дейді, құшыры қанған батыр. - Марш!, деп көлікті сендерге сатқанша, өртегенім артық! - депті, Дәл осы жерде Бауыржан атамыздың тек батыр емес, намысты, ірінің адамы екенін танымын. Бала Бауыржаннан батыр Бауыржанға қалай айналғанын мектеп кешінде жеткізе білдік. Қазіргі Бауыржан ауылында (бұрынғы Бурный) 7 генералдың дүниеге келуі таңғажайып нәрсе ғой.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұлова 1924 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Бұлақ ауылында дүниеге келген. Әлияның шын есімі Ілия, ал майдандастары "Лия" деп атаған. Әкесі Нұрмұхамед, анасы Маржан болған. 1943 жылы 11 жасында анасынан айырылған. Кейіннен Алматыға ағасының үйінде тұрған.

1943 жылы Снайперлер мектебін аяқтап, өз еркімен соғысқа аттанады. Жау әскерінің 30 аса сарбаздар мен офицерлердің көзін жойған.

1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты. 1944 жылы 4 маусымда Кеңес одағы батыры атағы берілді және Ленин орденімен марапатталды.

Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметова (шын есімі Мәнсия) - 1922 жылы Орал облысы, Орда ауданында дүниеге келген. 1941 жылы Мәншүк Алматы медициналық институтында оқып жүрді.

1942 жылы тамыз айында өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-ші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты және Мәншүк пулеметші, аға сержант болған. Мергендігімен көзге түскен. Невель қаласы үшін шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты.

Талғат Жақыпбекұлы Бигелдинов 1922 жылы 5 тамыз айында, Ақмола облысы, Ақмола ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген. 1942 жылы майданға аттанады. Ол жерде авиация генерал-майоры болып, Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Кеңес одағының екі мәрте батыры, "Барыс" орденінің иегері. Талғаттың мінген ұшағын "Қара ажал" деп атаған. Талғат Бигелдиновке көптеген шығармалар жазған. Олар С. Бақберген "Талғат" (1950 жылы), "Талғат Бигелдинов" (1965 жылы), "Отан үшін от кешкен" (1985 жылы) т.б. көптеген шығармалар жазылған. Дәл сол кезде қаламын қаруға айналдырған ақын-жазушылар қаншама!

.Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы өлең жазды.

Ленинградтық өренім,
Мақтанышым сен едің.
Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.

ешкен" (1985 жылы) т.б. көптеген шығармалар жазылған.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына, мінекей, 70 – жыл !. Соғыс бітті, біз ұттық дегенде қуаныштың шегі болмаған шығар. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың, жантүршігерілік соғыстың қайталанбауын тілейміз! Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес! . Барды жоқ ететін, тауды жер ететін де сұм соғыс қайталанбасын!

Бейбіт өмірдің кілтін нық ұстап отырған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Алғысымыз шексіз!

Жылқыбек Ақан

5 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы

Жетекшісі: Мақпал Сембай

Отанын қорғау – әрбір азаматтың борышы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтті. Бұл соғыс кездегі халқымыздың ержүректілігі мен төзімділіктерін білдіретін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді сол соғыста қайсарлықпен шайқас жүргізген, ерлік көрсеткен ардагерлер және осы бейбіт күннің тұрғындары тойлайды. Бұл мейрамды – өздерінің әкелері, ерлерін, ұлдарын күткен біздің аяулы апаларымыз бен әжелеріміз тойлайды. Ұлы Жеңіс күнді елі, жері үшін жанын берген, еліне оралмай қалған батыр ерлеріміз бен қыздарымызды бүкіл халқымыз болып еске түсіреді.

Бұл соғыс елімізге төнген ең қиын күндердің бірі болды. Төрт жыл бойы күнімен, түнімен өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақтары – мына біздер үшін аталарымыз қанша күш жұмсады?! Олар өз өмірлерін қиып, бүгінгі таңдағы азат, тәуелсіз елімізге қол жеткізді.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда өзін құрбан ететін жауынгер халық болған. Қазақстандықтар Отанын қорғауға майданға аттанды. Осы соғыста жаңбырша жаудырған оқ пен бомбаның арасында батырларымыздың нәзік жүректері тасқа айналып, ажал құшты. Ұлы Отан соғысы жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне, еліне және халқына деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бес жүзден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ «Кеңес Одағының Батыры» атағын алды.

Бұл соғыста: «Қазақ үшін мені өлтір, бірақ қазақ деген ел сақталсын» - деп, қазақ елі үшін, халқы үшін өзін құрбан еткен жандар өте көп болды. Бұл сұрапыл соғыста біздің ата-әжелеріміз ердікпен қаза болды. Ұлы Отан соғысында Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигельдин сияқты көптеген батыр аталарымыз бен Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметовадай апаларымыз, сонымен қатар, көптеген аға-әпкелеріміз елін, жерін, туған-туысын, бауырлары мен балаларын қорғап, өз жандарын өлімге қиып, батырлықпен, асқан ерлікпен қазақ тапқан. Соғыс аяқталған соң, оларға «Халық Қаһарманы» атағы берілді.

Бүгінгі таңда біздің міндетіміз – Отанымызды сүйіп, еліміз бен жеріміздің адал патриоттары болып өсу. Осындай батыр да, батыл, жігерлі де, қайратты, ержүрек ардагерлеріміздің болашақ ұрпақтары, яғни, мына біздерге табыстаған тәуелсіз елімізді, туған жерімізді қорғау және құрметтеу біздің борышымыз деп білем. Сондықтан да, болашақта адал, тәртіпті де, тәрбиелі азаматтар болып өсуіміз керек. ардагерлер аталарымыз бен апаларымыздан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

үлгі алып, еліміз, жерімізге деген сүйіспешілігімізді арттыруымыз керек. Туған жерін, туған елін, Отанын қорғау – әрбір азаматтың борышы деп білейік, құрметті достар!

Искаков Кәрім

10 Алматы қаласы,

Әл-Фараби атындағы №145 ЖББ мектеп

сынып оқушысы

Жетекшісі: Тлеболдинова Нұрайса Ысқақызы

Қазақтың батыр ұлы

Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы атамыз туралы жазғанды жөн көрдім. Қазақ халқының батыл да, батыр ұлына деген құрмет менің оқушылық парызым деп білемін.

Бауыржан Момышұлы бізге, ХХІ ғасырдың азаматтарына патриоттық тәрбие беруде көп еңбектер жазды. Оны тарих беттерінен оқып таныстық. Мектеп қабырғасында Бауыржан Момышұлының 100 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен Зейнеп апаймен болған кездесу кеші маған үлкен ой салды. Біз кішкентай болсақ та атаға деген құрметтің кереметін келіні Зейнеп апайдың өз аузынан естіп, Бауыржан атамен кездескендей әсер алдық. Әсіресе ел аузында «Бауыржан нақылдары» атанған ой-түйгендері-құнды тәрбие көзі екені белгілі. Атап айтатын болсақ: «Біз қазақтар, Отанның басына қиын жағдай түскен кезде, Мәскеудің түбіндегі шайқаста «Біз қазақпыз!» дегенді жанымызбен де, қанымызбен де, арымызбен де айта білдік. «Біз қазақпыз!» дегенді біз ұялмастан, қызармастан бүкіл дүние жүзіне айта алдық. Бұған куә-тарих, халық. Бұған куә-түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмеген еңбегіміз. Бұған куә-өлген, жарақаттанған, аяғымен келіп, мүгедек болып таяғымен қайтқан фашистер. Бұған куә-достарымыз бен дұшпандарымыз!», -дейді Бауыржан атамыз. Оның өмір жолы мен шығармалары бізге патриоттық тәрбие береді, өмірде кездесетін қиыншылықтарға мойымай, тайсалмай қарсы тұра алатын батыл болып өсуімізге үлгі көрсетеді. Керемет, таңғажайып құбылыс. Кереметтігінің өзі қайсарлықтың белгісі, рухының биіктігіне оқушылардың барлығы күә болды. Зейнеп апайдың естеліктері сол кезде балалық қиялыма қанат бергендей болып еді. Менде өскенде сіз сияқты қайсар болып өсемін, сіздің ерлік жолыңызды өзіме үлгі тұтамын деп серт беріп едім және де қазақтың ұл -қыздары сіз сияқты болса екен деймін. Нағыз азамат болып өсу үшін, Бауыржан атадай елін сүйген ержүрек қайсар болып өсу керек. Бақытты болашақ, тәуелсіз ел сіздің аңсаған арманыңыз. Бүгін сіздің арманыңыз-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұлттың, тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі-халықтың бақ жұлдызы жарқырап жанған күн.

Сіздің тағлымыңызды зер сала оқып-үйрену бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде.

Қазір Алматы қаласында Бауыржан Момышұлы атында әскери мектеп - интернат бар. Мектеп-интернат шәкірттері Қазақстанның Қарулы күштерінің ертеңгі тізгінқағары, өзіңіздей еліне шынайы берілген, кез-келген уақытта қолына қару алып, кең-байтақ елін қорғауға әзір. Сонымен қатар сіздің атыңызда Алматы қаласының, Самал ықшам ауданында №131 лицей бар. Жылда Бауыржан оқулары осы мектептің қабырғасында өтеді.

«Тарихтың түкпіріне сөз келгенде», - деп өзіңіз айтқандай, 1990 жылы кеш те болса, сізге «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді. «Бауыржан жұлдызды болған күн - қазақтың жұлдызы жанған күн» деп Елбасымыз сіздің халықпен бірге екеніңізді толғана, тебірене айтты.

Ұрпақтарыңыз Отанына деген сүйіспеншілікті, шыншылдықты, әділдікті, шыдамдылықты, төзімділікті, батылдықты, қаһармандықты, тілін, дінін сүюді күнделікті сіздің тұлғаңызға қарап үйренеді. Отаным дейтін, намысты ту қылып ұстаған, Отанына шын берілген қазақтың ұлтжанды ұрпақтары барда сіз мәңгі жасай бересіз. Сіздің әрбір сөзіңіз, өсиетіңіз әрбір қазақтың ұл-қызына рух береді. Намысын, жігерін қайрайды. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында, топырағыңыз торқа болсын батыр ата демекпін. Сіз біздің қатарымыздасыз. Аты аңызға айналған батыр ата қазақ болғанын мақтан тұтамын.

Керімбаев Әли

7сынып, мектеп-гимназия № 78 Алматы қаласы
Жетекші: Жұмашева Бақыт Әбдіғалиқызы

Мен жауынгердің ұрпағымын

Жойылсын сол бір сөз соғыс деген...

Менің әжем бар. Жасы сексенді алқымдап қалды. Өзі әлі тың. Әжемнің сөзі де, әңгімесі де өте тартымды. Өмірден көргені көп әжемнің әңгімесі әрі қызық, әрі сан қырлы. Әжем кейде өлең де құрастырады. Ақындардың өлеңдерін жатқа да айтады.

Біздің балалық шағымыз өмірдің қиын кезеңдерімен тұспа-тұс келді, - деп бастады әжем әңгімесін. Әсіресе көбелек қуып, шалғынға аунап, қызығына тоймайтын балалық кезін күрсіне есіне алып, өткен күндеріне саяхат жасауға кірісті.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

1941 жылы Кеңес өкіметіне фашистік Германия соғыс ашты. Ауылдағы бас көтерер ер азаматтар соғысқа аттанды. Әр үйде шиеттей бала-шаға, кемпір-шал, әйелдер қалды. Ел басына ауыр күн туды. Дала жұмыстарын әйелдер атқарды. Олар таңның атысы, күннің батысына дейін егін орды, масақ жинады, шөп шапты, мал азығын дайындады. Олар ұйықтамайтын, тек көз ілетін еді. Сөйте жүріп, соғыстағы жауынгерлерге қолғап, шұлық тоқитын, киім тігетін. Бұғанасы қатпаған балалар аналарымызбен бірге ерте тұрдық, бірге жүріп ауырлықты бірге көтердік. Ойынды ойламадық, анамыздың жанарына карап өстік. Сөйтіп, біздер: «Әкелерді соғысқа аттандырып, аналардың көз жасын еміп өскен»-ұрпақ болдық. Әжемнің әңгімесі мені жетелей берді.

Адамдар бәріне мұқтаж болды, -деп жалғастырды әжем әңгімесін. Киім, тамақ әр отбасына жете бермейтін. Бірақ адамдар өте тату тұрды. Әр ұлт өкілдері де бірге тұрып, ауыртпалықты бірге көтерді.

Соғыстың ең ауыр кезеңінде ел ішіне поляктар, шешен, ингуштар, туған жерінен аударылған болгарлар, қалмақтар келе бастады. Олар біздің жерге аш-жалаңаш келді. Дүние-мүлік, киімдері, күн көріс қаражаттары да жоқ еді. Соғыстың салдарынан елге жетім қалған басқа ұлт балалары әкелінді. Оларды қазақтар бауырына басып, өсірді.

Жеріміздің кеңдігі, жүрегіміздің жұмсақтығының арқасында олар көп ұзамай-ақ елге сіңіп, тіршілік етуге кірісті. Қазақ жері осылардың бәріне пана болды.

Дүниені қызыл отқа ораған соғыс әр үйге айтып болмас құрбандық пен қайғы әкелді. Әжемнің кірпігі шыланып, жанарына жас толып, біраз дем алды да әңгімесін жалғастырды. Талай шаңыраққа қара қағаз келді. Әр отбасы бір, екі, тіпті одан да көп адамдарынан айрылды. Осындай алапат, миллиондаған адамның жанын жалмаған соғыс 1945 жылы 9 мамырда жеңіспен аяқталды. Кеңес Одағы жеңіске жетті. Мамыражай бейбіт заман туды. Ел еңсесін көтерді. Содан бері 70 жыл уақыт болды.

Әжем сәл ойланып, тыныс алды. «Ия, балам», - деді әжем. Қандай соғыс болса да, мейлі ол жеңіспен-ақ аяқталсын, бірақ, бәрібір соғыс- уайым, қайғы екенін ұмытпа. Ол қандай қайғы, қандай уайым?- дейсің ғой. Өйткені соғыс ананы баласынан айырды, бала жетім, әкесіз өсті, әйел жесір қалды. Өмірдің бар қызығын, тыныштығын бұзды. Балалар бал татыған балалық шағының дәмін тата алмады.

Соғыс құрысын!
Тек қана сонда ма ерлік!
Ерлік, айналам толған Ерлік
Алтын Орақ, сом Балға қолда берік,
Алтын дән мен болатты созған өріп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

- деп, Мұқағали атаң жырлаған ғой. Біздің кең байтақ, Мәңгілік туған Отанымыз, байлығы әлемге әйгілі Жер анамыз, жүрегі жұмсақ, пейілі дарқан еліміз соғыстан аман болсын, балам!

Елбасымыз туған елінің туын желбіретіп, әлемге танытты, төрткүл дүниенің есігін ашты. Абай атаң:

Сен де бір кірпіш дүниеге,

Кетігін тап та бар қалан,- демеді ме?

Ия, әжемнің жүріп өткен жолы, өмірдің бел-белестері менің көз алдымнан өтіп жатыр. Біздің қазіргі балалық шағымыз бен қызықты күндерімізге, шаттыққа толы өмірімізге тіпті ұқсамайды.

Қазақстан-бүгін міне, достықтың туын тіккен жер! Мәуелі бақтай жемісін шашты көп ұлттар, бір кісідей мандай терін төккен жер!

Бүгін міне, еңбек пенен ерлікке, байлық пенен ырысқа, әсем ән мен күйге толы, жырға толы, сырға толы менің байтақ мекенім! Бірлікке білек қосылып, жүрекке жүрек тіл қатты, ағайынды адамдай, ұғасқан көңіл тым қатты!

Қазақстан-бүгін міне, жеке отау салтанаты жарасқан! Бір отбасы, бір туысқан бір-біріне қарасқан! Тәуелсіздік асқарынан барласаң, бір шынардың бұтағындай, күн нұрына таласқан!

Мыңжылдықтар мен ғасырлар тоғысында біз артта қалған ғасырларға көз жіберіп, алдарына зор мақсат қоя білген, оны іске асырып қаһармандық танытқан, сол жолда тар жол тайғақ кешуден өткен ата-бабаларымыздың іс-қимылына баға беру мәртебесіне ие болдық.

Ұзақ жылдар бойы жолында қан да, жас та, тер де төгілген тәуелсіздік-біздің халқымыз үшін аса қымбат. Себебі тәуелсіздік ата-баба рухын көтерді, сөнген мемлекетіміздің отын маздатты, елімізді қатарға қосып, әлемдік қауымға ендірді.

Аз ғана уақыттың ішінде елімізді, халқымызды шар-тарап танып үлгерді. Бірде жүгіріп, бірде жығылып жүрген қазақ елі енді еңсесі биік, көңілі көтеріңкі, қадамы мығым, «Менің тірегім-байтақ Қазақстан» деп маң-маң басатын болды. Еліміз замана ағысына қосылды.

Мен өзімнің туған елімді, жерімді мақтан етемін! Ұлы Отан соғысында бейбіт өмір үшін ерлікпен қаза тапқан Әлия, Мәншүк апаларымыздың, ата-бабаларымыздың рухына басымды иіп, тағзым етемін!

Мен де өз Отанымды қорғауға, оның көркеюіне өз үлесімді қосуға әрқашанда дайынмын!

Алдымда толған мақсат, толған арман. Арман қуып, биік мақсатыма жету үшін заманым тыныш, бейбіт өмір болса екен. Әжемнің әңгімесінен бар түйгенім де осы болды.

Қалибек Венера

Алматы қаласы С.Байжанов атындағы
№162 мектеп-гимназияның 8-сынып оқушысы
Жетекші: Бектұрғанова Г.А.

Ер есімі-ел есінде

-Жоқ, жолдас, біз соғысты көргенбіз,
Аты солдат болмағанмен,
Солдарттардан кем бе біз!
Қызыл аяқ партизандар
Қырдан масақ тергенбіз,
Қалтамызды қағып тұрып
Қан майданға бергенбіз!...
М.Мақатаев

28 Панфиловшылар паркіндегі «Мәңгілік алау» ескерткішін көрсем, Мұқағалидың «Балғын ұрпақ, сенің болашағыңды.

Біле-білсең, мына біздер сақтаған», - деген жыр жолдары еріксіз есіме оралады. «Шегінерге жол жоқ» деп, жауға кеудесін тоса, қасқая қарап тұрған жауынгерлер, расымен де, осылай деп тұр...

Ана абдырап, әйел аңырап, бала жамырап қалған қасиетсіз сол жылдардың көзбен көрмесем де, тыныштықта, егемен елде туылсам да, қасіретін сезінем. Соғыс тақырыбында оқыған шығармаларым мен көрген киноларым, балалықтың базарынан ерте айрылған аталардың әңгімесі-

Соғыс деген қайдан шықты
Авторы кім алғашқы ?
Есіл адам есі кетіп
Оған несін жармасты ?
Бүкіл адам тарихының

Бетін неге қан басты ? – деп ақын Мұқағали жырлағандай, менің де жұдырықтай жүрегіме сан сауалдың салмағын салғаны-ақиқат. Бұл сұрақтың жауабын дөп басып айтып бере алмаспын, бірақ қанмен жазылған тарихқа ой жүгіртсем, бір шығарма емес, том-том кітап жазуға болатын шығар?!

Балалығы соғыстың құрбаны болған, жақыны жат топырақ жастанған, буыны бекіп, бұғанасы катпай-ақ еңбекке араласқан аталардың әңгімесі не үшін айтылары да белгілі. Келер ұрпаққа өнеге болсын, - дейді. Бейбіт өмірдің қадірін ұқсын, - дейді. Абай айтпақшы:

...Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,

Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

Расымен де,қазақ киносының патшасы Асанәлі Әшімов қиямет соғыстың қасіретін санама сыналай сіңіреді. «Төрт жасымда өгізге мініп, күні бойы қырманда астық бастырдым.Тіпті өгіздің үстіне өзім мініп-түсе алмайтынмын,қырманшы шал өзі мінгізіп-түсіретін.Бір күнде қырманды өгізбен мың рет айналамын.Кеш бата,өгізден түскенде,тік тұруға шамам келмей,басым айналып құлайтынмын.»Төрт жаста!Соғыс қасіретін бұдан артық қалай жеткізуге болады?!

Аңыздардан тере жүріп масақты
Рас-рас,көзімізден қан ақты,

- деп жырлайды еңсесі езілген,қабырғасы қайысқан анаға қамқор болған Мұқағали(сол кезде 10 жаста!).Дауыл жыл,от жылдың тағы бір трагедиясы!

Б.Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» повесінде бір-бірін сүйіп қосылып,жаңа өмірге бүгін қадам басқан екі жасты ертеңіне басталған соғыс айырмай ма?Бір-ақ күн жұп болып жарасқан,қара қағазға сенбей,жарын күтіп жанары талған жас келіншектің шығарма соңында не алданыш қылар бала жоқ,тылдағы ауыр жұмыстан не денсаулық,не ажар жоқ,ку тізесін құшақтаған кексе әйелге айналатыны бар.

Аза бойыңды қаза қылар қаралы көрініс.

Д.Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпызында»әйелі қайтыс болған ер адамның майданға аттанар алдында балаларына бас-көз болу үшін үйленіп,балаларын әйеліне аманаттап кететіні айтылады.Ал сол өгей шеше өгейлігін жасап,қорлық көрсеткені былай тұрсын,ашынасымен бір болу үшін жас балаларды қыстың қақаған аязында от жағылмайтын дәлізге түнететіні немесе қан майданнан жараланып,мүгедек боп келіп жатқан өзге балалардың әкесін көріп,аяқ-қолсыз келсе де,әкем келсе екен деген тілектегі бала бейнесі-сол 40 жылдардың ғана қасіреті болғай?!

Ш.Мұртазаның «41 жылғы келіншек»әңгімесіндегі күйеуі соғыста қаза тапты дегенге сенбей, «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі,кебенек киген әйтеуір бір келеді»деп жалғыздық уытына көніп,тек көкейіндегі жастық кезеңінің сәулелі сәтімен ғана өмір сүрген жесір кемпір Хадишаның-түсінде күйеуіне өзінің көрген азабы мен қысастығын арыз етіп айтып,шер тарқатқанында- қосыла өкисің.

Бұл шығармалар- аспан мен жерді аттандатқан алапатқа-аждаһа соғысқа-сөзбен соғылған ескерткіш сынды.

Бірақ,уақыт өте келе сол жылдарда туған,ананың зарлы бесік жырын тыңдап,әке жолына қарап көз талдырған қара домалақтар азаматқа айналды.Бірі-жазушы,бірі-ақын,бірі-актер,бірі-ел билеген басшы... Жан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жарасы жазылды (бірақ көңілде ізі, жүректе сызы жоқ емес!). Орнында бар оңалып, ұрпақ жалғасып, қайғы орнын қайтадан қуаныш жалғады. Биыл да, әдеттегідей, Жеңіс күнін-ұлы мерекені тойлаймыз. Алғы шепте Күштілік пен Қайсарлықтың, Батырлық пен Ерліктің үлгісін көрсеткен, оқты жылдарда от кешкен боздақтарға тағзым етеміз. Оққа ұшқан қаруластың аманатын адал атқарып, аман оралған ардагерлерге құрмет көрсетеміз. Сол бір зұлмат жылдарға лағнет айтамыз. Осы арайлап атқан таңымызға, шұғылалы күнімізге тәубе етеміз.

Десек те, мені кейде сол аталардың қаны, аналардың зары, жетімдердің жасы, жесірлердің мұңы арқылы жеткен осы күннің қадіріне жете алып жүрміз бе деген сауал жиі мазалайды. Олай дейтінім-ел аман, жұрт тынышта небір сұрқия қылықтарға бой алдырып, есірткіге есі кетіп-еліріп, етегін ашып-арын сатып жүрген ұл да бар, қыз да бар. Кеудесін оққа төсеген атаның, қасіретке қасқайып қараған ананың көксегені осы ма еді?!

Азат көшпендінің өр ұланы! Бізге қазақ рухының көгінен халықтың батыр ұлы мен қызы-Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев, Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова сынды Отан үшін от кешкен Ерлер көз салып тұр. Қасық қаны қалғанша шайқасып, жарқын болашақты бізге сый еткен ардақтыларымыздың аманатына дақ түсірмейікші? Ар-намысымызды таптатпай, атамекен жер үшін, қасиетті ел үшін бейбіт күннің батыры атанайық!

Жеңіс күні ұмытылмайды, егер адамзат ғайыптан тайып Бейбітшілік пен Тыныштықты, Батырлық пен Ерлікті бағалар санасын жоғалтып алмаса...

... «Қайырлы түн, Жер-Анам!»

Қалиева Лаура

11 сынып, 99 жалпы білім беретін мектеп Алматы қаласы
Мұғалімі: Онбаева А.С.

Алтын анам, Отаным,
сенер аяр жаным жоқ,
сенен үркер күнім жоқ-
деп ер қайратыңа
мін дағы, өрге бас.
М.Әуезов

Ең алдымен, мен Ұлы Отан Соғысында жеңіске жеткен, ата-апаларымызға мың да бір тағзым еткім келеді. Осы жеңістің 70 жылдығын ашық аспан астында, бейбіт өмірде тойлайтынымыз үшін ата-әжелерімізге

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

айтар алғысымыз шексіз. Сіздердің ерліктеріңіз болмаса, біздің бақытты да алаңсыз өміріміз болмас еді.

Адамзат тарихындағы ең қатыгез, сұрапыл соғыстағы ұлы жеңісімізге, міне осы жылы 70 жыл толғалы отыр. Бұл соғыста, біздің халқымызды жеңіске жеткізген ең алдымен үміт, батылдық, бірлік. Бір майданда иық тірестіре, қазақ, орыс, украин, басқа да ұлт өкілдері, нәсілге, түр-түске қарамай, бір елдің балалары болып соғысты.

Жеңіс бізге оңай келе салған жоқ, миллиондаған адамдардың ерлігінің, қаны мен терінің арқасында келді. “Ер басына күн туып, етігімен қан кешкен, ат басына күн туып, ауыздығымен су ішкен” ауыр кезеңде біздің ондаған мың жерлестеріміз кешегі ортақ Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі, жер бетінде бейбіт өмір орнауы жолында кеуделерін оққа тосты. Олардың көпшілігі қан майданнан оралмады. Кеңес Одағы бойынша соғыста 27 млн. Адам опат болса, оның 13%-ы қазақ болды. Қазақстаннан 119164 адам әскер қатарына алынды. Біздің елімізден 500 адам Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Оның 97-сі қазақ.

Ұлы Отан соғысы – барша адамзаттың ортақ қайғысы. 1941 жылғы соғыс, сірә, бірде бір жанұяны айналып өтпеген болар. Әрбір үшінші ер-азамат майданға аттанды, жылы-жұмсақ үйін тастап, жұбайын, анасын тастап Отанын қорғауға кетті. Майдандағы жауынгерлерден бөлек, үйлерінде қалған аналар мен қарттардың, балалардың тылдағы ерлігі зор болды. Қаншама отбасы ұл-қыздарынан, әкелерінен айырылғанын елестету қиын. Менің де нағашы атам соғыстан хабарсыз кеткендердің қатарында. Қазір біз ол кісінің қай жерге жерленгені туралы іздестірудеміз. Ал әжем тыл ардагері.

Соғыстан өткен ата-әжелердің көзінен бір мұңды және қуаныш нұрын байқаған боларсыздар? Мен бұл мұңды көздерден 1941-1945-інші жылдар аралығындағы тозақты көремін. Ал қуаныш нұры тәуелсіз еліміз және болашағымыз үшін деп ойлаймын.

Мен білім алып жатқан, орыс тілді 99-шы жалпы білім беретін мектептің оқушылары да жыл сайын ұмытпай, соғыс және еңбек ардагерлерін қамқорлықтарына алып, көмектесіп келеді. Ұлы Отан соғысында мерт болған тілші Б.Бұлқышев былай жазыпты: “Менің өлгім келмейді. Өйткені туысқандарым өздерінің тағдырларын маған тапсырған. Олардың тағдырына мен жауаптымын. Біз күресте туғанбыз, сол күресте өлеміз!” Ал қазіргі уақытта соғыс ардагерлерінің тағдырларына біз, осы күнгі ұрпақ, жауаптымыз. Біздер ешқашан Ұлы Отан соғысы жайлы, халықтың ерлігі жайлы ұмытпауымыз керек. Біз Отан үшін, елі үшін, халқы үшін жанын қиған батырларды еске алып, ардагерлердің үмітін ақтап, жақсы өмір сүруіміз керек.

Ұмыт болған, ұмыт қалған жоқ ешкім,
Ешбір адам ұмытпайтын мәңгі есім.
Ұрпақ үшін тозбайтұғын, бітпейтін,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ардагерлер – естелігі соғыстың.

Қойшыбекова Аружан

5 «Б» сынып, ЖББ№76 мектеп, Алматы қаласы
Жетекші: Көрегенқызы Ардак

Ешкімде ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Адамзат тарихында зұламат соғыстың болып өткеніне 70 жыл толады. Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай өз ізін қалдырды. Жеңіс күні - біз үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілікпен, қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар, офицерлердің ерлігі, айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерен еңбектері мәңгі өшпейтіндей із қалдырды. Біздің аталарымыз мен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлық ерліктері, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі сияқты.

Екінші дүние жүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге дейін халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да, Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян. Қанша үйдің ұрлап адамын, Қанша үйде сөніп қалды оттар, - деп ақындар жырлағандай, әр шаңыраққа, әр жүрекке салған жара жетпіс жыл өтсе де әлі жазыла қойған жоқ. Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи аласапыран кезеңде:

Қасиетім менің, алдығым менің ақтығым,
Жаныма қуат. Жүрегімнің таза пәктігі.
Тәңірімнен күнде көз жасыммен тілеймін,
Өтсем екен деп тірі жанға жаттығым,

- деп Әбілда Тәжібаев жырлағандай, парасаттылық, адалдық, жүрек пәктігі сияқты ізгі қасиеттерді биік ұстап өткен Қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды. «Адал адам Отанын сүйеді. Адал ақ жүрекке Отан анасындай. Отанның дегенін істеу – қуаныш, мақтаныш. Отанға деген махаббатты бізде өлшеуге болмайды», - деп Баубек Бұлқышев айтқандай, жаратылысынан ақкөңіл, ақжүрек, батыр, намысты халық мүддесін артық қойып, өмірін құрбан етуден асқан асыл мұрат жоқ екенін, Отанға деген махаббатын осылай дәлелдей білді. Қазақ деген батыр халық. Ол еңкейгенде еңкейеді, шалқайғанға шалқаяды. Шірене қалса, асқар-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

асқар тауларына сүйенеді, еңкейе қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді.

Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы біртұтас мемлекет болып есептелінгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Даламыз қандай кең болса да, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай болса да, жүрегі сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттері сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер аталарымыз бен әкелеріміз, апаларымыз қанын төкті, жанын пида етті. Осылайша, біздің халқымыз соғыс барысында бүкіл әлем алдында бір ұлылығымен көрінді. Сол кездегі Кеңес Одағы халықтарының тұтасқан бірлігі мен мызғымас достығы, халық пен әскердің жаппай ерлігі Жеңісіміздің кепілі болды. Осындай сұрапыл соғыс күндерінде халқымыз майдан мен тылда жеңіс үшін керекті жағдай жасаудың ауыр жүгін көтерді. Майданға кеткен мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек тылында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді. «Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиістісің!» деген ұранды ұстанған адамдар қатал тәртіп пен еріксіз жұмыс істеуге қарамастан, асқан шыдамдылық танытып, ешқандай қысым көрсетусіз ақ ұйымшылдықтың асқан үлгісін көрсетті. Осынау қиын күндерді қазір 89 жасқа толған әжемнің әңгімелерінен естіп, заманның сыры мен үнін көз алдымызға елестетіп отырамыз. Соғыс басталған кезде 19 жаста болған әжем тылда жұмыс істеп көп қиыншылықты басынан өткізген. Құдай біз көрген қиын күндерді сендерге көрсетпесін,- деп отыратын.

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден астам жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және тағы басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары көптеген босқындарды өз бауырына аналық сезіммен басып, эвакуацияланған зауыт пен фабрикаларға майданға керекті оқ – дәрі мен азық – түлік жеткізуші үлкен жұмысшы күшке айналған. Отан соғысында біздің жауынгерлеріміз қасық қаны қалғанша шайқасып, жауға туған жер топырағын таптатпайтындығын дәлелдеген. Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан, жалынды публицист Баубек Бұлқышев Отанда қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған небәрі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен ерлігінің арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. «Біз – кеңес адамдарымыз, біздің жүрегіміз темір емес. Біздің кек отымыз қандай темір болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, бүкіл әлемді шошытқан, халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлы ел үшін еткен еңбегін айтпай кетпеу мүмкін емес. Даңқты генерал-майор И.В. Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеу түбінде құрылған ұрыстарға қатысудан бастаған Б.Момышұлы тарих сахнасынан шықты. Атақта әскер қолбасшысы Б.Момышұлы жарық жолын Жетісудан, Европаның төріне - Берлинге барып ат басын тіреді. Полк командирінен дивизия командиріне дейінгі даңқты жолды басып өтті. От жалын кешіп жүріп:

Болсам егер саған керегім,
Күндерімді, түндерімді
Ой толқынын, сыр толқынын
Саған беремін!

– деп ерлікті, елдікті, отансүйгіштікті насихаттады.

«Есімі ер жүрегінде сақталған ер ғана бақытты» деп Баукеңнің өзі айтқандай, оның есімі ел есінде мәңгі сақталады. Ендеше, Бауыржан батыр бақытты ер!

Ақындар жырлағандай, Ұлы Отан соғысы, ондағы Жеңіс талай адамдардың тағдырын күрт өзгертті, талайының өмірін күрт үзді. Ал, енді бүгінгі 9 мамыр күні, бұл мейрамды бүгінгі майдангерлер – соғыстың алдыңғы шебінде шайқасқан, ерлік көрсеткен жауынгер, майдангерлер тойлайды. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сол сұрапыл соғыста батырлырмыздың сақтап қалған байтақ жеріміз бүгінгі күні дүние жүзі таныған, әлем мойындаған мемлекет болып қалуы біз үшін үлкен мақтаныш, жетістік. Қазір біздің еліміз дүние жүзінің алдыңғы қатарындағы мемлекеттердің бірі болып, ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен ынтымақтың өріс алып, халқымыздың тыныштықта бейбіт өмір сүріп келе жатуы – тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың адал да, ұтымды еңбегінің, үлкен парасат пен биік талғамының арқасында. Сондықтан да біз, ХХІ ғасыр жастары, осындай байтақ елде тұрып жатқанымызға бақыттымыз!

Жауды жеңіп табанға сап,
Жермен жексен еткен ерім.
Қуан-қуан күлші сақ-сақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Шын жеңіске жеткен елім!

- деп өз шығармамды аяқтағым келеді.

Қосылған Мариям

11 сынып 39 мектеп-лицей Алматы

Күңіrentкен қара жер мен аспанды
Бұл алапат 41-де басталды.
Қара айдаһар аналарды жылатып,
Жұтып жатты,жұтып жатты жастарды.
Гүлдендірген жасыл дала,асқарды
Бейбітшілік бола қалды-ау тастанды.
Қанша азамат қара жерді қорғап қап,
Қанша азамат қара жерді жастанды.
Қаншама ана баласынан айрылды,
Бұл қайғыдан дұшпан-дағы қайрылды...
Бұл қайғыдан көк аспан да зар жылап,
Алып,мықты таулар-дағы қайғырды.
Қара аждаһа аяған жоқ ешкімді,
Тым ертерек сәбилерге ес кірді,
Жас келіндер тым ертерек жесір қап,
Тым ертерек жаңа отаулар ескірді...

Соғыс,ажал бір-бірімен аттас-ты,
Қаншама жан сол жылдары от басты.
Бұл қайғыдан адамзатпен қосылып
Аппақ жауын ағыл-тегіл жоқтасты.
Тірілердің көбісінен азы қап,
Сызы өткен сұм соғыста азынап
Сол жандарға бізге өмір сыйлаған
Алғысымыз шексіз деу де азырақ.
Алам десең жүрегімді,ал міне,
Әр үйде бар айтылмайтын әңгіме.
Менің-дағы көкелерім кетті ғой
Естей де алмай жеңіс күнгі әнді де...
Аталардың батыр,батыл,мықты әрі
Арқасында соғыс бізді жұтпады.
Бақыттымыз,әлі-дағы гүлдейміз,
Разы болсын батыр жандар рухтары.

Көшімханов Мерей

Алматы қаласы
«І.Жансүгіров атындағы
№130 гимназия» КММ
4 «А» сынып оқушысы

Батыр аталар ерлігі

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған еді. Ел үшін, жер үшін біздің қазақтың да даласынан көптеген әкелер мен ағалар майданға аттанды. Отан үшін алға деп ешбір қорықпастан жаумен соғысты. Ешқашан ұмытылмас ерлердің бірі Бауыржан Момышұлы атамыз. Өзінің батылдығымен, ержүректілігімен есте сақталды. Қазақтың қос жұлдыз қыздары Әлия мен Мәншүкті кім білмейді? Қазақтың батыр қыздарының орны ерекше.

1945 жылы жау жеріне басып кіргенде Рейхстагқа туды Рахымжан Қошқарбаев тікті.

Осындай елімнің батырларын тізе берсек өте көп. Мен осындай батырлардың ұрпағы болғанымды мақтан етемін. 2015 жылы Ұлы жеңіске 70 жыл толады. Біздің мектебіміз ерлік туралы өлеңдер оқып, әндер орындап жеңіс күнін тойлауға дайындалып жатыр. Ешкім ешқашан ұмытпау керек.

Қуантхан Әлібек

7 «с» сынып оқушысы

Мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей – интернаты Алматы қаласы
Тексерген: Дүржанова Әлия

Ер есімі - ел есінде

Ел үшін ерлік етсең,
Халқын сүймек,
Біз үшін отқа, суға
Түсіп жүр деп,
Ел өлсе де, еңбегін ел өлтірмес
Неше мың жыл өтсе де
Тарих білмек

Қазақ халқында жерін жаудан, елін құлдықтан қорғап қалған батыр ерлер көп болған. Сонау жаугершілік заманда елі, жері үшін жан алмай, ерлік көрсеткен бабаларымыз: Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай, Наурызбай, Баян батырлар. Олар жайлы жыр-дастандар, аңыздар жазылып, бізге жеткен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Туады ерлер ел ушин,
Өлмейді ісі мәңгілік
Өшпейді абзал есімдер
Ұрпаққа жетіп мәңгілік,

- деп акындар жырлағандай, ерлердің есімдері, ерліктері неше ғасыр өтсе де, ұмытылмайды. Ол ерліктер бізге ауыз әдебиетімен келіп, жазба әдебиетімен кеңінен жетіп жатыр. Біз әдебиеттен Махамбеттің, Исатайдың, Кенесарының, Амангелдінің ерлік істерін оқып білдік. Олар бостандық, тәуелсіздік үшін күресті.

Осы жолда көптеген ерлер оз жанын құрбан етті. Ерлердің ерліктерінің нәтижесінде азаттық, бостандық, теңдік, тәуелсіздік келді. Ерлердің ісі ұрпақтан - ұрпаққа жетіп, тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды. Ата-бабаларымыздың ерлік істері Желтоқсан оқиғасында жалғасты. Егемендігіміз үшін жанын қиғанша күрескен. Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанованың есімдерін халық жыл сайын есіне салып отырады. Адам баласы үшін соғыстан астам қауіп жоқ.

Соғыс-қайғы, қасірет, өлім, қантөгіс. Жыл сайын 1941 жылғы Ұлы Отан соғысын 9 мамырда атап өтеміз. Осы соғыста ерлікпен қаза болған миллиондаған адамдар туралы телидидардан естіп, кинолардан көріп жүрміз. Сол кезде ерлік көрсеткен қазақ батырлары: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Қасым Қайсенов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметованың ерліктері еліміз еске алып, ескерткіштер басына гүл шоқтарын қояды. Олар туралы романдар, повестер, поэмаларды ақын-жазушыларымыз жазып, оқырмандарға ұсынады. Осылайша ер есімдері ел аузында қала береді.

Ұлы Отан соғысында Бауыржан Момышұлына ерлігі үшін “Халық қаһарманы” атағы беріледі. Ерлерді есте сақтаудың тағы бір тәсілі олардың атымен көшелерді, мектептерді атаймыз. Мектептерде, мекемелерде ерлер туралы іс-шаралар өтеді. Театр сахналарында көріністер көрсетіліп, кинолар жүреді. Телидидардан соғыс ардагерлерімен кездесу бағдарламалары өтеді.

Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдарды соғыс ардагерлері деп атаймыз. Олар қазір 90 жастан асып, қартайып, қатарлары азайып барады. Олардың да есімдері мемориалды тақталарға жазылып, архивтерде сақталады. Оларға зейнет- ақы да жақсы төленеді, үй беріледі, жыл сайын кеуделеріне жаңа медальдар мен ордендер тағылады. Соғыс кезінде далада қалған балалар, аналар да ардагерлер қатарына жатады. Ауылда, қалада қалған балалар үлкендермен еңбек етіп, соғысқа азық - түлік, киім-кешек жіберіп тұрды. Олар туралы үлкен ата-аналарымыздан естиміз.

Елі үшін еңбекте де, соғыста да ерлік көрсеткен ерлерді ел ұмытпас.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күнін ардагелер әперген,
Желбіретіп қызыл туды көтерген.
Туған елін жау қолында қалдырмай,
Ерлікпенен ел парызын өтеген.
Ерлерімізді - ел есінде сақтайды.
“Ер бақытты ел қолында,
Ел бақытты ер қолында,”

- деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткен еді.
Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт әперген ерлердің
есімі - ел есінде мәңгі қала береді.

Құлтас Хансұлтан

Алматы қаласы, №76 ЖББМ-тің 5 сынып оқушысы
Жетекшісі: Басбаева Камшат Абайқызы

Сүйінші , халқым, сүйінші!
Сүйіншіге сүйінші,
Шаттан ата- анамыз,
Шаттан аға – бабамыз.
Кек қайтарып фашистен,
Соғыс бітті жеңіспен,
Жеңдік жауды күресте.
Жасалсын той – мереке!

Жеңіс! Жеңіс! Ұлы Отан жеңісі! Ия , шіркін жеңісті сан миллиондаған
адамдар бес жыл бойы минуттап , сағаттап , жылдап сарыла , асыға күтті емес
пе Ақыры сол адамдардың үміті мен сенімі ақталды. Бірақ біздің жеңіс,
халқымыздың жеңісі оңайлықпен жеткен жоқ. Жеңіс жолында Отаны, елі үшін
оттың шайпауында жүріп миллиондаған асыл ер азаматтарымыз мерт болды
.1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған
бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп , қаншама боздақтарымыз сұм , қатігез
соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық . Олардың басым көпшілігі
ерліктің ерен үлгісін көрсетіп , халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. 9-
мамыр Ұлы жеңіс күні . Осыдан 70 жыл бұрын бүкіл адам баласы тарихындағы
ең сұрапыл жойқын соғыс Ұлы Отан соғысы аяқталды . Бұл соғысқа 6
материктің сол кездегі әлемнің дербес 60-тан астам елі қатысқан болатын.
Айбынды білек , жеңістеріне сенімді ыстық жүректері мен қайрат күштерімен
кешегі жігіттер , бүгінгі өнегелі аталарымыздың арқасында 1945 жылдың 9 –
мамыр күні ұлы мейрам – жаудың жеңіліп , соғысты жеңіспен аяқтадық .
Бүгінде жеңіс күні мерекесі адамдардың ұлтына , дініне , тілі мен мәдениетіне

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

карамастан ортақ қуаныш күні . Бұл қастерлі мейрамның мән – мағынасы уақыт өткен сайын ешқашан өшпек емес , себебі оның құндылығын ғасырлар бойы жаңа жас буын ұрпаққа өсиет боларлық жақсылық жеңген Ұлы , қасиетті күн . Бұрын - соңды болып көрмеген аса ауыр да , қатыгез соғыста Кеңес одағының көпұлтты халқы және оның қарулы күштері өз Отанының азаттығы мен тәуелсіздігін сақтап, әлемнің көптеген елдерін фашистік езгіден құтқарып қалды .

Майданда және тылда біздің халықтарымыз жанқиярлық пен жаппай қаһармандық көрсетіп ,көз көрмеген , құлақ естімеген қайсарлық танытты, онсыз жеңіске жету мүмкін емес еді . Жыл өткен сайын біздің халықтарымыз жасаған ерлік өнегесі ешқашан сөнбейді . Жеңіс күні адамдар үшін әділдік салтанат құрған , мақтаныш және осынау шексіз қатігез де, сұрапыл шайқаста опат болған миллиондарды жалпыхалықтық аза тұту күні .

Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлікпен қаза тапқандардың есімдері біз үшін қасиетті де , қастерлі . Өз өмірлерін Отан үшін демек, біздің азаттығымыз үшін құрбан еткендердің алдында өтелместей қарыздармыз .

Қазіргі таңда деректер көзіне сүйенетін болсақ Ұлы соғысы жылдарында жау қолынан опат болған жауынгерлер мен бейбіт азаматтардың мүрделерін іздестіру белсенді жүруде . Біз Ұлы жеңісті өзіміздікі , бөгденікі деп бөлмеуіміз керек . Бәрімізге белгілі шайқаста жау қолынан 27 миллионнан астам адам қаза тапты . Ал бұл соғысқа Қазақстаннан 1 миллион 366 мың азамат аттанған еді . Оның 660 мыңнан астамы майдан шебінде құрбан болды . Қатігез соғыста кітаптар бетіне оралатын болсақ орыс халқы өзінің 6 пайызын , немістер 10 пайызын, ал қазақтар 12 пайызын құрбандыққа берген . Орасан зор ауыртпалықтар әкелген екінші дүние жүзілік соғыстың зардабы тимеген жер жоқ десе де болады . Бұл фашистік соғыста 6 миллион поляк , 1,5 миллион югослав, 600 мың француз , 400 мың американдық , 375 мың ағылшын қаза тапты . Біздің мектебімізде үнемі соғыс жауынгерлеріне көмек көрсетілетін акциялар, патриоттық шаралар және соғыс ардагерлері өздерінің ерлік істерін жас ұрпаққа жеткізу үшін мәдени кездесулер өткізіліп отырады . Сұрапыл соғыста жау қолынан қаншама боздақтарымыздан айырылды, кеңес халқы араның ашып келген ажалға тайсалмай қарсы шауып, батырлықпен қарсы тұрды . Қазақ - жаратылысынан жауынгер халық, олар найза мен қылыштың заманында ғана емес , автоматты қару мен моторлы соғыстың заманында да өзінің қайсар қайтпас халық екенін көрсете білді . Марапаттау статусы бойынша дұшпанның 100 солдатын атып өлтірген мерген «Кеңес Одағының батыры» атағына ие болуға тиіс болатын . Ал біздің қазақ мергендері Қ. Адамбеков – 239 , Ы. Сүлейменов - 341, Т.Әбдібеков – 397 дұшпаның көзін жойса да ,бұл атақты ала алмады . Осы жерде бізді сорлатқан тағы бір шындық, сол елім – жерім деп келген азаматтың көбісін «Сатқын» деген жаламен түрмеге жауып тастаған кезеңдерді де бастан кешкен халықпыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ сияқты халықтың өзінен ғана 300- 350 мың азамат азамат қазаға ұшыраған . Опат болғандардың ішінде қазақ арулары да бар еді. Достықтың екі қанаты – Ресей мен Қазақстан, ерліктің қос қанаты – Әлия мен Мәншүк десек қателеспейтін шығармыз. Басталған соғыстың нәтижесі керісінше көрініс тапты . Бастағандар – жеңілді, қорғанғандар – жеңді.

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген ,
Күректер музейге қойылсын!

- демекші елімізде соғыс деген атау мүлдем жойылып, тыныштық, бейбітшілік заман шарықтай берсін. Тату – тәтті елімізде ешқашан соғыс болмасын, заманымыз тыныш , сәбилердің ұйқысы бұзылмай шаттық өмір сүрейікші замандастар!

Әрқашан күн сөнбесін ,
Әрқашан бұлт төнбесін.
Болсыншы елім аман ,
Болайын мен де аман

- деп жырлап өткендей ,тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тұжырымдайтын болсақ жеңісті алып берген, азаттық орнатқан аға – бауырларымызға , әпкелерімізге , аталарымызға алғысымыз шексіз .Аспан әлемінде көк туың желбірей берсін . Жасай бер , көркейе бер , асқақтай бер , нығая бер қазақ халқы !

Маматшаев Ибраһим

Алматы қаласы №145 мектеп, 9 сынып оқушысы

Болмасын, соғыс болмасын!

Қажеті жоқ... соғыстың қажеті жоқ!
Дұрысы тірлік қылып, ізденейік.
Шынайы даңқ – еңбекпен келген атақ.
Соғыс жабайылардың еншісіне қалсын.
Ги де Мопассан

Соғыс... Осы бір бес әріптен тұратын сөз астарында қаншама қасірет жатыр десеңші... Әрине, біз бұл соғыстың өзі түгілі зардабын да тартқанымыз жоқ. Сондықтан оны жете түсініп, қабылдай алмасымыз анық. Дегенмен,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аталарымыз бен әжелеріміз сол сұм соғыстың құрбаны болды немесе зардабын әбден тартты. Сондықтан келер жылы мерейлі 70 жылдығын нышандағалы отырған «Ұлы жеңістің 70 жылдығы» туралы аз-кем ой қозғауым үшін тарих бетін парақтап, үңіліп көрейік.

Бізге тарихтан белгілі ол кезде он бес мемлекет Кеңес Одағының құрамында болды. КСРО-ның құрамында болған барлық мемлекет Ұлы Отан соғысы жылдарында аянбай ерлік көрсетті.

Фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда таң алакеуімде Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасады. Бұны Кеңес Одағы күтпеген еді. Бұл соғыс жалпы адамзат атаулығы жасалған қастандық болатын. Соғыс бақандай 4 жылға, яғни 1418 күнге созылды.

Әрбір отбасы соғыс зардабын тартқан. Майданға еркек кіндіктің бәрі жөнелте берген олар ешқандай дайындықтан өтпеген. Соның салдарынан адам шығыны өте көп болған екен. Олай етпеске ешқандай амалда болмаған. Өйткені бұл соғыс күтілмеген еді. Германияны ондай опасыздыққа барады деп ешкім ойламаған болатын.

Майданға аттанған әрбір азамат тек «Отан үшін алға», деп қасық кандары қалғанша ерлікпен шайқасты. Соның нәтижесінде басынан байқашасына дейін қаруланып, әбден дайындықтан өткен неміс әскерлерін Кеңес әскері тізе бүктірді. Бұл жеңіс өте қымбатқа түсті.

Деректерге сүйенер болсақ, осы соғыста 20 млн Кеңес әскері құрбан болған екен. Бұл дегеніңіз жалпы осы екінші дүниежүзілік соғыстағы адам шығынының 40 пайызын құрайды екен.

7 миллион кеңес адамы медальдермен, ордендермен марапатталыпты. 11 млн 500-нан астам адамға Кеңес одағының батыры атағы берілген екен. Соғысқа қатысқан Қазақстандықтардың үлес салмағы 1 млн 200 мыңнан аса екен. Олардың ішінде 100 мыңнан аса жауынгер КСРО орденімен марапатталса, 500 жауынгер «Кеңес Одағының батыры» атағын иеленген, тағы бірнеше «Даңқ» орденімен марапатталған екен.

Бұл атақтар мен ордендер бекерден бекерге берілген жоқ. Қаншама адамның өмірі қиылды, қанаша жауынгер майданнан мүгедек болып оралды. Ерлермен бірдей қан майданда аянбай ерлік көрсеткен аяулы аналарымыз да болды. Оларды көш басында ұлтымыздың мақтаныштары, Әлия мен Мәншүк апаларымыз тұрады.

Еркек атаулыны майданға алып кеткеннен кейін, тылдағы бар еңбек аналар мен балаларға жүктелді. Егін егу, майданға астық жөнелту, жылы киім жөнелту, оларды тігу, тоқу барлығы әйелдердің мойынында еді. Ол кездегі балалар бала болып, ойнамады. Таңның атысы, күннің батысы еңбекке жегілді. Сондықтан сол кездегі балалар –қазіргі тыл ардагерлерінің, еңбегі еленіп, оларды Ұлы отан соғысы ардагерлерімен теңестірілген. Менің атам да солардың қатарынан.

Елімізде Завод – фабрикалардан оқ-дәрі өндірілді. Тізе берсек 4 жыл бойы атқарылған еңбек есепсіз. Осындай ауыр тауқыметті бастан өткере отырып, Кеңес Одағы жеңіске жетті. 1945 жылы 8 маусымда Берлин іргесіндегі Карлхарсте фашистік Германияның қарулы күштерінің сөзсіз тізі бүккені туралы актіге қол қойылды. 9 мамыр күні күллі әлем тағатсыз күткен жеңіс туы Рейхстагта желбіреді.

«Жеңіс!» бұл сөзді естіген әрбір адам, әрбір отбасының ол кездегі қуанышын айтып жеткізу мүмкін емес шығар, сірә.

«Жеңіс» қаншама рухы мықты боздақтардың ерен еңбектерінің арқасында келді.

Осы орында ардагер Әзілхан Нұршайықов атамyzдың «Боздақтар» атты еңбегіндегі мына бір жолдарға мән берейікші:

«...Совет Одағының Батыры, армия генералы Кузьма Никитович Галицкий өзінің «1941-1944-сұрапыл сын жылдары» дейтін белгілі кітабында 100-атқыштар бригадасының Невель түбіндегі ерлігін былай деп әділ атап көрсетті:

Осында... қазақ халқының қаһарман қызы Мәншүк Мәметова өзінің өлмес ерлігін жасады. Батальонның бір жақ қанатында жаудың қарсы шабуылын тойтаруға қатысқан ол шабуылға шыққан гитлершілерді шалғы, орақпен шапқан шөптей жайпады. Пулеметті көргеннен кейін олар оны минометпен атқылады. Басына мина жарықшағы тиіп жаралы болып қалған сәтте ғана Мәншүктің пулеметі бір сәтке үнсіз қалды. Пулемет құрыды деп ойлаған жай тағыда атақаға көтерілді. Пулемет қайтадан үн қатты. Ең соңғы күшін жинап батыр қыз фашистерді тағыда баудай түсірді. Көмекке келген жауынгерлер оның окобының алдында ондаған гитлершілердің жайрап жатқанын көрді, бірақ жас батырдың өзіде жан тапсырған еді».

Міне, бұл бір ғана мысал

Демек «Жеңіс» асыл аталарымыз бен апаларымыздың осындай орасан зор ерліктерінің арқасында келген екен.

Соғыстан кейінгі жылдар да оңай болмады. Әбден тұралап қалған ел экономикасын қалыпқа келтіру әсте оңай болмаған.

Қазір біз қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған керемет заманда өмір сүріп отырмыз. Соның қадірін қаншалықты біліп жүрміз?

Қазір біз өмір сүріп отырған заманда да кейбір әлем елдерінде соғыс жүруде.

Осындай күнге жеткізген аталарымыз, апаларымыз алдында қарыздармыз. Жеңістің жетпіс жылдығы қарсаңында ол кісілерге бас иіп, тағзым етеміз.

Жылдан жылға қатарлары саусақпен санарлықтай азайып келе жатқан Ұлы Отан соғысы ардагерлерін шын жүрегіммен мерекелерімен құттықтаймын!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған осы бір бала көңілден шыққан шығармамды Кеңес Одағының батыры, генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетов атамыздың мына бір жазбасымен түйіндемекпін: «Алайда сол отты жылдардың таңбасы көкірегіңнен әлі кете қойған жоқ, Күн күркіресе селк етіп, зеңбірек даусын есіңе алатынында рас.

Бүгін қалалар көркейіп, бақтар гүл жарса, балалар қуанып, қайғыны білмесе – ол сенің арқаң, отан солдаты!».

Маратова Жанель

3 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы

Жетекшісі: Мақпал Сембай

Жеңіс туы желбіре

Жеңіс туы,
Жеңіс туы,
Желбіресін мәңгілік!
Жеңіс жыры,
Жеңіс жыры,
Асқақтасын жаңғырып!
Жеңісім – салтанат, сән, сәулет,
Жеңісім – береке, бақ, дәулет!

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл 70 жыл! Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – біз үшін де ұлы мереке! Ұлы Отан соғысы біздің әрбіріміз үшін ұмытылмастай ізін қалдырды.

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесіп, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмыпаймыз. Қазір қазақ елді-мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар біздің мақтанышымыз!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне 70 жыл толуына орай еліміздің әрбір жерінде әртүрлі і-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін ешуақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін!

Махсұтхан Зере

Алматы қаласы

«І.Жансүгіров атындағы
№ 130 гимназия» КММ-нің
2 сынып оқушысы

Елім менің – ертеңім!

Еліміз егемендік алып, тәуелсіз ел болғалы көркейіп, дамып келеді. «Ерлік - елге мұра, ұрпаққа - ұран» деген аталы сөз әрбір жас ұрпақтың санасында сақталуы қажет. Өйткені, осы күнге дейін ел тарихына көз жүгіртсек, небір қиын кезеңдерді басынан өткерген. Ата-бабаларымыз елімізді қайсарлықпен үнемі қорғап келген. Ерліктің елге мұра болғанын біздер сезініп өсіп келеміз. Өйткені біздің заманымыз тыныш, еліміз бейбітшілікте өмір сүруде.

Еліміздің өсіп-өркендеуі Елбасымыздың ерен еңбегінің арқасында екендігін ұстазымыз біздерге жиі айтады. Алып Астанамыз елдігіміздің шынайы орталығына айналуда. Алматы мәдени орталық болып қала бермек.

Өзім Алматыда туып-өсіп келе жатқандықтан, мен үшін туған қалам ыстық көрінеді. Ал Астанадағы «Бәйтерек», «Хан Шатыр», «Тәуелсіздік сарайы» алыстан көз тартады. Заманауи дамып жатқан Астана болашақта Дубай, Париж секілді алып шаһарлар қатарына қосылатынына сенемін.

Абай атамыз: «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» демекші, болашақта мен де өз елімнің дамуына аянбай еңбек еткім келеді. Ол үшін білімді, сауатты, өнерлі болып өсуім қажет екенін білемін. Сондай-ақ, өз Отанымның келешегі екенімді мақтан тұтамын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Медет Зере

Алматы қаласы, №81 мектеп-гимназияның 1 сынып оқушысы
Жетекшісі: Ибраимова Гульжанат

Тәуелсіз Қазақстан ұрпағымыз

Менің соғыс туралы ұғымым «Ленинград түбіндегі шайқас» атты мәтіннен басталды. Бізге мұғалім Ұлы Отан соғысы туралы толық мағлұмат берді. Мен соғысты көрген жоқпын, менің ата-анам да соғысты көрген жоқ. Бірақ біз Ұлы Отан соғысының Батырлары, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ерліктері жайлы апайдың әңгімесінен қанық болдық.

Мен мамаммен бірге Алматы қаласының орталығында орналасқан Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың ескерткішіне барып гүл қойдық. Және де 28-панфиловшылар паркіне апарып, ол жерде жерленген ардагерлерімізге тағзым еттік, мәңгілік алауды көрдім. Мен енді Жеңістің қалай келгенін білетін болдым.

Біздің осылай тәуелсіз Қазақстанда жайма-шуақ өмір сүруімізді ата-әжелеріміз қамтамасыз етіпті. Біз оларға әрқашан тағзым етеміз.

Мен де жақсы оқып, кейін халқыма өз ерлігімді, батырлығымды көрсеткім келеді. Біз әрқашан соғысқа қатысқан, үлкен ата-әжелерімізге тағзым етеміз, олардың ерліктерін ұмытпаймыз.

Медеубек Сымбат

10-сынып, М. Базарбаев атындағы № 138 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мукишева Мария Қалимолдақызы

Ұлы Жеңіске – 70 жыл

Болса да бірі жалпының
Көрмеді оған дарып оқ!
Өзінің туған халқының
Қалды ол –
Аппақ ары боп!
Қорғанбек Аманжол

Осыдан 70 жыл бұрын қазақ даласына қуанышты хабар келді. Бұл хабарды әр қазақ баласы асыға күткен «Ұлы Жеңіс» жайлы хабар. Осы көптен күткен жеңіске қол жеткізу оңай болған жоқ. Біреудің баласы не інісі, ал екіншісінің ағасы не әкесі қайтыс болып, әр ауылға қаралы хабарлар бірінен соң бірі келіп жатты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен ондаған мың Қазақстандық шекарашылар болды. Атақты Брест гаризонының өзінде 1941 жылдың көктемінде біздің 3 мыңдай жерлесіміз қызмет еткен, шілде айында олардың көпшілігі әскерден елге қайтулары керек болған. Бірақ жаудың шабуылы олардың бұл жоспарын күл-талқан етті. Соғыс өрті ішке қарай тез еніп, Брест камалының тірі қалған қорғаушылары партизандар қозғалысына қосылды. Олардың қатарында 190 қазақ азаматтары болған және олардың көбісінің сүйегі Белорусь жерінде қалған.

Соғыс кенеттен басталғанымен, Қазақстан, бүкіл Кеңес Одағы сияқты, алғашқы күннен бастап жұдырықтай жұмылды. Республиканың түкпір-түкпірінде әскери комиссариаттарға еріктілер ағылды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбала мен бойжеткендер де, қала мен ауыл тұрғындары да соғысқа сұранды.

1939 жылдың дерегі бойынша, біздің республикамызда 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғыс жылдары Кеңес Армиясының қатарына 1 миллион 200 мың Қазақстандық азамат шақырылған, 20-дан астам атқыштар дивизиясы мен басқа да құрылымдар жасақталған.

Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да лайықты үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарына 42 мыңнан астам жас қазақстандық жолданды, ал Қазақстанның аумағында сол жылдары жұмыс істеген 27 әскери оқу орны, толық емес мәлімет бойынша 16 мыңдай офицер дайындады.

Кеңес Одағы батырларының қатарындағы қазақтың шоқ жұлдызының бірі - Әлия Молдағұловаға тоқталсам, ол 1925 жылы 15 маусымда (кейбір деректерде 20 сәуір немесе 25 қазанда) Ақтөбе облысы, Қобда ауданының Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында дүниеге келген. 1933 жылы анасынан айырылып, кейіннен Алматыда ағасының қолында тұрған, ал 1935 жылдан бастап Ленинград, Красногвардейский ауданы, Гурдин көшесіндегі №46-балалар үйінде тәрбиеленген. Санкт-Петербургтегі 9-орта мектебінде оқыды. Оқудағы озаттығы және үлгілі тәртібі үшін Әлия Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері – Артекке жіберіледі. Артекте батырлар тақтасына Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзе сияқты батырлармен қатар Әлия Молдағұлованың да суреті енгізілген. Соғыс басталған соң балалар үйімен бірге Ярославль облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7-сыныпты бітірісімен Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай, яғни 1942 жылы Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері майданға жіберу туралы өтініш жібереді.

1943 жылы Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды және 54- арнайы атқыштар бригадасының 4-батальонының снайпері болған. Жау әскерінің 30-дан аса сарбаздары мен офицерлерінің көзін жойған. 1944

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жылы 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға 1944 жылы 4 маусымда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ленин орденімен марапатталды.

Ол Новосокольники ауданының Монакова ауылында жерленген.

Әлия есімімен көшелер, ондаған мектептер ашылды. Олар, Мәскеудегі №891 орта мектебі, Шымкенттегі №29 орта мектебі, Новосокольники №72 орта мектебі, және әскери-теңіз флотының кемелері, Каспий жүк таситын теплоходы аталған. Ақтөбе, Астана, Алматы, Мәскеу, Петербор, Новосокольники қалаларында ескерткіштер орнатылған. Ақтөбеде облыстық мемориалды музей жұмыс жасайды.

Осы өз ұрпақтарының болашағы үшін жанын пидә еткен ата-бабалаларымызды қадірлеп, әрқашан еске алып жүрейік. Себебі, олар қаншама жас болса да, қайтіп туған өлкесіне оралмай қалатынын біле тұра, бізге болашақ өмірді сыйлау үшін тәуекел етіп, өз жандарын қиды. Сондықтан, осы батыр-жауынгерлеріміздің ерліктерін бағалап, дәріптеп жаңғыртып отыратын тілімізді де қадірлейік.

Мухаметказин Арафат

Шығарманы жазған: 7 сынып оқушысы

Мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей – интернаты Алматы қаласы

Тексерген: Дүржанова Әлия

Ер есімі - ел есінде

Міне келер 2015 жылы Ұлы Жеңісіміздің 70 жылдық мерейтойы келе жатыр. Меніңше бұл әрбір ел азаматы үшін шоқтығы биік мереке болуы тиіс. Себебі, бұл жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Жылдар бойы аталарымыз бен әжелеріміз күз демей, қақаған қыс демей ұлттың рухы, намысы үшін аянбай күресті. Фашистердің зұлымдығына, қатыгездігіне батырларымыз бар күшін салып төтеп беруге тырысты. Міне сол ержүрек батырлардың қайтпас қайсарлығының арқасында біз бүгінде бейбіт елде бақытты өмір сүрудеміз. Ол кісілердің ерлігін біз тек кинолардан, кітаптардан ғана естиміз. Сондықтан сұм соғыстың кезінде олардың қалай қиналғанын біз тіпті көзімізге де елестете алмайтын шығармыз.

Ақыры сан жылдар бойы күресудің нәтижесінде біздің аталарымыз ұлы жеңіске жетті. Бұл біз үшін бір ғана тарихи оқиға болып саналатын шығар, бірақ ол кезде бұл соғыс баршаның тағдырын шешетін орны ерекше оқиға болды. Рақымжан атамыздың рейхстагқа ту тіккен сәті барша Кеңес Одағы батырлары үшін ерекше жүрек елжіретер сәт болған шығар.

Біздің елімізден соғысқа 27 миллионға жуық адам аттанды. Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, күні кеше дүниеден

өткен Талғат Бигельдинов сияқты ұлтымыздың батырлары сол қанды соғыс кезінде елін қорғап қалу үшін жанын қиды. Сол соғыс жылдары қаншама бала әке-шешесінен айырылып жетім қалды, қаншама әйелдер ерлерінен айырылып жесір қалды. Мұның барлығы еліміздің тарихында өшпес орын алатын қасірет жылдары.

Бір ғана Бауыржан атамыздың ерлігінің өзі том-том кітап болып басылып шыққаны белгілі. Атамыздың соғыс жүргізу әдісін әлі күнге шейін үйреніп, оқып жүрген әскери қызметкерлер қаншама. Ол кісі соғыс жылдары

И.Панфиловтың дивизиясында полк командирі қызметін атқарды. Ерекше ерлігімін көзге түскен батыр дивизияның командирі шеніне дейін көтерілді. Бауыржан атамыздың өр мінезі басқа ұлт өкілдерін де таң қалдырды. Мұны біз олардың Б.Момышұлы туралы жазған шығамаларынан байқаймыз. Мысалы орыс жазушысы Александр Бек батыр жайлы «Волокаламск тас жолы» повесін жазды. Кейіннен оған Кеңес Одағының батыры, Халық Қаһарманы атақтары беріледі.

Басқа да батырларымызды айтпай кетсек болмас. Жақын күнде ғана дүниеден озған 2 мәрте Кеңес Одағының батыры атағын алған Талғат Бигельдинов атамыз да жеңіске үлкен үлес қосқан азамат болып табылады. Ол кісінің ұшқыш болғаны бәрімізге белгілі. Сұрапыл соғыс кезінде Талғат атамыз талай жау ошақтарын төбесінен бомба түсіріп талқандады. Соғыс жазбаларында Талғат аспанға көтерілсе жаудың есі шығып, қай жерден оқ жаудырар екен деп қатты қорыққандықтары жайлы жазылған екен. Бұның өзі жауынгерлеріміздің батылдығын ашық көрсетіп тұр.

Әрине біздің батыр да, батыл апаларымыз туралы айтпай кетпесек болмайды. Өз еркімен сұранып соғысқа аттанған Әлия, Мәншүк секілді апаларымыздың ерлігі тарих беттерінде мәңгі сақталады. Олар қолдарына қару алып, кейбір ер азаматтардың қолынан келмейтін ерлікке барды.

Әлия апамыз бар-жоғы 17 жасар кезінде соғысқа сұранып өтініш жібереді. Кейін 1 жыл ішінде снайперлер мектебін бітіріп шығады. Мерген апамыз Балтық жағалауындағы фронтта снайперші болды. Кейін 1944 жылы «Новосокольники» деген жерде ерлікпен қаза тапты. Әлия Молдағұлова Кеңес Одағы батыры және Ленин орденімен марапатталды. Ол кісінің ерлігімен танысу үшін жай ғана Роза Рымбаеваның орындауындағы Әлия деген әнін тыңдаудың өзі жеткілікті шығар.

Ал Мәншүк Мәметова туралы айтсақ, ол кісі де жап жас кезінде соғысқа өз еркімен аттанады. 20 жасар Мәншүк атқыштар дивизиясының құрамында пулеметші қызметін атқарады. Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған шешуші шайқаста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ атып, қаһармандықпен қаза тапты. Мәншүк Мәметова да Кеңес Одағы батыры атағына ие болған.

Жалпы соғыста ерлігімен көзге түскен азаматтарымызды айта берсек, санап тауыса алмаймыз. Біздің міндет сол кісілердің қасық қаны қалғанша

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күресіп , қорғап, сақтап қалған аманатына қиянат келтірмеу. Бұл дегеніміз біз бейбіт күнімізге шүкіршілік етіп, сапалы білім алып, елімізді көркейтіп, дамытуымыз керек. Ұрпақтан ұрпаққа осы ұлы аманатты сол қалпында тапсыруымыз қажет. Ең бастысы ұлт тарихында алтын әріптермен жазылып қалған ұлы тұлғаларымыздың ерлігін, ұлтжандылығын, намысшылдығын дәріптеу. Міне сонда ғана біз тіліміз бен дінімізді берік ұстанған, кешегі тарихын ұмытпайтын , жарқын болашаққа нық қадам басатын іргелі ел боламыз.

Мұратханов Тоқтамыс

8 сынып, Ж.Б.Б №142 мектеп, Алматы қаласы

Жетекшісі: Райбаева Раушан Сәметқызы

Қайран ардагерлерім!

Сұрапыл Ұлы отан соғысының аяқталғанына, халқымыздың қуанышқа кенелген шағына да міне 70 жыл болыпты. Біз жас ұрпақ соғыс туралы кітап беттері мен теледидардан көргеніміз болмаса, алла сақтасын өз көзімізбен көрген жоқпыз, әрине. Ардагерлер туралы айта отырып анам мынандай әңгіме айтып беріп еді, өзімнің Ұлы жеңіске деген бір тамшы үлесімді қосқым келіп, қолыма қалам алдым.

"Біздің бала кезімізде"- деп бастады анам. Ауылда көзі тірі қарияларда барлығы дерлік соғысқа қатысқан адамдар еді. Бірде көктемнің бір мамыр жай, шуақты күндерінде көрші үйдің есігінің алдында бес-алты қария соғыс кезінде басынан өткендерін айтып отыр екен, құлақ түріп жандарына отыра кеттім.

Жақыпбек ата, ұзын бойлы, әдемі, аққұба түсті, қаһарлы кісі еді. Жанындағы қариялар сол қолындағы тыртықтың жайын сұрады, ол кісінің қолы шынтағынан бастап жарақат алған еді, алақанын артына қарай сермеп жүретін. Атам сәл ойланып отырып, е, мені мынау Азаматым дүниеге келген күні әскерге шақырды. Поезбен Сталинградқа алып келді, сол жерде талай кескілескен ұрыстарға қатысып, әскери өмірге үйреніп жүріп жаттықтық. Бір қатты ұрыста командир жарақат алып, сол кісіге көмек көрсетіп жатқанымда, дәл жанымызда мина жарылмасы бар ма? Соның жарықшығы қолымды жаралады, есімді госпитальда жидым десе, Бекжан қарт соғыста қан судай ағып сасып жатты, взводымызда Сабыр деген азербайжан жігіті бар еді, ұрыс кезінде жарылыстан миы шайқалып ұрыс даласында қалып қойыпты, есін жиса ешкім жоқ, іздеп келе жатса жолда төрт азербайжан жігіті далада дастархан жайып, палау жеп отыр екен, бәрі мені көріп кел-кел деп шақырды, соғыс кезінде қайдағы палау деп ойлады, малдас құрып қастарына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

отыра кеттіп "Биссмилла" деп палауға қол соза бергенде,жігіттер де жоқ,палау құмалаққа айналды да кетті.Содан кейін әңгіме тысылып дүние туралы өрбіді,бірі сенді,екіншісі сенбеді.Сол кезде аяндап Молдахан ата келе жатты барлығы сол жаққа бұрылып "қашқын" келеді, деді.Кейіннен сұрап білгенімде ол қарт жертөбе қазып сол жерде соғыс біткенше тығылып жатқан екен.

Сол қарттар ауылдың қара жұмысын атқарып,келе жатқан ұрпаққа тәрбиелеуге ат салысты,ата-бабалардың мұра болып келе жатқан жерін қорғап,келер ұрпаққа табыс еткен сол бір жандар еді ғой.

9 мамыр күні орден,медальдарын тағып, шеруге шығып,оқушылармен кездесіп,майдандағы отты күндерінен сыр шертуші еді,жарықтықтар.70 жылдан соң баласы еркіндік алып,елі өзінің көк туының астында өмір сүретінін көрмесе де,өз үлестерін қосып кетті деп сөзін аяқтады анам.Қазіргі қалғаны аздаған қарттар.Оларға біздер қалай тағызым етсек те көптік етпес еді.

Нұралиева Маржан

6 сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы

Жетекшісі: Мақпал Сембай

Сен де, мен де ұмытпаймыз ешқашан

Міне, Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толды. Ұлы Отан соғысында біздің ата-бабалар аз қан төккен жоқ. Жаумен арпалысам деп мүгедек болып та қалды. Кейбір жауынгерлер тіпті ажал құшты. Осының бәрі сұрапыл соғыстың кесірі. Бауыржан Момышұлы өзінің елі, жері үшін күресті. Ол даңқты қолбасшы болған. Бауыржан Момышұлының әскері де өзі секілді айбынды болған. Егер олардың ішінен біреу қорқақтаса Бауыржан оны өзі өлтіріп тастаған. Сұм соғыста жауынгерлер таңды сөздерімен атырған. Олар жігерлену үшін

Слушай, рабочий, война началась,
Бросай свое дело, в поход собирайся,
Вот и окопы, трещат пулеметы,
Но их не боятся советские роты!
Смело мы в бой пойдем за власть Советов,
И как один умрем в борьбе за это!
Смело мы в бой пойдем за власть Советов!
Ээ! Пока не поумрем в борьбе за это...

- деп әндеткен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Олар қысы-жазы суықта да, ыстықта да аянбай шайқасқан. Төрт жыл болған сұрапыл соғыс оларды жүдетіп жіберген. Ауылда еркек кіндікті қалмаған. Тек кішкентай балалар мен оның аналары және қарттар ғана қалған. Олар майдандағы жауынгерлер үшін еңбек етіп, азық жинаған. Өздері жемесе де соларға жіберіп отырған. Өйткені, олар еліміздің қорғандары еді. Сол кездегі кішкентай балалар өтірік керең, мылқау болып, немістердің құпиясын біліп келіп отырған. Күндер адам өлімінсіз болмаған. Сұм соғыс талайларды қыршынан қиып, талайды жетім, талайды жесір қалдырды.

Оралғаны бар, орамағаны бар, бірі мүгедек болып келіп жатса, енді бірінің үйіне қара қағаз келіп жатты. Майдан алаңында кеудесінен жаны шығып бара жаста да, жауының бірінің жанын бірге алып кетпек болып, мылтығын тіреп болса да, жауымен шайқасқан ержүрек батырлар бүгінде біздің мақтанышымыз!

Төрт жылға созылған соғыс та өз межесіне жетті. Аяқталды. Соғыс бітіп, жеңіс туы желбірегенде қуанбаған жас-кәрі қалмаған. Танысын-танымасын бірін-бірі құшақтап, Ұлы Жеңіспен құттықтаған адамдардың шаттыққа толы үндері көк аспан, шартарапқа жайылды. Ерлігі елге аян, қайрат-күші, өрлігі, ержүректігінің арқасында ел есінде мәңгі сақталған ата-апаларымыздың арқасында өмір сүріп отырған бүгінгі Жеңіс күнімізге мың шүкір! Жеңістің туы, желбіре, аспанында азат елімнің!

Нұрлан Ерке

10 сынып, №148 мектеп-гимназия Алматы қаласы

Жетекшісі: Салыкбаева Асия Аблайқызы

Ұлыларға тағзым

Гитлердің осы бір хатынан сұмдықтың табы айқын сезіледі. Адамзатқа үлкен қайғы әкелген Ұлы Отан соғысы жайлы бұл... Ащы да болса, шындық... 1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия жасаған келісімді бұзып, КСРО аумағына соғыс жариялап, басып кірді. Ұлы Отан соғысының қарқыны осылай басталды. Гитлерлік Германия осыған дейін Еуропаның көптеген мемлекеттерін басып алған болатын. Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық жақтары болды. Яғни, шикізат үшін азық-түлік базасы ретінде әлсіз мемлекет құру. Осы мақсатқа төтеп беру үшін соғыстың алғашқы күндерінен бастап қазақстандықтар майданда шайқасты. Қазақтар отан үшін, фашистерге қарсы бағытталған соғысқа аянбай қатысты. Яғни, қазақ халқының мақсаты ол соғысты жеңіп, тату-тәтті өмір сүру болды. Осындай мәліметтерден кейін қазақ халқының Ұлы Отан соғысына қандай үлес қосты деген сұрақ туындайды. Соғыс басталысымен Қазақстан халқы отан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Мәншүк Мәметова: «Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін», - деп әскери комитетке өтініш берді. Сол кезде адамдар Отан деген ұлы ұғымды бәрінен биік қойды. Жап-жас қыз Мәншүк өзінің Отан алдындағы борышын міндетім деп түсінді.

Ұлы Отан соғысы жайлы білмейтін адам елімізде жоқ деп кесіп айта аламын. Білеміз, естиміз, «көреміз»... Бірақ осы сұм соғыстың шынайы бейнесін, жауынгерлердің өмір үшін, Отан үшін күрес кезеңін еш уақытта біле алмаймыз. Тіпті білмей-ақ та қояйық. Ашық аспан, тыныш тіршілігімізден айырмасын, соғыс болмасын әлемде.

Түрлі әдебиеттерді, интернет ресурстарын қарағанымда, соғыс жылдарында қазақстандықтардың үлесі көп болғандығын білдім. Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфилов пен комиссар А.С.Егоров басқарған 316-атқыштар дивизиясының аты аңызға айналды.

Ұлы Отан соғысы Кеңестер Одағы жеңісімен аяқталды. Шешуші Берлин шайқасына көптеген қазақстандықтар қатысты. Қазақстандықтар ұлы жеңіске өз үлестерін аямай қоса білді. 500-дей қазақстандық Кеңестер Одағының батыры атағына ие болды.

Қазақстандықтар тек майдандарда ғана емес, жау тылында да шайқасты. Елдің басқа халықтарымен бірге олар жау уақытша басып алған аумақтардағы партизандық қозғалысқа қатысты.

Жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім өздігінен пайда болмайды. Бұл оқу-тәрбие беру арқылы жүзеге аспақ. Ал ұрпақ бойына осындай сезімді сіңдіру үшін біз, әлбетте, Ұлы Отан соғысын негізге аламыз.

Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал.

Иә, содан бері жетпіс жыл уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Соғыс іздері Жер бетінен өшіп қалғандай, әйтсе де, жаңғырығы әр адамның жадында сақталуда.

Ол тағы да қайталанбас үшін, біз соғыстың қасіретін есімізден шығармауымыз керек!

Өз өмірлерін қиып, бізге азаттық таңын сыйлап кеткен сарбаздарды ұмытуға біздің қақымыз жоқ! Біз бәрін жадымызда сақтауға міндеттіміз! Өткенді ұмыту – Отан үшін, келешек ұрпаққа тастап кеткен бейбіт аспан үшін күресіп, жандарын қиғандарға деген естелікке опасыздық жасау деген сөз!

Кішкентай кезімізде «ардагер» деген сөзді естісем, сол адамға зор құрметпен әрі үлкен мақтанышпен қараушы едім...ал кейінгі ұрпақтың мұны түсінер халі жоқтай. Біз – ардагерлерді тірідей көріп тұрған соңғы ұрпақпыз. Сондақтан, олардың қадірін біле жүргеніміз абзал.

Қариялар азайып бара жатқанын, әсіресе, олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман оралған ардагерлеріміздің қарасы жыл санап азайып барады

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағып, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Өз ардагерлеріміз туралы айтып өту жөн болар. Біздің Отанымыз үшін өмірлерін құрбан еткендердің саны жылдан жылға азайып барады. Дәл осы жандар от пен суға түсіп, окоптарда тоңып, өзендерді кешкен және осының барлығын біз өмір сүретін жерді сақтап қалу үшін жасаған. Қантөгіс соғыстың ауырлығын қайсарлықпен көтере білген, бақытқа әрі қайғыға толы, жақындарынан айырған ұзақ ғұмырды бастан өткізген адамдар. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл – Ұлы мереке. Өзіңіз ойлап қараңызшы, бес жыл бойы толассыз атыс, қан сасыған майданда туған үйін, бейқам өмірді аңсап жүрген шақта «Біз жеңдік, соғыс бітті!» деген сөздерді есту – әрине, сарбаздар үшін Ұлы мереке таңы. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Ал оларға тағзым ету – ұрпаққа міндет.

Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

«Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды»... Бұл сөзді тура мағынасында түсінетіндер көп. Жоғарыда айтып кеткенімдей, Ұлы Отан соғысында жан ұшырған қазақ батырлары мен қазақстандық ардагерлер өте көп. Олардың барлығын тізбектей жаттап алу – айтылған міндет емес. Бүгінгі күнге жетіп, бүгінгі күннің татулығы, бірлігі, бейбітшілігі – сол ерлердің арқасы екенін ұғыну; олардың барлығы да бір жұдырықтай жұмылып, бір Отан үшін жан аямады, бірге күресті – осыны білу; олардың Отанға деген ұлы рухтық сезімі – осыны сезіну... осының барлығы да бір сөзге саяды – ұмытпау.

Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш – әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды.

Қазақ – ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының сан қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарына өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Биылғы жыл жеңістің жетпіс жылдығы тойланғалы тұр. «Ер есімі – ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

Омарғазиева Айғаным

8 сынып, №148 мектеп-гимназия Алматы қаласы

Жетекшісі: Салыкбаева Асия Аблайқызы

Ешкім де ұмытылмайды, ешнәрсе де ұмытылмақ емес

Ұлы Отан соғысы...

Адам баласы үшін соғыстан асқан кесапат жоқ. Соғыс! Жалғыз ауыз сөз. Бірақ қандай қорқынышты?! Соғыс дегеніміз – қайғы-қасірет, қантөгіс, өлім-жетім. Соғыс дегеніміз – күн сайын туған-туыстан, жақын-жорадан, қарулас досыңнан айырылу.

Ұлы Отан соғысының ерлікке толы қаһарлы жылдары біртіндеп алыстап барады. Мектебімізде кездесулер өткенде ата-апаларымыздан естігеніміз жан түршіктіреді. Бірақ олар Отанды шексіз сүйді. Сондықтан осындай көзсіз ерлік жасап, жеңіске жетті. Олардың ерлік жолдар бізге өнеге. Кейбір достарымыздың аталары, апалары осы соғысқа қатысқанын да білеміз. Олар оны мақтанышпен айтып, өздерінің батырдың ұрпағы екендіктеріне сенім білдіреді. Расында да соғыс жылдарында ерлік көрсеткен әр азамат батыр болуға лайық.

Атадан жақсы ұл туса,
Елінің туы болады.
Атадан жаман ұл туса,
Көшінің соңы болады,-

деп Қаз дауысты Қазыбек би айтқан деп анам айтып отырады, осы жылдарда ерлік көрсеткен әр адам өздерінің нағыз патриот екендіктерін көрсетті. Тіпті сол заманда өмір сүрген балаларға қандай қиын болған десеңізші... Біз бүгін не ішіп, не киеміз демейміз. Қолымызда ұялы телефон, оның да түр-түрін таңдаймыз. Сөйтіп, ата-аналарымызға көмектескеннің орнына оларға өз қажеттіліктерімізді үсті-үстіне үстей береміз. Ал соғыс жылдарында балалар ішетін тамақ, киетін киім таппай, үлкендермен бірдей таңның атысы, кештің батысы жұмыс істеді. Тыным таппай, тек Отанымыз азат етілсе деп ойлады. Біздің бүгін жарқын, алаңсыз өмір сүруімізге олардың да қосқан үлесі зор. Қайран балалық... Олар ештеңе көрмеді. Ойнамады, шаттана күлмеді. Бірақ соғыс жылдарындағы балалар ретінде тарихта қалды. Олар өздерінің балалық шақтарын еңбек пен үмітке айырбастады.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толады. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерен еңбектерінің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

белгісі. Біздің аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жастары үшін үлгі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 100-ге жуық қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алғандығын тарих сабағынан білеміз.

9 мамыр - бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз - бұл күнді еске сақтау. Ұлы жеңіс күні құтты болсын! Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата -апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз –Отанды сүю, еліміздің, жеріміздің адал патриоттары болу, достық пен бірлік тең ұстау.

Батырдың ұрпағымын қару алған,
Қорғаудан туған елін жаңылмаған.
Айбатты арыстандай айбары мол,
Атамның ерлік жолы үлгі маған.

деп ақын жырлағандай ұлылар өткен жол маған және менің замандастарыма үлгі. Мен бала болсам да аталар жүрген жол арқылы Отан деген сөздің құдіретін түсіне аламын. Осы сөздің әр уақытта биікте тұруына өз үлесімді қосамын. Қасық қаны қалғанша күрескен бабалар ерлігі біздің кішкентай жүрегімізде мәңгі сақталары сөзсіз.

Ол үшін мен оқитын №148 мектеп –гимназия мұғалімдері де үлкен үлес қосуда. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлікті паш ететін сынып сағаттары, кездесулер біздің аталар ерлігін мақтан ете алуымызға лайықты үлесін қосып келеді. Елімізді, жерімізді, халқымызды сүюге бізді ұстаздарымыз үйретіп тәрбиелеп келеді. Яғни, патриоттық тәрбиенің бастауы біз үшін мектептен басталады. Өз Отанымды шексіз сүйе отырып, енді ешқашан ешуақытта соғыс болмасын деп тілеймін. Әжем айтпақшы, «ел іргесі аман, жұрт тыныш» болсын... Ата-бабаларымыздың асыл арманы мен мақсатынан туған қасиетті тәуелсіздік тұғыры баянды болсын деп тілеймін. Отанымыздың тарихи бастауларына бойлап, бүгінгі күн өлшемімен таразылау арқылы осынау талай жылғы күреспен келген тәуелсіздіктің құнына баға жетпейді.

Рахымжан Мадияр

№ 119 мектептің 8 сынып оқушысы Алматы

Патриот болу – мұратым

Менің атам Ұлы Отан соғысына қатысқан. Мен бірде атамнан: «Ата, өзі соғыс болса, оны неге ұлы дейміз? Соғыс деген жаман ғой?», - деген сұрақ қойдым. Салалы саусақтарымен басымнан сипалап отырған атам сәл ойланып барып: «Балам, «Ұлы» деген қасиетті сөз өмірдегі нағыз құндылықтарға арнап айтылған. Ұлы Отан соғысы дейтініміз, соғысты емес, елімізді, жерімізді қасықтай қаны қалғанша қорғап, фашистерді жеңіп шыққан еліміздің патриоттарына арнап айтылған. Жаздың мамыражай күндерінде, шықтай мөлдір таңғы сәтте шырт ұйқыда жатқан халықтың ұйқысын бұзып, соғыс деген суық сөзді естірткен сол 41 жыл естен кетер ме?!», - деп күрсініп қойды.

Мен соғыс туралы киноларды жиі көріп, соғыс туралы кітаптарды жиі оқыдым. Ондағы ағаларымыз бен апаларымыздың жанқиярлық ерліктеріне тәнті болдым. Фашистердің қатігездіктеріне тісімді қайрап, ызаландым да.

Біз бүгінде «соғыс» деген суық сөзді естігенімізбен, оның мәніне бойлай бермейміз. Бейбіт елде бақытты өмір сүріп жатқан біздің ұрпақ үшін бұл сөз жат. Тәуелсіз елімізде еркін білім алып, еркін қызмет етуге барлық жағдай жасалған. Алайда біз өз еліміздің патриоттары болуымыз керек. Патриот болу деген қолыңа қару алып жауға қарсы шабу деген мағынаны ғана білдірмейді. Патриот болу – еліңді сүю, жеріңді сүю, тарихи, рухани, материалдық құндылықтарды бағалау. Ұлттық дәстүрді, халықтық мұраны сақтау. Ұлттық өнерді насихаттау. Тәуелсіз елімізбен, ұлан-байтақ жерімізбен мақтану. Ұлы Отан соғысында ұрпағының болашағы үшін соғысқан батыр ата, апаларымызды еске алу. Есімін мәңгі есте сақтау.

2015 жылы Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 70 жыл толады. Соғыстан кейінгі күйреген шаруашылықты қалпына келтіру жылдарында жеңісті бар жан-тәнімен сезінген халық еш қиындыққа мойымай, аянбай еңбек етті. Тұрмысымызды түзеуге атсалысты. Соғыстың зардаптары барлық салаға да зиянын тигізген еді. Осындай жеңістер мен жемістер біздің бүгінгі бақытты балалық шағымызға мүмкіндік берді. Мен Жеңісті, жемісті күндерді мақтанышпен айтамын. Жақсы оқып, үлгілі тәртібіммен өз үлесімді қосқым келеді. Болашақта хирург болғым келеді. Адамдарды аурудан арашалап қалу да мерейлі міндет деп санаймын.

Біз, бүгінгі өскелең ұрпақ өз еліміздің патриоты болуды мұрат тұтамыз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Садыбек Динара

9сынып, №131 мектеп-лицейі Алматы қаласы
Жетекші: Келденова Гауһар Қабдешқызы

Жеңіске жеткізетін жол - Отанды сүю
Отан үшін отқа түс-күймейсің
Б.Момышұлы

Ұлы жеңіс мерекесін жыл сайын 9 мамырда атап өтеміз. Ол - 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында жеңген жеңісіміз!

1941 жылы жерімізге Германия фашистік әскері басып кірді. Еліміз бір кісідей жаудан Отанымызды қорғап қалуға көтерілді. Соғыс өте ауыр болды. Фашистік басқыншылар ел астанасы Мәскеуге дейін келді. Екі жақтан да көп адам қырылды.

Отан қорғау жолында қазақстандықтар да кеудесін оққа төсеп, ерлікпен шайқасты. Әсіресе, Ұлы Жеңістің бастамасы болған Мәскеу түбіндегі ұрыстарда қазақстандық жауынгерлерден құрылған генерал Панфилов дивизиясының ерлік даңқы шықты. Соның ішінде Бауыржан Момышұлы басқарған полк Волоколамск тасжолынан жауды асырмай, тойтарыс беріп тұрды. Бауыржан Момышұлы туралы ұлттық батырларымыздың бірі Қасым Қайсенов былай деп айтқан еді: "Мен де соғысқа барып, партизан болып, жаумен талай бетпе-бет келіп шайқасқанмын. Сөйтіп, батыр атанғандардың бірімін. Бірақ Баукеңдей батырды көргенім жоқ. Бізді де жұрт батыр дейді, бірақ Баукеңнің батырлығының қасында түк те емес. Жаудың темірдей құрсалған бес қоршауын бұзып, генералдармен тайталасып, өз дегенін өткізу-екінің бірінің қолынан келе бермейді... Баукең - нағыз батыр!"

Бұл бағаның биіктігін сезіну үшін оны айтқан Қасым Қайсеновтың биігін білу керек.

Қасым Қайсенов соғысқа алғашқы күннен бастап партизан ретінде қатысты. Соғыс басталғаннан кейін, жау тылында партизандық ұрыстар жүргізу үшін Батыс Украинаның Карпат тауына бірнеше топ түсірілген еді. Сол топта Қасым Қайсенов та болатын. Ол өзіне жүктелген тапсырманы орындап, партизан жасағын құрады, өзі құрған жасақтың командирі болады. Сөйтіп, бес жыл бойы жау тылында жаудың берекесін қашырып, ұрыстар жүргізіп, батыр атанады.

Ол талай рет өліммен бетпе-бет келеді: "1944 жылдың басында мен немістердің қолына түсіп қалдым,-деп жазды кейін ол есіне алып.

-Бізді бір-екі күн ұрып-соғып, әбден жазалап алды да, бір алаңға апарып, өзімізге ор қаздырып, қазылған ордың жиегіне қатар тұрғызып, атып, содан соң жақсылап көміп, үстімізден танк жүргізіп, өздері Совет әскерінің шабуылына төтеп бере алмай, зыта жөнелген. Сыртымыздан бақылап жүрген жергілікті тұрғын олардың қасына келіп, қимылдап жатқан топырақты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

байқайды. Сөйтіп, мына жерде тірі адам бар екен деп, топырақты қазып, мені шығарып алды. Содан өз адамдарыма табыстады."

Бұл - соғыстың бір көрінісі ғана. Отан қорғаушылардың бір иығына мылтық ілінсе, екінші иығына ажал жармасқан. Соғыстан кейінгі жылдары Қасым Қайсенов туралы көптеген кітаптар жазылды. Өзі де партизандар туралы батырлық повестер жазып, жас ұрпаққа партизандар ерлігін баяндады, жеңістің оңайлықпен келмегенін көрсетті.

Жеңістің ауыр жолдарын даңқты батыр Б.Момышұлы да жазды.Көп жазды, Отанды шын сүюді өсиет етті. Елбасымыз бұл туралы : "Отанын Б. Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдырған басқа қаламгер жоқ",-деген еді.

Бұған Б. Момышұлының 30 том болып жарық көрген кітаптары айғақ. "Генерал Панфилов", "Москва үшін шайқас" ,"Қанмен жазылған кітап", "Соғыс психологиясы"т.б. тамаша кітаптарында адамгершілік, азаматтық,Отанды сүю қасиеттері ерліктің көзі екенін жазады. Адамгершілікке, адамзаттыққа, Отанды сүюге негізделген ерлік қана жеңіске жеткізетінін дәлелдеді.

Жазушы Әзілхан Нұршайықов Бауыржан Момышұлының ерлік жолын зерттеп, "Ақиқат пен аңыз" атты кітап жазған. Онда Бауыржан батырдың Ұлы Отан соғысының барлық 4118 күні мен түнінде ерлік жасаумен болғанын айтады. Міне, бұл арқылы Ә.Нұршайықов барлық Отан қорғаушылардың жеңіс үшін еткен ерліктерін көрсетеді. Ерлік үшін берілетін ең жоғарғы мадақтау болып саналған Кеңестер Одағының Батыры атағына 500 қазақстандық ие болған.

Олжас Сүлейменов айтқандай, біздерді бабалар дәстүрлерінің мұрагері емес, белсенді жалғастырушылары деу әділ болмақ. Біздер, ХХІ ғасыр жастары, өзімізді патриот санаймыз. Б. Момышұлының: "Патриоттық дегеніміз- әке-шешенді құрметтей білу, ауыл-аймағыңды ардақтай білу,өз ұлтыңды сүю,ана тілінді ардақтау,өз халқыңның өткен жолын құрметтеп, оған тіл тигізбеу,Отаныңды жаныңнан артық сүю,қорғау",- деп жазғаны-бүгінгі біздердің де Елбасымыз белгілеген "Мәңгілік Ел" идеясына қол жеткізетін жеңістеріміздің тұғыры. Бауыржан батырдың ар,намыс,адамгершілік,ақ ниет,адалдық алдымызда Темірқазықтай болуын өсиет еткені - біздің жолымыздың да Темірқазығы.

Бұлар- бабаларымыздың ерлік дәстүрінің жаңа жалғасы. Оны жалғастырушы - біздерміз!Сондықтан да Елбасымыз, Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Ұлы көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев белгілеп берген Нұрлы жолмен әлемдегі ең дамыған 30 ел қатарына ену жеңісіне қол жеткізетінімізге сенімдімін.

Өз шығармамды:

Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқтаулы мылтықтар жойылсын!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Бомбаның орынын тегістеген
Күректер музейге қойылсын!

-деген өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

Сайдалин Мағжан

6 «Б» сынып оқушысы

Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мақпал Сембай

Осыдан жетпіс жыл бұрын қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған күн болатын, таң ата бере фашистік Германия Кеңес Одағына шабуыл жасады. Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен көптеген қазақ азаматтары соғысты бірінші болып қарсы алды. Бұл соғыс кенет басталғанымен бүкіл Кеңес Одағы соғысқа жұдырықтай жұмылып дайындалды. Барлық комиссариаттарға соғысқа барғысы келетін еріктілер көптеп ағыла бастады. Мектеп партасында отырған бозбала, бойжеткендерден бастап жиналған адамдардың барлығы соғысқа өз еркімен сұранды. Соғыс кезінде біздің республикамыздан 6 млн 200 мың адамның ішінен 1 млн 200 мыңнан астам қазақ соғысқа шақырылған.

Соғысқа мыңдаған дивизиялар, мыңдаған жеңіл және жүк көліктер, көптеген тракторлар мен арбалар жөнелтілген еді. Қазақтар көптеген әскер мен флот, дивизиялар құруға үлкен үлес қосты. 1941-1946 жылдары 42 мыңнан астам қазақ жастары әскери оқу орнына жөнелтілген еді. Соғыс кезінде жұмыс істеген 27 оқу орнынан 12 мыңнан астам офицер дайындап шығарылды. Өте аз уақыттың ішінде Қазақстан аумағына 150-ден астам кәсіпорын, 550 мыңнан астам адам көшірілді. Соғыстың алғашқы жылдарында Қазақстан аумағында көптеген кен өндіретін фабрикалар, көмір шахталары, кен орындары, мұнай кеніштері мен мұнай өңдейтін зауыттар жаңадан іске қосылған еді. Соғыс жылдары марганец, мыс, полиметалл сияқты кендердің көп бөлігін Қазақстан аумағында өндірген. Соғысқа қажетті мыстың үштен екі бөлігі Қазақстанда өндірілген. Сондықтан да, соғыста атылған он оқтың тоғызы Қазақстан аумағында өндірілген. 1941 жылы КСРО-да ұшақ және танк жасауға ақша жинау басталды. Соғыс кезінде Қазақстан халқы соғысқа арналған техника жасау үшін 480,3 миллион рубль жиналған. Бір жылға жетпейтін уақыттың ішінде Қазақстаннан 45 жаңа танк алынды және де кейінірек халық қаражатына тағы да көптеген эскадрилия, катерлер мен ұшақтар жасалды. Қазақстанның ауыл шаруашылығы да жеңіске жетуге үлкен үлес қосты. Соғысқа миллиондаған пұт астық, миллиондаған пұт картоп және көкөніс, миллиондаған киллограмм ет, мыңдаған центнер сүт, мыңдаған центнер жүн және т.б. заттар жіберілді. Ерлердің барлығы соғыста болғандықтан зауыттарда әйелдер, балалар мен қарттар еңбек етті. Соғыс уақытында жұмыс

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

күндері де ұзартылды. 6 апталық, 23 сағаттық жұмыс күндері белгіленді. Бүкіл халық «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етті. 1942-1944 жылдары 507 мың балқар, қарашай, ингуш пен шешен халқы, 110 мың түрік-месхетиндер, 180 мың қырым татарлары жер аударып соғысқа аттанды. Жараланған жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздыр күн сайын келді. Көптеген әскери госпитальдар мен ауруханалар Алматыда құрылды.

Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстаққа Жеңіс туын тіккендердің бірі-қазақ жігіті - Рақымжан Қошқарбаев. Партизандар қатарында, жаудың тылында да шайқасқан қазақтардың бірі - Қасым Қайсенов. Танымал қолбасшы, әскери жазушы - Бауыржан Момышұлы. 28 панфиловшылар сияқты қазақ азамат, азаматшаларының ерен еңбегімен келген жеңісті қадірлей білейік!

Қайсар Серікұлы

Алматы қаласы № 19 жалпы білім беретін мектеп 5-сынып
Жетекшісі Бектұрғанова Қ.Ә

Халықтың батыр ұлы –Бауыржан

Сүйер ұлың болса, сен сүй-
Сүйсінерге жарар ол...
Абай

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да, рухы мен үмітін жанып, алыстан бағдар сілтеп тұрар «Темірқазық» сынды жұлдыз-тұлғалар болады. Қаны қазақ үшін Бауыржан Момышұлы- сондай тұлға. Жер бетіндегі пенде біткен шынайы зиялылық пен парасаттылықты бағалайтын санасын жоғалтып алмаса, аты мен хаты бүкіл дүние жүзіне аңыз боп тараған қазақтың ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының есімі қазақ жадынан ұмытылмасы анық. «Биік таулардың алыстаған сайын зорая түсетіні» сияқты, көзі тірісінде «Халық Қаһарманы» атағын алмаса да, жылдар жылжыған сайын батырлық пен арлылықтың, ақиқат пен әділеттіліктің символындай- дарабоз Қыранға айналарын данышпан жан білген де екен. Себебі қырықтың қырқасына шығуға жақындаған кезде жазған бір өлеңінде:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,-
Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,
Тарихтың түкпірінен сөз келгенде,

- деп толғаныпты.

«Салмақтайтын саналы ер табылса, Атаусыз неге қалсын менің атым !» деген сенімді оймен түйінделетін шумақтары да бар. Осындайда,(сексен мен жүздігі де жоғары деңгейде тойланды!) желтоқсанның 24- жұлдызындағы туған күні қарсаңында мектеп оқушыларына батыр, ақын-жазушы, әскери қолбасшы һәм шешен де көсем тұлға жайлы терең мазмұнды Республикалық « Бауыржан оқулары» байқауын ұйымдастырып отырған Білім басқармасындағы ағай-апайлардың «Салмақтайтын саналы ер» екендігін айтып өтсек артық болмас.

Мен бұл шығармамда Бауыржан Момышұлының ғажайып оқиғаларға толы ерлік өмірбаяны мен азаматтық келбетін сомдағалы отырған жоқпын. Оны жүрегі «қазақ» деп соққан кез-келген жан біледі деп ойлаймын. Сондықтан өз шығармалары мен ой-толғаныстарынан адамгершілік пен арлылық принциптерін идеал тұтқан батырдың сұңғыла би – шешендердей терең философияға толы нақыл сөздері жайлы жазғым келеді.

«Намысты нанға сатпа», «Арсыздан айуан артық», «Азамат жолы – ар жолы», «Ар- өмірден қымбат, абыройсыздық -өлімнен де жаман...» деген даналық сөздерінен Ар мен Ұятты жанынан артық көріп,«Жанын ары үшін құрбан еткен» қаһарман қазақтың бейнесін көруге болады. 1986ж. Желтоқсан көтерілісі кезінде жастардың айдалып – атылғаны, он екіде бір гүлі ашылмаған жас қыздардың зорлық көріп, балғын денесіне ащы таяқ тигені – Батырдың сол кезде өмірде болмағанынан деп ойлаймын мен. Егер тірі болғанда аруақты ер ақиқаттың айбалтасымен өтіріктің тамырын қиып, жазықсыз жастарға күндей күркіреп араша тұрары анық еді! Басқасына шыдаса да, жалғандық пен әділетсіздікке төзбес еді. «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлер еді!»

Мен қалалық шығармалар байқауында бірнеше рет жеңіске қол жеткізгенімді атамыздың мына сөзін бойтұмар еткенімнен деп білемін: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды,бар тарихымызды ұмыту»(не деген керемет сөз!).

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырлап орысшалап жырқылдаған,
Ұмытып ана тілін,салт-санасын,

Не қалды тілімізде жыртылмаған?-деп, 1944 жылы Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндерінде / от пен оқтың арасында жүріп!/ашына жазғанын –тіл тағдырын қиын-қыстау күннің өзінде назардан тыс қалдырмаған ұлылығын –ұлықтай алмай жүргенімізді Бауржан Момышұлы атындағы көшедегі тұнып тұрған орысша,ағылшынша жарнамалар мен атаулар айғақтаса керек ?!

«Тілекке –еңбек тірек», «Терлеп еңбек етерсің-тілегіңе жетерсің», «Талаптың тоқпағы тасқа шеге қағады» деген толғамдары –тек қазақ үшін емес,жалпы адамзат үшін өнеге болар сөздер.

Жаныңды шуаққа бөлер «Шуақты күндер» атты естелік кітаптың авторы,келіні,батыр атмыздың ұлы Бақытжан Момышұлының зайыбы-Зейнеп Ахметованың бүкіл қазақ келінінің символына айналғаны-Бауыржан батырдың-зерде көкжиегінді кеңейтер терең ой мен сұлу сөздерін тыңдап,тәрбие өнегесін көргендігінде деп білемін.

Тәуелсіз елдің ұланы – бізге қазақ рухының көгінен халықтың Ұлы Перзенті Бауыржан Момышұлы көз салып тұр.Сондықтан ар-намысымызды таптатпай ,атамекен жер үшін, қасиетті ел үшін бейбіт күнде батыр болуымыз керек.Өйткені аңызға айналған Бауыржан атамыз айтқандай: «Ежелден ер тілегі-ел тілегі!».

Сүйінов Құралай

№178 лицейдің 6 г сынып оқушысы Алматы қаласы

Менің аты-жөнім Сүйінова Құралай Нұрланқызы. Биыл 13 жасқа толамын. Менің атам – Қайырбек Сүйінов туралы айтқым келеді. Мен атам мен әжемді көрген жоқпын. Бірақ, әкем еңбек және соғыс ардагері атам жайында айтып береді. Мектепке барған соң атам жайында жазылған кітаптар мен құжаттарды өзім оқып алатын болдым.

2015 жылы 100 жасқа толатын атам мен Жанханым әжем екеуі алты бала тәрбиелеп, өсіріпті. Менің әкем атам мен әжемнің бесінші перзенті екен. Жас кезінде ата-анасынан айырылған әкем, маған атам мен әжем жайында әрдайым айтып отырады. Ол атамның өмірін Қазақстан тарихымен байланыстыра баяндайды. «Біз майдангерлердің кіші балаларымыз, мені әкем 50 жасында тапқан. Ұлы Отан соғысы тақырыбына тікелей қатысы бар ұрпақтың соңы біз», – дейді әкем. Осы сөздерін маған талдап, түсіндіріп береді. Менің атам туралы «Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабының 19-томында жазылған. Расында да атамның өмірі біз мектепте оқитын Қазақстан тарихымен тікелей байланысты екен. Кітапта жазылғандай, 1915 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген атам – Қайырбек Сүйінов Кеңестер Одағы деген мемлекетте колхоздастыру жұмысына араласыпты. Ауылда жұмыс істеп, сосын әскерде болыпты. Кітапта «Қайырбек Сүйінов 1950 – 1970 жылдарда соғыстан кейін тұралап қалған ауыл шаруашылығын көтеруге атсалысты. Қой шаруашылығын өркендетуде Одақ бойынша үлкен жетістіктерге жетті», – деп жазылған. Кітапта айтылған соғыс 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы. Біз соғыс жайында тарих сабағынан, кинолардан білеміз. Соғыста батыр болған Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Талғат Бигелдинов туралы да білеміз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Менің атам да соғысқа қатысып, ерлік көрсеткен. Соғыстан ауыр жарақатпен оралып, әжеме үйленіпті. Көп балалы болыпты.

Былтыр әкем бізге сүйінші хабар айтты. Ол интернет арқылы атамның соғыста ерлік көрсетіп алған алғашқы медалі жайында құжаттар тауып алыпты. Ұлы Отан соғысы архивінен табылған құжатта атамның 1942 жылы көрсеткен ерлігі және бөлімше командирі Сүйінов Қайырбекті наградаға ұсыну жайында жазылған. Құжаттың «Подвиг» деген бөлімінде қолмен былай жазылыпты.

– При занятии безымянной высоты, в районе южнее, д.Фомина-Негачевки Хлевинского района Воронежской области, сержант Суюнов будучи командиром отделения под его руководством отделение неоднократно отбивало отдельные группы противника переходившего в контратаку. В этом бою 4.8.42г. Суюнов проявил храбрость и преданность Родине, он лично уничтожил огнем своего автомата более десяти немцев.

т.Суюнов достоин правительственной награды, медали «За боевые заслуги».

Бұл атамның алғашқы медалі екен. Жалпы, атамнан қалған медальдар көп. Бірақ, әкемнің айтуынша атамның алғашқы медалінің орны бөлек. Журналист-зерттеуші Ермек Зәңгіров көкем де «За боевые заслуги» медалінің маңызын түсіндіріп берді. Бұл медаль айрықша ерлік көрсеткен батырларға беріледі екен. Соғыста батыр, генерал болған адамдардың да кейбірінде мұндай медаль жоқ екен.

«Қазақ жерінің зиялы азаматтары» кітабында былай жазылыпты: «Елге қызмет ету жолында тағдырға қарсы тұрған соғыс және еңбек ардагері Қайырбек Сүйінов 1985 жылы дүниеден озды». Әкем «Атаң ең болмағанда 90 жас жасағанда, сені көретін еді», – дейді. Ал мен батыр атамды көрмесем де ол жайында бәрін білемін, оны мақтан етемін. Мен үшін атам – Қайырбек Сүйінов нағыз қазақ халқының батыры. Атамның соғыстағы ерлігі туралы құжат пен алғашқы медалінің суреті біздің үйдің төрінде, ата-әжемнің суретімен бірге тұр.

Биыл Ұлы Жеңістің 70 жылдығы. Сондықтан мен әкеммен ақылдасып, осы шығарманы жаздым. Мен өзімнің Ұлы Жеңіс жауынгерінің ұрпағы екенімді мақтан тұтамын.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Сәрсен Балауса

Алматы қаласы

№ 177 ЖББ мектептің

2 сынып оқушысы

Жетекшісі: Көрпебаева Айнұр Кеңесқызы

Соғыс ызғары

Бүгінгі таңда біз бейбітшілігі мен берекесі орнаған заманда өмір сүрудеміз. Біз бақытты балалармыз! Атамның айтуынша осыдан жарты ғасыр бұрын сұрапыл соғыс болған екен. Сол соғыс қиындықтарына қарсы тұрып, ерлікпе шайқасқан ата – бабаларымыздың жалғасы мына, біз.

Соғыс дүниежүзін қамтыпты. Бүкіл кеңес халқы бір жағадан бас, бір жағадан қол шығарып бірігіп жауларына неміс фашистеріне қарсы тұрған. Соғыс қаншама балалар мен аналарды аямаған. Әрбір келер танды қорқынышпен үрейге толы сезіммен қарсы алды. Соғыстың қара бұлты тек қазақ халқының есінде емес, бүкіл халықтың жүрегіне мәңгілік із қалдырды. Ол өшпес із. Ержүрек, қайсар, шыдамды да батыл аталарымыздың арқасында немістерді ойсырата жеңдік.

Өскелен ұрпаққа азаттық алып беру жолында және азаматтың басты борышы отанын – қорғау жолыда шыдамдылықтың шыңына жетті. Кез – келген жер бетіндегі адамзаттың баға жетпес байлығы, ол – Отаны. Жастайынан жақсы тәрбие алған бала, отанды сүю не екенін білу керек. Болашақта қанша жарқын белестерді бағындырсақ та, сол соғыс ызғарын санамыздан өшіру мүмкін емес. Өшпейді де. Ол ақиқат.

Ата – анамызды бағалап, патриот болып өсу, мына біз жас балғындар!

Таңжарық Маржан

Алматы қаласы А. Жұбанов атындағы дарынды

балаларға арналған Республикалық қазақ мамандандырылған музыка

мектеп-интернатының 4 сынып оқушысы

Жетекшісі: Нусипбаева Айгул

Туған жер

Туған жерім! Қазақстаным! Бейбітшілік! Осы бір ұлы сөздерді асқан қуанышпен қайта-қайта айқайлап айта бергім келеді. Өз үйің, өз отбасың, өз мемлекетіңде, бейбітшіліктің арайлы таңымен ұйқыдан оянудан асқан бақыт бар ма? Тәуелсіздік жылдарына дейін, елімізде қаншама қиян – кесі ұрсытарды бастан кешірді. Қаншама жандар осы жолда құрбан болды?! Батыр бабаларымыздың біз үшін істеген ерлігі, төккен қаны ешқашада, ешуақытта,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

ұмытылмақ емес. Тарих беттерінен алтын әріптермен таңбаланды. Әлемді ауызға қаратып, жер көлемі жөнінен тоғызыншы орында тұруымыз, отан үшін, жан берген батырларымыздың арқасында. Табиғатымыз да адамның көз жауын аларлықтай. Астанамыз да, көз алдымызда күнен күнге дамып, өркендеп, өсіп келеді. Ұрпағына отанын аманат еткен бабаларымыздың еңбегін ақтап, сеніміне селкеу түсірмеуге тырысайық! Мен тәуелсіздіктің ұрпағымын. Ол үшін қатты қуанамын! Елімінің ертеңі үшін сабағымды жақсы оқып, өз үлесімді қосуға тырысамын! Тәуелсіз мемлекетте өмір сүріп жатқанымызға елбасымыздың қосқан үлесі зор. Елбасының асқан көрегендігімен, салиқалы саясатының арқасында болашағымыз нұрлы. Болашаққа деген сенімім мол! Біз әлі талай биіктерді бағындырамыз! Қазақстанның байлығы өте көп, және қазынаға бай ел. Сол үшін де мақтан тұтамын.

Туған жер,
Беу, туған жер!
Сен ыстықсың біздерге.
Мың-мың дастан жатыр,
Халқым басқан іздерде
Тұнып жатқан тарихыңнан көз алмай,
Даналықтың жырын жастар іздер ме?

Туған жер – адамның өмірінен киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Қазақстаным - болашағым! Қазақстаным- отбасым! Қазақстаным – достарым! Менің бар болмысым Қазақстаныммен байланысты! Елімде тек бейбітшілік болғай!

Таңжарық Алижан

Алматы қаласы

№81 мектеп-гимназиясының 1 сынып оқушысы

Жетекшісі: Ибраимова Гульжанат

Отанымның ұланымын

Мен ғасырлар тоғысында тәуелсіздігін алған Қазақстан атты бақытты елдің ұрпағымын. Тәуелсіздік жолында ата-бабаларымыз аянбай тер төккен екен. Олардың ерен еңбектері жайында бүгінде тарихи кітаптардан оқып, кинематографтардан көріп жүрміз. Жаңадан мектеп қабырғасының табалдырығын

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

аттасақ та сынып жетекшіміз бізге еліміздің тәуелсіздігі жайында көп айтып, санамызға сіңіріп келеді.

Еліміздің 1991 жылы көк аспанымызда тәуелсіздігіміздің көк туы желбіреп, көп ұлтты, тәуелсіз республика болдық. Оған барлық қазақ ұлты қуанды. Мемлекетіміздің шекарасы белгіленіп, өзге көрші мемлекеттермен достығымыз нығая түсті. Міне содан бері қазақстанымыз гулденіп, көркею үстінде. Тұңғыш президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қазақстанды көркейту үшін аянбай еңбек етуде.

Қазақстанда өмір сүретін әрбір азамат елін сүйеге, қорғауға, өз үлесін қосуға борышты. Мен достарымның өз Отандарын сүйетін азаматары болып өскенін қалаймын. Еліміз үшін біздің қазіргі қосар үлесіміз сабағымызды жақсы оқып, тіртіпті, үлгілі, озат оқушы болу деп түсінем. Ата-ана мен ұстазымыз бізге үнемі жақсы азамат болып өсуді үйретеді. Менің мақсатым өзіме артылған үмітті ақтайтын ұлан болу. Мен елімді сүйемін!

Тлеберды Айым

8 сынып оқушысы Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мақпал Сембай

Ешқашан ешкім ұмытпас, ұмытылмас

Соққанда жылына бір Жеңіс күні,
Жаныңның жазылғандай кеңістігі.
Қарт солдат өз полкінің туын ұстап,
Білдірмей жалғыз аяқ кемістігін.

1933 жылы Германияда фашистік партия сайлауда жеңеді. Оның жетекшісі – Адольф Гитлер елде қатал тәртіп орнатты. Гитлерлік Германия өзінің соғыс жоспарын 1939 жылы бастады. 1939 жылы 1 қыркүйекте Германия Польша жеріне басып енуімен Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Германия 1941 жылы өзінің басты қарсыласы деп есептеген КСРО-ға аяқ тіреді. Біздің тарихта бұл – Ұлы Отан соғысы деген атпен белгілі. 1941 жылы 22 қыркүйекте таңғы сағат төрт шамасында герман әскері КСРО-ның батыс шекараларына ене бастады. Гитлердің соғыс жоспары «Барбаросса» деп аталды. Ол жоспары бойынша КСРО-ны 3-4 айда жаулап алып, оны болашақ жорықтары кезіндегі шикізат, адам ресурсына айналдырмақшы болды. Соғыстың сипаты Германия тарапынан агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды. Ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті, өз жерін қорғаған азаттық Отан соғысы болды.

Кеңес Одағы соғыстан экономикалық жағынан әбден әлсіреп шықты. 32 мың өнеркәсіп орны, сондай-ақ 100 мың ауылшаруашылық өнеркәсіп

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

орындары үлкен шығынға батты. Сталинград, Ленинград, Киев, Минск сияқты қалалар жермен жексен етілді. Соғыс жылдарында еліміз 30 млн-ға жуық халқынан айырылды. 1945-1946 жылдары армия қатарындағылардың саны 8,5 млн-ға азайды. Дегенмен, соғыстың зардабы Қазақстанға ауыр тиді. Көптеген Қазақстандықтар майданда қаза тапты және көбісі соғыстан оралмады. Қазақстандықтар Сталинградтың, Ленинградтың, Солтүстік Кавказдың соғыстан зардап шеккен шаруашылықтарын қалпына келтіруге белсене қатысты. Кеңес өкіметі өз кезегінде Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға ерекше назар аударды. КСРО экономикасы біртіндеп бейбіт қалыпқа түсе бастады. Соғыстан кейін 1946-1950 жылдары халықтың әлеуметтік жағдайы үшін аса ауыр кезең болды. 1947 жылы елімізде бұрыннан қолданылып келген халықты азық-түлікпен мөлшерлі қамтамасыз ететін карточкалық жүйе жойылды.

Батыс шекаралық округтегі Қызыл әскер күштерімен салыстырғанда Германия әскери адам күші ресурсынан екі есе, танктен үш есе, ұшақтан үш есе, артиллериядан 1,3 есе басым болды. Осыған қарамастан, шекарашылар, олардың қатарында Брест қорғаушылары алғашқы ұрыстың өзінде теңдесі жоқ ерлік көрсетті. Брест шекаралық отряды жауынгерлердің құрамында жаудың алғашқы соққысында А.Мүсірепов, В.Лобанов, К.Абдрахманов, К.Иманқұлов, А.Наганов, Ғ.Жұматов, Т.Деревянко, К.Батталов және т.б. қазақстандықтар жауынгерлер қарсылық көрсетіп, айрықша ерлікпен көзге түсті. Соғыс жылдары Қазақстанда 12 атқыштар және 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы және 50-ге жуық жеке полктер мен батальондар жасақталып, майданға жіберілді. Бұл шайқаста ерлік танытқан 28 жауынгер Кеңес Одағы Батыры атағын иеленді. Сонымен қатар, Вололамск түбінде ерлік көрсетіп, қазақ тапқан талантты қолбасшы, қаһарман командир И.В.Паниловке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Соғысты Б.Момышұлы полковник лауазымымен, 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып жүріп аяқтады. 1942 жылдың 19 желтоқсанында Боковская-Пономаревка ауданында болған әуе шайқасында қарағандылық ұшқық Н.Әбдіров өзінің оқ тиіп, өртенген ұшағын жау танктері шоғырланған жерге бағыттап, экипажымен бірге ерлікпен қаза тапты. Н.Әбдіров минометші Қ.Сыпатаев пен Р.Рамазанов Сталинградты қорғаудағы ерліктері үшін Ұлы Отан соғысы Батыры атағына ие болды. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін Кеңес Одағы Батыры атағын алғандар:

- 1.Барлығы – 11600 адам;
- 2.Қазақстандықтар – 497, оның ішінде қазақтар- 97;
- 3.Қазақ қыздары – 3.

Жүздеген мың қазақстандықтар ерлігі үшін марапатталып, қазақстандық 500-ден асам жауынгер Кеңес Одағы Батыры атағын алды, оның ішінде екі қазақ қызы – Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова болды. Рейхстагқа ту тіккен жауынгер қазақ – Рақымжан Қошқарбаев болды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Гитлерлік Германия мен империялықты, Жапонияны жеңуде негізгі еңбек сіңірген Кеңес халқы. Кеңес халқы өз Отанынының бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды. Кеңес халқы өзінің еркін күресімен Еуропаның халықтарын фашистік езгіден құтқарып қалды. Ешбірі де ешқашан ұмытылмайды.

Мен шығармамды қорытындылай келе, С.Мәуленовтың «Соғыстан қайтқан солдаттар» атты өлең жолдарымен тәмамдағым келеді.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар...

Тлеболдинов Ғалымжан

11 сынып, Әл-Фараби атындағы №145 ЖББ мектеп Алматы қаласы

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарын басынан кешірген халық үшін Жеңіс мерекесінің орны айрықша екенін айтып жатудың өзі артық секілді. Ұлы Жеңісті әперген ардагерлеріміз мәңгі біздің жадымызда. Осындай ерлік пен өрліктің символына айналған адамдардың бірі менің атам –Түсіпбек Тлебалдинов.

Түсіпбек Тлебалдинов Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданының Көк-жыра аулында 1902 жылы дүниге келген. Мен Түсіпбек атамның ұлдан тараған ең үлкен шөбересімін. Балалық шағымның кейбір кездері атам туған ауылда өтті. Атамның өмір жолы мен Отанға, анаға, жарға деген сүйіспеншілігі сияқты адами қасиеттері мені әрдайым игілікті істерге жігерлендіріп отырды. Қазіргі таңда жастарға айтып жүрген патриотизм, ел мен жерді сүю, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқорлық көрсету секілді қасиеттердің барлығы Түсіпбек атамның өмір жолынан кездеседі. Мен де ес кіргелі осындай қасиеттерді бойыма сіңіруге тырысып бақтым. Бастан өткерген қиындықтарын естігенде сол уақыттағы бүкіл қазақ халқының қиын-қыстау тіршілігі көз алдыңызға елестейді.

Ұлы Отан соғысы басталысымен өзі сұранып майданға кеткен. Қолына қару ұстаған қалпы майданның алдыңғы шебіне аттанған. Көптеген ауыр шайқастарға қатысып, қарулас достарына ерліктің үлгісін көрсетеді. Қазақ баласы деген атқа кір келтірмепті. Мұз жастанып, қар жамылған жылдары

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жөнінде атам туралы өз атам әңгіме айтқанда тебіреніп кететін. Миллиондаған адамның қаза болғандығы жаныма қатты бататын. Соғысқа дейін үш кластық білімі бар, партия мүшесі болған. Соғыс кезінде 110-шы атқыштар дивизиясында және 1943-1945 жылдары 41-ші атқыштар полкінде болған екен. Соғыстың аты соғыс, Кеннисберг қаласын азат етудегі ерен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен «Даңқ Орденімен » және 3 дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденіне, бірнеше медальдарға ие болған. Ол туралы деректер әскери билетінде де көрсетілген.

Түсіпбек атам елге оралған соң да Отанына пайдасын келтіруге кірісті. Тылдағы еңбек майданына бір кісідей ат салысқан атам, колхоз председателі және ауылдық советін басқарған еңбекқор адам болған . Еңбек етудің ерен үлгісін көрсете білген атам жан аямай еңбек етіп ,биіктерге көтерілген жан екен. Осы еңбек атамды биіктерге көтерді. Бақыт пен қуаныш сыйлады. Көк-жырада жүріп менің әжем Нұрқатшамен танысып, екеуі шаңырақ көтереді. Берекелі үлкен отбасыға айналады. Шәмшия, Ерікті атты балалары дүниеге келді. Атам жөнінде қан майданда бірге болған майдандос достары әрдайым жылы сөзбен еске алып отырады. Өсіп-өнген отбасы деп айтып жатады. Осылайша адал еңбектің арқасында атамның ұрпақтары ел сыйлайтын бір қауым елге айналды. Мен атамды көрмедім, бірақ ерен ерлігі жайлы өз атамның аузынан әрдайым естіп өстік. Мен атамды мақтан тұтамын. Өйткені мен атамның тікелей ұрпағымын. Олай дейтінім, менің әкем Жандарбек атамның бел баласы . Әкем атамның жолын қуған әскери қызметкер болды, Отанына адал қызмет етті.

Ұлы Жеңісті жақындатып, ұрпақтары үшін қан төккен аталарымыздың қатары күн санап сиреп келеді. Ардақты атам 1980 жылдың 25 мамырында 76-ға қараған шағында мәңгілікке көз жұмды. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында менің атам Түсіпбек Тлебалдинов секілді Жеңіс күнін жақындатуға үлес қосқан барлық ардагерлерге шын көңілден бас иіп құттықтағым келеді. Арамызда аман-сау жүре беріңдерші, ардагерлер!

Қайғысы мен мұңы көп жариялар,
Бар әлі ұлын күткен қариялар,
Жеңіс құны- бір гүлі ашылмастан,
Шаһит болған Мәншүк пен Әлиялар.

Көп сырды шертер әлі сыршыл көктем,
Күпті ғып жүректі бір дүрсілдеткен,
Жеңіс құны –қыз сүймей құшып бір де,
Боз өрім бозбалалар қыршын кеткен.

Айтарым сол:-сыр ұққан, жыр ұққандар,
Күн сайын ата бергей күліп тандар.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Жеңіс күні желмен бірге жетеді үн:
«Ей, ұрпақ,- деген,- бізді ұмытпандар!»

Тоқсанбай Абзал

Шығарманы жазған: 7 «с» сынып оқушысы
Мамандандырылған қазақ-түрік мектеп-лицей – интернаты Алматы қаласы
Тексерген: Дүржанова Әлия

Ер есімі-ел есінде

Құдайға шүкіршілік, ұлан-ғасыр жеріміз, кен-байлығымыз, әсем орман-тауларымыз өзіміздің еншімізде жатыр. Тәуелсіздігімізді алып, еркіндіктің нағыз лебін сезінген соң, даму сатысымен әлі де жоғарылап келе жатырмыз. Ал енді байырғы қазақты еске ала кетейікші. Қазақ халқы өзінің тарихында небір қиындықтарды басынан өткерді. Ұлы Отан соғысында көптеген қазақ жастары елім-жерім, байрағым желбіресін деп, оқу-білімді жайына қойып, қолына автомат алып шайқасқа шықты. Бұл жан түршігерлік соғыста қазақ халқының алатын орны зор. Өйткені, соғыс басталған кезде бүкіл зауыттар әскерлерге көмектесу мақсатында қолда барды аямаған. Мысалға, қазіргі Шымкент қаласындағы қорғасын зауытында олар көптеген оқтарды өздері жасап шығарып, жіберіп тұрды. Жүрегінде рухы лапылдаған қазақ батырлары, ержүрек қыздарын да атап өтпесек болмас. Снайперші қызымыз Әлия Молдағұлованың ерлігін әр адамның қайталауы екі талай. Өзі өте жас еді, бірақ ол жаспын, кішкентаймын деген жоқ. Бірден соғысқа аттанды. Алайда өкінішке орай, қайта оралмады. Бауыржан атамыз ше? Оның соғыс болмай тұрып 5-6 жыл бұрын ғана жанашыры - әкесі қайтыс болған еді. Атамызды орыстың қаншама жауынгерлері әлі күнге дейін мақтан тұтады. Ол әсіресе Мәскеу қаласында болған шайқаста асқан ерлік жасады. Ол сол шайқаста әскери өнер сахнасында болмаған маневрларды көрсеткен еді. Тарихта сол шайқаста батырлықтарымен көзге түскен жауынгерлерді »Панфиловшылар» деп атады. Ол соғыс аяқталғаннан соң да көптеген әскери университет, мектептерде сабақ берді. Бауыржан Момышұлы тағы да жазушы, ақын болған. Ол соғыста болған жағдайларды ақындығымен әсем қылып жеткізе білген. Оған 1990 жылы Кеңес Одағының батыры деген атақ берілді. Тағы бір батыл жандарымыздың бірі - Рахымжан Қошқарбаев. Ол ең алғаш болып Берлиндегі рейхстагқа ту тіккен. Бірақ өкінішті әрине, оның бұл ерлігін орыстар мойындамады. Амал жоқ. Қазақ халқынан шыққан үздік ұшқыш, пилоттардың бірі - Талғат Бигелдинов. Әскери жылдарында ол 305 шабуылға шыққан.

Міне қазағымыздың даңқын асқақтатқан адамдардың бірі осылар. Барлығын айта беретін болсақ сыймай кетер еді. Қазақ халқынан тек қана батырлар ғана емес, небір білімді, дана адамдар шықты. Олардың басты

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

мақсаты өзінің халқы - мал бағып, күн көріп жүрген қазақтарды оқуға баулу еді. Ыбырай Алтынсарин ұстазымыз көптеген мектептер ашты. Өзі де оқу-білімге құштар болды. Басқаларды да білімге шақырды. Қаншама қазақтың көзін ашып оқуға ынталандырды. Көптеген шығармалары да жетерлік. Ахмет атамды айтпай кету мүмкін емес. Өйткені, ол қазақ алфавитын құрған болатын. Оны Байтұрсын жазуы деп атады. Ол ең алғаш қазақ графикасын жазады. Бірақ, тағы да орыстардың арқасында ол да ату жазасына кесіледі. Негізінен, көптеген біздің даналарымыз орыстардың арқасында ату жазасына кесіліп кетті. Абай Құнанбаев атамыз да өте ақылгөй адам болған. Оны тек біз ғана емес, оны әлем таниды. Оның шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Ол қазақ халқына қатты разы болмады. Ол осы қазағым оқысыншы деп 45 қарасөзін бекер жазбады. Халқым адам болсыншы деп тіледі. Шынымен - ақ оның қай қарасөзін алып қарасаң да, түбінде бір тұйық мағына жатыр. Тәуелсіздік жайлы қайта сөз қозғайтын болсақ, оқырман, сіз қалай ойлайсыз, біз осындай дәрежеге қалай жеттік? Иә, көптеген қиындықтарды көрдік тағы да. 1986 жыл, қазақ патриоттары, жалын жұтқан жастар бас алаңға шығып, еркіндікті талап еткен еді. Бірақ, орыстар оны тегіннен тегін бере сала ма? Көтерілісте болған адамдардың көбісі қамауға камалды. Қаншама адам қайтыс болды, қаншама адамды ұрып-соқты, қанша адам үс-түссіз жоғалып кетті. Бір сөзбен айтқанда қазақ халқына деген аяушылық мүлдем болмады. Қақаған қыстың суығында кез-келген қазақ баласына суық су шашты. Қыздарымыз пәктігінен айырылды. Оларды дубинкамен ұрып соқты деген деректер де бар. Бірақ Қайрат, Ербол, Ләззат сияқты қайтпас қайсар мінезді жандар тұрғанда қазақтар үмітін үзе ме? Әрине, жоқ, олар айтқанынан қайтпады. Олар бәрі бірігіп ақырында жеңіп шығады. Қазақ тарихындағы ең аяусыз болған осы сәттер еді. Орыстар оларды адам құрлы көрмеді. Бізді, қазақтарды олар мал қатарына қосты. Осындайдан кейін намыс оянбай не болады? Ұл демей, қыз демей ұрысқа бәрі бірге аттанды. Ең бастысы бірлік. Бірлігіміз болмаса осындай болар ма едік? Мүмкін әлі де орыстардың қарамағында жүрер ме едік?

Енді осының бәрін ескеріп ойланыңыздаршы, біз осы адамдарды қадірлеп жатырмыз ба? Сол адамдар сияқты елімізді қастерлеп жатырмыз деп ойлайсыздар ма? Қарапайым 7-мамыр, жеңіс күні делік. Сол күнді 1 жыл бойы күтетінін білесіздер ме ардагерлердің? Сонда болашақ ұрпақ үшін, немере-шөберелеріміз үшін деп соғысқа аттанған аталарымыздың сенімін ақтағанымыз осы ма? Былай ойлап қарасақ, ардагерлерді біз сол жеңіс күні ғана есімізге сәл-пәл ғана аламыз. Ал басқа күндері тіпті олардың кім екенін де ұмытып кетеміз. Бұл адамның жанына қатты батарлықтай іс қой. Олар болмаса біздің қазіргідей қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болмас еді. Осы ардагерлерді көріп қалатын соңғы ұрпақтар осы біз емес пе? Ендеше неге олардың қадірін түсінбейміз? Не сонда олардың қадірі жаңағыдай тек біркүндік пе? Олар қазақтың алтын адамдары, оларды мың жыл бойы естен

шығармай құрмет тұту да аз. Бәлкім, бұл заман дерті шығар. Біз бұны бұлай қоя салмауымыз керек. Бұл жағдайды тез арада өзгертпесек, біздің келешек ғұмырымыз не боларын кім білсін? Тілімізді, дінімізді, ірі тұлғаларымызды құрмет тұтпасақ, мемлекетіміздің құрып кетуі ғажап емес. Ардагерлерді бар кезінде қадірін біліп қалайық, кейін олар да дүниеден өткеннен соң өкінетін боламыз. Мен айтарымды айттым, таңдау тек сіздерде! Ер есімі - ел есінде! Аман болайықшы, момын да қайсар халқым, қазағым!

Тұрғынбаева Камилла

Алматы қаласы
«І.Жансүгіров атындағы
№ 130 гимназия»КММ- нің
4 «А» сынып оқушысы

Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ!

Жеңісті қанша адам күтті. Ауылда қалған ата әжелеріміз, кішкентай балалар, қаншама аналарымыз еңбек етіп, тапқан табыстарын тоқыған, тіккен киім -кешектерін, ішер азық тамақтарын соғысқа жіберді. Күн – түн демей егін егіп, шөп шауып, қырманда жұмыс істеп, ер азаматтардың жұмыстарын атқарды. Ауылдың хат тасушысын күтіп, майданнан жақсылық хабар күтті.

Менің анамның атасы және нағашы атасы соғысқа барған. Нағашы атасы Батан Москва қаласының түбінде бір қаладағы соғыста мерт болған екен, ал өз атасы Али ата аман – есен ауылға келіп, кейінірек қайтыс болыпты. Ол кісі өз естеліктерінде соғыстың салған ылаңы мен қиындықтары туралы үнемі айтып отырыпты, мынау бейбіт заманда отыруымыз сол кісілердің төгілген қандарының арқасында келгенін ешқашанда, еш уақытта ұмытпауымыз керектігін ескетіп отырады екен.

Бұл соғыста тек ер – азаматтар ғана емес қыздарда соғысқа барып ерлік жасаған екен. Ол кісілер Алия Молдағұлова, Мәншүк Маметова болса, Бауыржан, Қасым, Талғат, Тоқтар т.б. аталарымыздың ерліктерін айтып та, естіп те тауыса алмаймыз. Олай болса, сол аталарымыздың ерлік істерін, сол соғыста тылда еңбек еткен ата – әжелеріміз, апаларымыздың еңбектерін ұмытпай әрқашанда жүрегімізде сақтап отыруымыз керек.

Болмасын соғыс ешқашан,

Ұйықтасын тыныш ата-ана

Уайымсыз болсын бар бала,

Қорғасын аға шекара! – деп шығармамды аяқтаймын.

Фаезов Тимур

10 сынып, мектеп – гимназия № 78 Алматы қаласы
Жетекші: Байгабатов Бауыржан кудайбергенович

9 Мамыр – елдік пен ерліктің, батылдық пен қаһармандықтың мерекесі. Бұл сұрапыл майданда қазақстандықтардың қайсарлығы мен ерлігі, тыл еңбеккерлерінің тынымсыз ерен еңбегі бүгінгі біздер үшін отансүйгіштіктің, адал атқарылған парыздың жоғары үлгісіндей болып қалады. Елбасы атап өткендей, « Жеңіс күні – өшпес ерлік пен өлшеусіз даңқтың, қажыр – қайраттың мерекесі!». Туған елінің даңқын әлемге асқақтатқан майдангер батырларымыздың жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің арқасында бүгінгі ұрпақтың бейбіт өміріне, егемендігіне даңғыл жол ашылды. Әлемдік тарих беттерінде өшпестей із қалдырған аға буынның қадір- қасиетін асқақтатып, өскелең ұрпаққа аманат ету – біздің перзенттік парызымыз. Елдің басына қатер төнген уақытта Отан үшін от кешкен ардагерлеріміздің ерліктері ел жүрегінде мәңгілікке сақталады. Кешегі Ұлы Отан соғысының жеңісі әлем тарихында «фашизм» деген алапат ойранды апанында құртып, адамзатқа **70** жыл тыныш өмір мен бақыт сыйлап отыр. Сол соғыста қан кешіп, оқ пен оттың ортасында жүріп Жеңіс әкелген ұрпақ қашан да ардақты, қашан да халық жүрегінде. Олардың өшпес ерлігін қалай қастерлесек де артық емес. Ұлы Жеңіс – барша халықтың жеңісі.

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне биыл 70 жыл толғалы отыр. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер - солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін адамгершілік негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 адам Қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Олар: Бауыржан Момышұлы, Талғат Бегельдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова және көп басқалар. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ - дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды.

Майданды керекті қару – жарақпен қамтамасыз етуде Қазақстан ерекше орын алды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Ұлы Отан соғысы жылдарында Алматы қаласында Қазақстанның өзге де қалаларындағыдай майдан мен жау қолынан босаған қалаларға көмек қолын созатын халықтық қозғалыстардың белес алғаны бізге белгілі. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап – ақ алматылықтар қорғаныс қорын құрады. Қала тұрғындары өздерінің ақшаларын, құнды қағаздарын, алтын мен күміс, бағалы заттарын қорға тапсырып, жеңіске өз үлестерін қосқаны бізге белгілі. Қазақстандықтар Ұлы Отан соғысына қатынасып, майдандарда жаппай ерлік көрсетті. Отанымызды қорғап қалған ерлеріміздің теңдессіз батырлығы алауы еш сәнбек емес. Біздің парызымыз – Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне әрқашан қамқорлық көрсету.

Келесі өзімнің шығарған өлең шумақтарын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арнап отырмын.

Жеңістің 70 жылдығына
Жеңістің 70 жылдығы,
Жасасын, елім, жасасын!
Еске алып ардагерлерді,
Ән – жырмен шашу шашасың.
Ұрпағы мәңгі ұмытпас,
Жеңістің қалай келгенін.
Көрмесін біздің жеткіншек,
Ата – бабаның көргенін.
Дүрсілкіктіп даланы,
Уландырып қаланы.
Ата – анадан айырып,
Жетім еткен баланы.

Бір үзім нанға зар болды,
Аш – жалаңаш қор болды.
Отан үшін от басу,
Жауынгерлерге заң болды.
Қансырады даламыз,
Жан берді қанша данамыз.
Жантүршігер ерлікпен,
Сақталды Отан – Анамыз.
Қос жұлдызы қазақтың,
Мәншүк пенен Әлия
Құрбан болды сан жетпес,
Ерлерім қанша дария?
Желбіре жеңіс байрағы,
Жасарған жаңа әлемде.
Береке, бірлік, татулық,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Тыныштық болсын әр елде!

Ұлы Отан соғысы 1945 жылы 9 мамырда жеңіспен аяқталады. Жеңіс күні – шын мәнінде ұлы және ең ардақты мереке! Жылдар өтер, ұрпақтар алмасар, бірақ, біздің жүректерімізде отанымызды қорғап қалған ерлеріміздің теңдессіз батырлығы алауы еш сөнбек емес. Біздің парызымыз – Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне әрқашан қамқорлық көрсету. Біз жас ұрпақ өз аталары мен әкелерінің ерліктерін білуі және құрметтеуі, патриотизм және батырлық даңққа толы өткенге құрметпен қараушылық рухында өсуі үшін қолымыздан келгеннің барлығын жасауымыз керек. Қымбатты ардагерлер! Сіздердің әрқайсыларыңыз жасаған ерлік тек құрметтеуге лайық. Өз отанын асқан ерлікпен қорғаған бүкіл халық 9 мамыр – Жеңіс күнін жыл сайын үлкен салтанатпен мерекелейді. Біздің тілегіміз: жойылсын соғыс, жасасын бейбітшілік! Бұл күн – Қазақстан Республикасында да белгілі мереке күндердің бірі. Өйткені қазақстандықтар бұл жеңіске сүбелі үлес қосты. Тәуелсіз еліміздің бүгінгі ұрпағы аға ұрпақтың даңқты ерлігін, майдангердің жауынгерлік дәстүрін абыроймен жалғастыруы тиіс.

Алдымызда келе жатқан Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Хожабай Нариман

№ 147 гимназияның 2- сынып оқушысы
Жетекшісі: Мухаметкаримова Ақмарал Сайлауқызы

Атамның сағынышы

Отбасымызбен 9-мамыр мерекесіне атамның ауылына бардық. Амандасқан соң, мен атама мейрамыңызбен дедім. Сол-ақ екен менің сөзімді аңдып тұрған Айғаным:

-Атам соғысқа қатыспаған. Бүгін соғысқа қатысқан ардагерлердің мейрамы, - деді. Мен болсам:

-Бізге апайымыз үлкен кісілерді осы мейраммен құттықтай беріңдер, ол кісі ол кезде бала болса да өзіндік үлесін қосқан деген дедім өз сөзімнің дұрыстығын дәлелдеп.

Сол кезде барып атам: «Апайың дұрыс айтқан балам. Мен соғыстан қайтпаған солдаттың ұлымын. Әкем –Нұржан 1942 жылы соғысқа кетіп, содан хабарсыз кетті. Мен әкем соғыста өлгеніне сенбей, келіп калар деп үміт үзбедім. Көп жылдар тосып жүрдім. Бірақ әкем келмеді. Сендер бақыттысыңдар, құлындарым. Қалаған уақыттарыңда әкелеріңнің мойнына асыла кетесіңдер. Мен әкемнің мойнына асылуды ел ағасының жасына келгенше армандар жүрдім» , деп біраз үнсіз қалды.

Айғаным айтқанымды бұрысқа шығарған соң ұялып әкемнің мойнына асыла кеткен екенмін. Әкем мені құшағынан босатты. Мен сол сәтте атамның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

орындалмаған арманы бар екенін, әкесіне деген сағынышы ұшан-теңіз екенін ұқтым. Бұл тек менің атамның ғана сағынышы емес, соғыстан қайтпай қалған әкесіне, ағасына, апасына, туысына деген бүкіл бір ұрпақтың сағынышы еді.

Шағырбай Айдана

10 сынып, №148 мектеп-гимназия Алматы қаласы
Жетекшісі: Шортанбаев Ш. А.

Ол күндер ұмытылмайды

Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Сырбай Мәуленов

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 70 жылға жуықтаса да, оның салған жарасы әлі күнге дейін жазылған жоқ. Сұм соғыс қаншама тағдырдың тамырына балта шапты. Қаншама ананы жесір, баланы жетім етті. Бейбіт елдің тыныштығын бұзып, аспанына қатер төндірген арам пиғылды жау өз дегеніне жетпей, жеңіліс тапты. Соғыс деген не? Оның қасіреті неде? - деп ақын жырлаған зардабы ғасырдан-ғасырға жеткен шайқас қалай басталып еді?

1941 жылдың 22 маусымы – дүниежүзі елдерінің тарихында орын алған қайғылы күн. Осы күні фашистік Германия Кеңес Одағы еліне шабуыл жасап, соғыс ашты. Олардың мақсаты – Кеңес Одағын ғана емес, дүниежүзі елдерін әлсіретіп, басып алу еді. Әрине, жаудың бұл мақсатын іске асырмау үшін мыңдаған ержүрек батырларымыз, жауынгерлеріміз, жас азаматтарымыз ат салыса күресті. Сонымен қатар, әскерге қолдау көрсету үшін тылда жұмыс істейтін қатардағы жұмыскерлер саны да көбейді. Жауынгерлерге рух берген ақын-жазушыларымыз қаншама! Елін, жерін қорғау үшін болған күресте батырларымыз Мәскеу, Ленинград, Сталинград секілді ірі қалаларды қорғап қалуы тарихта ерекше орын алады. Соғыс еліміздің экономикасы мен саяси жағдайын өзгерістерге ұшыратты. Көптеген өнеркәсіптер Қазақстан жеріне көшірілді.

Соғыс зардабын тартқан Беларусь, Украина топырағында күні бүгінге дейін жау танкісі талқандаған жерлер шұңқыр болып жатыр. Ол - сол сұм соғыстың адамзат баласына әкелген қасіретін еске салатын белгісі. Қазақтың ержүрек қызы Мәншүк Мәметова туралы оқығанда, оның көзсіз ерлігіне басымды идім. Жап-жас қазақ қызы өз еркімен сұранып, майдан шебіне аттанады. Мәншүктің пулеметінен қаншама жау жер жастанды. Мәншүк Мәметова Невель қаласын жаудан азат ету жолында асқан ерлік көрсетті.

Қазақтың даңқты, жауынгер жазушысы Әзілхан Нұршайықов былай деп жазған еді: «Жау оғы толастаған бір сәтте Мәншүк: «Қазақтың даласын сағындым, әнін сағындым», -деп, халық әні «Қараторғайды» шырқай жөнелген еді. Даусы қандай керемет еді. Ол адам жанының арашашысы- дәрігер болуды армандайтын. Бірақ соғыс оны арманына жеткізбеді. Егер тірі болғанда, Мәншүк білікті дәрігер, мүмкін атақты әнші болар еді-ау», - деп жазыпты.

Қазақтың батыр ұлы, Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев теңдессіз ерлік жасады. Мұндай ерлікті ешкім қайталаған жоқ. Жеңісті жақындатып, бейбіт өмірді сыйлаған осындай жауынгер ұрпақтың ерлігі мен өрлігі тарихтан-тарихқа жетіп отырады.

Жау әскері «Ваня» десе зәре-құты қалмаған көрінеді. Бұл біздің хас батырымыз – Қасым Қайсенов. Осылайша, бұл есімдерді тізбелей беруге болады. Өйткені, дархан даланың иесі де, киесі қазақ халқы тек батыр ұлдар мен қайсар қыздарды дүниеге әкелген.

Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Бауыржан Момышұлы, Сұлтан Баймағамбетов, Мәлік Ғабдуллин, Талғат Бигелдинов сынды т.б. ержүрек батырларымыздың ерлігі халықтың жүрегінде мәңгілікке сақталды. Соғыс аяқ астынан басталса да, батырларымыз «Елім, жерім» деп жеңіске жету жолында Отанын қорғады. Біздің жаужүрек жауынгерлеріміз майданда ерлікпен шайқасты. Барлығының да мақсаты – елін қорғау, Отанын қорғау болды. Ұлы Отан соғысында ерлікпен шайқасқан 500-ге жуық қазақстандық батырлар «Кеңес Одағының батыры» атағына ие болды. Ұлы Отан соғысы – Екінші дүниежүзілік соғыстың шешуші бөлігі болды. Бұл соғыстағы жеңіс – бүгінгі күнгі тәуелсіздігіміздің кепілі.

Шығыстың қос шынары – Әлия мен Мәншүк, көк жүзінде жауды ығыстыра қуған ұшқыш Хиуаз Доспанова ерлігі мәңгілікке тарих бетінде алтын әріптермен жазылып қалды. Қазақ қыздарының ерлік мектебінің үлгісін қалыптастырып кеткен осындай асыл апаларымыздың ерлік даңқы тәуелсіз қазақ мемлекетінің тарихынан айрықша орын алады.

Теледидардан соғыс туралы фильмдерді көрген сайын, бейбіт өмірге қасірет әкелген соғыстың зардабының орасан зор болғанын көреміз. Үлкен кісілер: «Ол күн енді қайталанбасын! Соғысты сендер көрмей-ақ қойыңдар», - деп отырады. Жақында мен теледидардан соғыс өрті тұтанған шет мемлекеттердің балалары туралы бір хабарды көрдім. Сол кезде, әлгі балаларға сурет салу үшін түрлі-түсті қарындаштарды бергені сол еді, олар танк, аспаннан төмен қарай заулаған бомбаларды бейнелеп, мылтықтың сан түрін салды. Ал бейбіт заманда өмір сүріп жатқан балалар болса, ашық аспан, көк жүзінде қалықтаған көгершіндер мен жайқалған гүлдерді бейнеледі. Адам жанын түсініп, зерттеп жүретін психологтар: «бала жанына оның өмір сүріп жатқан ортасы тікелей әсер етеді», - деп түсінік берді. Шындығында, біздің еліміздің балалары сурет салса, Астананы бейнелеп, Бәйтеректі, «Тәуелсіздік» монументін, Алатаудың мұзды шындарын, Медеуді бейнелейді. Өйткені біз

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

бейбіт заман бесігінде тербеліп, тыныштық атты әуенмен өсіп келе жатқан тәуелсіздіктің төл перзенттеріміз.

Біздің «Құлагер» ықшам ауданында Ұлы Отан соғысына қатысқан Нұртай Қашағанов есімді қария тұрады. Ол кісі 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, Батыс майданынан бірақ шығады. Ол радист болып, ұрысқа қатысқан екен. 1943-1944 жылдар аралығында Белорусь майданында 364 полкпен Могилев, Ломж, Орша қалаларын азат етуге қатысқан. Қызыл Жұлдыз орденімен марапатталған қария өзінің бірнеше мәрте жарақат алғанын еске түсіріп, әлі күнге дейін соның зардабын тартып келе жатқанын айтып отырады. Алайда, соған қарамастан, Нұртай ата мектеп оқушыларымен жиі кездесуге келеді. Ел басына төнген қиын кезеңнің қасіретін айтып, бейбіт күннің бағасын білуге шақырады.

«Сендер неткен бақытты ұрпақсыңдар! Кең-байтақ жердің иесі сендерсіңдер! Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бақытты өмір үшін барлық жағдайды жасап, салиқалы саясатты жүргізіп отыр. Сендердің барлық міндеттерің – сабақты жақсы оқып, белгілі мамандық иесі болып шығуларың!», - осылай деп Нұртай ата бізбен кездескен сайын өзінің аталық алғысын білдіріп, батасын береді.

Мұндай соғысты өз көзімен көрген куәгерлер қатары жыл санап емес, күн санап азайып бара жатыр. Алматыдағы Ұлы Отан соғысына қатысушыларға орнатылған ескерткіш алдындағы мәңгілік алауды көргенде қасынан өтіп кете алмаймын. Сонау соғыс жылы дүниеге келген балалар мен бейбіт өмірді сыйлаған аталарымыздың баға жетпес ерлігіне бас иіп, тағзым етіп өтемін. Біз- бүгінгі жас ұрпақ осындай ерлікке толы халықтың ертеңгі үмітіміз, сара жолды жалғастырушымыз. Қантөгіс, қырғынның адамзат өміріне әкелер қайғы-қасіретін қаншалықты екендігін жақсы білеміз. Аспанымыз ашық, әрбір таңымыз арайлап атса екен дейміз!

Шардарбек Елдана

5 сынып, №148 мектеп-гимназия Алматы қаласы
Жетекшісі: Салықбаева Асия Аблайқызы

Отан үшін от кешкендер

Жеңіс үшін өмірін, жастық шағын қиған, тағдырдың ауыр да азапты тауқыметінен өтіп, Отанға деген махаббатын от басып, су кешіп жүріп дәлелдеген ардагер аталарымыздың айтқандарын тыңдап отырып, Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, отты жылдардың елесі әлі күнге халық жүрегінен өшпегенін түсіндім. Өйткені, адамзаттың бүгінге дейінгі сапарындағы ең сұрапыл қырғын да Ұлы Отан соғысы екені әлемге аян. Адамзат тарихында Жеңістер көп. Бірақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

солардың ішінде ең маңыздысы — Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Елдің елдігін, ердің ерлігін сынайтын нағыз тарихи аласапыран кезеңде қазақ халқы ел басына күн туған қасіретті шақта Отанды қорғауға аттанды.

Қазір өз алдымызға мемлекет, тәуелсіз ел болсақ та, ол кездегі Кеңес Одағы бірнеше республиканың ортақ мемлекеті болып есептелгендіктен, батыстан жау шапқанда Отанымыздың абыройын, бостандығы мен тәуелсіздігін қорғауда жаппай ерлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсеттік. Даламыз қандай кең болса, пейілі де сондай кең, жер қойнауы қандай бай болса, жүрегі де сондай бай халқымыз қан майданда елдік мінездері мен ерлік қасиеттерімен сынға түсті. Осы жолда қанша ардагер әкелеріміз, аталарымыз бен апаларымыз қанын төкті, жанын пиде етті.

Майданға кеткен талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалардың орнына шексіз қиын, ұйқысыз, ас-сусыз еңбек вахтасында әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Әр отбасының басшысы майданда болды. Сондықтан, сол кездегі адамдарға тәулік бойы жұмыс істеуге тура келді...

Осындай сұрапыл жылдарда да қонақжай, адал ниетті, ақкөңіл, меймандос халқымыз ізгілік сипатын, адами қасиеттерін жоғалтпады. Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген баспанасыз миллиондаған адамдар мен жетім-жесірлерді халқымыз құшақ жая қарсы алып, шын жүректен бауырына басты. Босқындармен өз баспанасын да, қолындағы соңғы тілім нанын да бөлісіп жеді. Әрине, мұның бәрі де мақтан тұтарлық әрекеттер, Жеңіске жетуіміздің бірден-бір себепшісі. Дүниені дүр сілкіндірген осы алапат соғыста еліміздің 497 азаматы Кеңес Одағының Батыры атағын алды, тарихта өшпестей із қалдырды.

Жау жағадан алғанда елін қорғау өмірлік парызы деп білген, елін ерлерше қорғап, Отан соғысының лапылдаған отының ішінде қаза тапқан жалынды публицист, ер жүрек жауынгер Баубек Бұлқышев Отанды қорғауды азаматтық борышы деп түсінді. «Өмір сүргім келеді» деп шырылдаған небәрі жиырма сегіз жастағы жауынгер өзінің ерен еңбегі мен керемет батырлығының арқасында дүние жүзіне танылып, үлкен құрметке бөленді. Жауынгер қаламынан шыққан жалынды үн жерлестерінің жанын тебіренітіп, отты жылдарда өз рөлін атқарды, болашақ ұрпаққа айнымас ұран болып қалды.

Өз еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген, дұшпанын айбарымен-ақ ықтырған халқымыздың біртуар азаматы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының ел үшін еткен еңбегін айтпай кеткен мүмкін емес.

Майдандағы жолын даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жанадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында Мәскеу түбіндегі ұрыстарға қатысудан бастаған Б.Момышұлы тарих сахнасына шықты. Полк командирінен дивизия

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

командиріне дейінгі даңқты жолды басып өтті. Бауыржан атамyz - соғыс өнерін жетік меңгерген, әскери қимылдарға әзірліктің және оны жүргізудің теориясы мен практикасын, әскери стратегияны, оперативтік өнер мен тактиканы ұтымды қолдана білген қолбасшы. Кескілескен шайқастарды басынан өткізген қайсар да қайтпас ер есімі қазірде батырлықтың символына айналып отыр..

Рейхстаг баспалдақтарының кіреберіс бағанына бірінші болып шабуыл туын қадаған Ақмола қаласының Қырыққұдық деген жерінде туып өскен қазақ лейтенанты Рахымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер, вяткалық орыс Григорий Булатов еді.

Сол майданда біздің аруларымыз да талай қиындықтарды бастан кешті. Қолдан келместей көрінгенімен, сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырдың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашан да жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы қыздардың бар болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат берді. Мәншүк пен Әлиядан басқа халқының абыройын асырып, елінің даңқын шығарған, от пен оқтың арасында жүріп, жаралыларды өлімнен құтқарған көптеген қазақ қыздары майдандағы ерліктеріне лайық орден, медальдармен, бас қолбасшының алғыс хаттарымен марапатталған. Алайда, осы сұрапыл қанды қырғында өмір мен өлімнің арасында жас өмірін сарп еткен қазақ қыздары жөніндегі деректер өте аз, олардың көбісінің есімдері де белгісіз.

9 мамыр – фашизмді жеңіп, тізе бүктірген күн. Бұл күн-Жеңіс күні. Осынау қуаныш үшін өмірін қиғандарды еске алу күні. Тарихымызда қалған бұл сұрапыл соғыстың кеселінен өткен ата-апаларымыз аман болсын! Келешек еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей біріккен кең-пейіл Қазақ елі жасасын!

Шарметов Нұрдаулет

7 сынып оқушысы Мамандандырылған қазақ-түрік
мектеп-лицей – интернаты Алматы қаласы
Тексерген: Дұржанова Әлия

Ер есімі - ел есінде

Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын, елін, туған жерін сүю, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу. Қазақта ежелден жерін жаудан, елін езгіден, қызын күндіктен, ұлын құлдықтан қорғаған батырлары көп болған. Сонау заманда Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сынды батыр бабаларымыздан басталатын ерлік істер Желтоқсан оқиғасына дейін жалғасты. Олардың күрес жолдары мен ерен ерліктерінің бәрі Тәуелсіздік, ел, жер үшін болды. Осы жолда көптеген ер азаматтар тер төгіп, өз жандарын құрбан етті. Аналарымыз жесір, сәбилеріміз жетім қалып, ақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жүздерін қайғы жасы жуып, ащы зары мен мұңы дүниені күңіrentті. Күрес жолында халқымыздың басынан өткерген небір қиындықтар мен қасіреттер, ерлеріміздің ерлігі тарихқа жазылып, халық есінде мәңгілік сақталып қалды.

Туады ерлер ел үшін
Өлмейді ісі мәңгілік.
Өшпейді абзал есімдер,
Ұрпаққа жетіп мәңгілік,

- деп ақын ағамыз Жұбан Молдағалиев жырлағандай, батыр ағаларымыздың есімдері, ерліктері жас ұрпақ санасында мәңгілік сақталатынына сенемін.

Қазіргі таңда біз, Тәуелсіз елдің жас өрендері үлкен күрес жолымен келген Тәуелсіздігімізді, елдігімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін өнегелі тәрбие, терең білім алып, аянбай еңбектенуіміз қажет. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріміз бен табыстарымыз ұшан-теңіз. Әлем жұрты мойындаған іргелі ел болдық. Мұның бәрі Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен халқымыздың қажырлы еңбегінің арқасы. Біз осының бәрін қадір тұтып, қастерлеуіміз қажет. Отан үшін кеудесін оққа төсеген, ел қорғаған ерлеріміз, көнекөз қарияларымыз соғыс ардагерлерінің біршама сиреп қалуы көңілге қаяу салады. Ең бір өкініштісі, ардагерлер аталарымыздың көбісі көзін жұмып, қазір арамызда жоқ. Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес! Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атауларының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдарды немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жіктелді. Иә содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұмытылмайтын ерлердің бірі - Бауыржан Момышұлыны айтсақ болады. Бауыржан Момышұлы – Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы, әскери шенді қызметкер, даңқты қолбасшы, қазақтың көрнекті жазушысы.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсан күні Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында қарапайым, мал бағатын шаруа отбасында дүниеге келді. Балалық шағының он үш жылын өзінің кіндік қаны тамған ауылында өткізіп, одан кейін кеңестік дәуірдегі интернатта тәрбие алады. 1929 жылы "Әулие Ата" тоғыз жылдық мектебін бітіреді. Мектепті тәмамдағаннан соң шалғай аудандардың біріндегі ауылға (Бетпақдала) мұғалім болып барады. Коллективтендіру кезеңінде кеңестік мекемелерде қызмет етеді. 1932 жылдың қаңтары мен қарашасы аралығында мансапты қызмет атқарады. Кейін әскерге шақырту алады. Және де тағы да айтсақ Әділ Ысқақұлы. Соғыс аяқталғаннан бері 68 жыл өтті. Уақыт өте келе бұрынғы окоптардың орны білінбей де қалды, шайқастар өткен далада... Өкініштісі,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

Отан үшін кеудесін оққа төсеген, ел қорғаған ерлеріміз, көнегөз қарияларымыз, соғыс ардагерлерінің біршама сиреп қалуы көңілге қаяу салады.

Солардың бірі – Әділ Ысқақұлы. Ең бір өкініштісі, ардагер атамыз, қазір арамызда жоқ. Қалай десек те, дәл қазір маған 83 жыл ғұмыр кешкен қарияның мәңгіліктің жер бетіндегі нұры шалқып жатқандай елестейді... Тағдыр осындай ұзақ ғұмыр бергенмен Әділ атайды өмір ерте есейтіпті. Жалындаған жастығы соғыс кезіне тура келген. Бұл фашистік Германияның елімізді басып кірген соғыстың сұрапыл кезеңіне тұспа-тұс уақыт еді. Көп ұзамай 1943 жылы 17 жасар бозбала өз еркімен майданға аттанады. Балтық жағалауында фашистерге қарсы соғысып, сан мәрте жараланып, қанды ұрыста көрсеткен ерлігі үшін, «Жеңіс» орденімен, «Ерлігі үшін», Кеңестер Одағының маршалы Г.К.Жуковтың және тағы көптеген медальдарымен наградталған. Ол соғыста жүріп, «Ел мен Жер» деген толғау өлеңін шығарған. Өлеңі қаруластарына аласапыран қанды соғыс кезінде рух берген. 1945 жылы Жеңіс туын желбіретіп, елге аман-есен оралады.. Соғыстан кейінгі жылдары да еліне, жеріне адал қызмет етіп, халық арасында беделді болған жан. Еңбек жолын 1947-1955 жылдары Нарынкол аудандық өндіріс комбинатында қойма меңгерушісінен бастады. 1956-1962 жылдары аудандық қамсыздандыру мекемесінің бастығы, 1962-1968 тұрмыс қажет өтеу комбинатының директоры, 1969-1973 жылдары аудандық тұтыну қоғамының төрағасы, 1974-1976 жылдары Қарасай орман шаруашылығының директоры болды. 1977-1990 жылдар аралығында кірпіш заводының директоры, аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінің, аудандық автостанциясының бастығы қызметін абыроймен атқара жүріп, құрметті демалысқа шыққан. 2006 жылы Іле ауданына көшіп келген. Қай жерде жүрмесін, қандай қызмет атқармасын, үлкенге деген ілтипат, кішіге қамқорлық сияқты абзал адамгершілік қасиеттерінен, адалдық пен әділдік сияқты өмірлік қағидаларынан айнымаған жан. Екі ұлын ұяға, екі қызын қияға қондырған әке. Олардан 18 немересі бар.

Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігі баршаға аян. Ол алғашқылардың бірі болып, Берлинде Рейхстагтың үстіне қызыл ту тікті. Бұл сәуірдің 30-ы күні 18 сағат 30 минутта болған еді. Тарихи ерлік жайындағы бұл хабар бүкіл әскери бөлімдерді шарлады, баспасөзде кеңінен хабарланды. Рақымжан Қошқарбаевтың сол кезде омырауын «жауынгерлік Қызыл Ту», «1 дәрежелі Отан соғысы» ордендері, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдары ажарландырып тұрды. «Жауынгерлік Қызыл Ту» ордені Рейхстагқа ту тіккені үшін беріліпті. Отан Халық қаһарманы атағы Р.Қошқарбаевқа 2001 жылы берілді. Ал Рақымжан 1988 жылы дүниеден өткен еді. Ал батыр апаларымызды айтсақ Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлованы айтуға болады. Бұл ержүрек апаларымыздың ды үлестері аз емес. Мәншүк Мәметова-қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының Батыры. Ол 1942 жылы өзі сұранып майданға кетті,

21-атқыштар дивизиясында болды. Алғы шепте айқасқа түскен алғашқы күннен-ақ қаруластары қайсарлығымен, табандылығымен, ержүрек батылдығымен қайран қалдырды. Невель қаласын қорғау кезінде Мәншүк ақырғы оғы таусылғанша жауды жер жастандырып, ерлікпен қаза тапты. Оның қасық қаны қалғанша қарысып баққан қас батырлығы мен өмірдей асқақ өлімі соғыс даласында да, «еңбек майданында» да әрбір отаншыл азаматтың жүрегінде ерлік жыры боп жаңғырып, Жеңіс жалауын тезірек желбіретуге жігерлендіре түскені хақ. Сол кезде Павлодар облысының колхозшылары даңқты пулеметші қыздың есімін есте қалдыру құрметіне Мәншүк Маметова атындағы танк полкін жасақтауға қажетті ақша жинады. Бертініректе режиссер-қоюшы Мәжит Бегалин «Мәншүк туралы ән» кинофильмін түсірді.

«Ер есімі - ел есінде», - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. «Ерлік ерге мұра, ұрпаққа ұран», - деген нақыл сөз бекер айтылмаса керек. Жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде Әділ сынды ардагердің ерлігі де үлгі болары сөзсіз. Ұлы Жеңіске үлес қосқан ардагер қариямыздың есімі ұмтылмақ емес, ұмтылмайды да.

Шаханова Назым

9сынып, №131 мектеп-лицейі Алматы қаласы
Жетекші: Келденова Гаухар Қабдешқызы

Не келіп, не кетпеген бұл даламнан,
Су орнына қан аққан жылғалардан...

Біздің ата-бабаларымыз түрлі қанқұйлы соғысты басынан өткерді. Олардың соғысқа қатысқандағы мақсаты-ұрпақтарының, яғни, біздердің бейбітшілікте өмір сүруіміз. Осылайша аттың жалында, түйенің қомында жүріп, біздерге бейбіт өмірді орнатып берді.

Уақыт өткен сайын аталарымыз сыйлаған жеңістің маңызы артып келеді. Олардың көрсеткен ерліктері- бүгінгі ұрпаққа өнеге. Отансүйгіштік-әркезде де қастерлеуге тұратын қасиет. Осы ұғым біздің үлкен құндылығымыз болуы керек деп ойлаймын. Тек майданда ғана емес, тылда жұмыс істегендердің де еңбегі жоғары ілтипатқа лайық. Себебі олар соғыс кезінде майдан шебіндегі солдаттармен бірдей қиыншылық көрді, бірдей азап шекті. Ашаршылық пен ауыртпашылықты бастан кешкен олар да жеңіс жолында табысқа жетуге зор үлес қосты. Таңның атысынан күннің батысына дейін тізе бүкпей жұмыс істеген сол бір қайратты да қайсар жандарға да бүгінгі ұрпақтың ризашылығы шексіз! Үлкен қауіп пен қатер, қайғы мен қасірет төнген сол бір ауыр уақытта біздің халқымыз сыннан сүрінбей өтті. Отан үшін отқа

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

түскен майдангерлер өшпес ерлік көрсетті. Ұлы Отан Соғысы жылдарында жауға аттанған ел ұландары арын жалау етіп, жанын алау етіп Отанымыздың байтақ жерін қорғады. Айдын көлін, халқымыздың өмірін, өзі туған өңірін, ақ сүт берген анасын, ақ самал ескен даласын, пәк күлкі шашқан баласын, парасатты данасын қорғады.

Осы әділет жолында қасық қанын қиып, ұрыс даласында қалған қаһармандар қаншама! Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Алдымызда келе жатқан жеңістің 70 жылдық торқалы тойы - әлемдегі бейбітшілік сүйгіш елдердің өміріндегі ерекше саяси оқиға.

Бұл мерекені бұрынғы майдангерлер - соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқасып, теңдессіз ерліктің үлгілерін көрсеткендер - Ұлы Отан Соғысының ардагерлері тойлайды. Бұл мерекені Отанымыздың азаттық жолындағы майданда қанын төгіп, өз денсаулығынан айрылғандар - Ұлы Отан Соғысының мүгедектері тойлайды.

Олардың қаһармандық өнегесі бүгінгі жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталуы тиіс деп ойлаймын. Отаншыл болу - ең алдымен өткенді білу. Осынау қойнауы қазынаға толы байтақ даланың әр дұшпанын бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғағанын білуіміз керек.

Бірінді, қазақ, бірінді дос,

Көрмесең, істің бәрі бос, - деп Абай атамыз айтып кеткендей, ынтымағы жарасқан елге жау да шаппайды. Сондықтан да біз достық пен бірлікті бірінші орынға қоюымыз керек деп санаймын. Меніңше, бірлігіміз барда тас қамалдай берікпіз.

Әр адамның өз Отаны алдында міндеті болады. Кез келген адам бейбіт заманда да Отанын қорғай алады. Ол - қолға қару алу емес, өз Отаныңның білімді, өркениетті, салауатты перзенті бола алу. "Отан үшін отқа түс-күймейсің" деген екен Бауыржан батыр. Ол - Отан үшін еткен еңбектің ешқашан зая кетпейтіндігі.

Мен де өз Отаныма қызмет еткім келеді. Алған білімімді орынды пайдаланып, жақсы жұмыс атқарып, еліме аз болса да өз үлесімді қосуды мақсат етемін. Мүмкін, менің бұл ісім де туған жеріме деген көмек болатын шығар.

Мен қарапайым қарттарды сүйем,

Не деген керім еді!

Не біледі осы жұрт, не біледі?!

Бабалардың баласы-қариялар

Сиреп бара жатқандай көрінеді-деп, мұзбалақ ақын Мұқағали жырлағандай, Отан үшін от кешкен қадірлі қарияларымыздың қатары уақыт озған сайын азайып бара жатқаны өкінішті! Қазақстанның қан майданға аттанған ержүрек ұл-қыздары фашизмді жеңу жолында асқан ерлік көрсетіп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и
средних учебных заведений на патриотическую тему,
посвященную 70-летию Победы в Великой Отечественной войне**

жеңісті жақындатуға үлкен үлес қосты. Жауынгерліктің биік үлгісін көрсете білген ардақты ардагерлеріміз барлық майданда да жан аямай күресті. Олардың артында қалған аяулылары азаматтарының жеңіске жететініне сенді және сол қасиетті күнді асқан шыдамдылықпен күтті...

Соғысқа қатысқан 500-ге жуық жауынгерлер "Кеңес Одағының Батыры" атағын алды. Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, Т.Бигелдинов, М.Мәметова сынды көптеген батыр тұлғалардың есімі еліміздің есінде мәңгі сақталады. Осындай ержүрек азаматтардың арқасында жеңіс туы желбірегенін кейінгі ұрпақ ешқашан ұмытпайды деп сенемін. Күллі адамзатқа қауіп төндірген сұм соғыстың зардабын тартып, Отаны үшін жан алысып, жан беріскен ардақты ардагерлерімізді құрметтеу - біздің парызымыз!

Сондықтан да біздің мектепте ардагерлерге арналған мерекелер жиі атап өтіледі. Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ризашылығын бар мүмкіндігінше білдіруге тырысады. Біздің мектебіміз қазақтың аты аңызға айналған хас батыры Бауыржан Момышұлының атында. Жақында ғана біз бабамыздың туған күнін атап өттік. Әрине, бұл мейрамға ардагерлер де қатысты. Мұндай еске алу кешіне олар қатты риза болды. Медеу аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, бауыржантанушы ғалым Ким Серікбаев бұл игі шараға өте жоғары баға беріп, мектебіміздің жас ақыны, Президент сыйлығының иегері Дүйсенов Жамбылдың "Батыр баба" атты авторлық өлеңі мен Мукитанова Даминаның жазған шығармасын республикалық сайысқа ұсынуы - осыған дәлел.

"Ата-анасын сыйлаған бала сабақты да жақсы оқиды, ол тәртіпті, еңбекқор, адал болып өседі" - деген екен қаһарман қолбасшы, Алты Алаштың айбыны Бауыржан Момышұлы.

Батыр атамыз біздің арамызда жоқ, бірақ маңайдағы дүниеде, біздің алтын ұямыз Бауыржан атындағы мектеп-лицейде, оның зор үні үнемі естіліп тұрады! Ол бізге, жас жеткіншектерге, күш- жігер, қайрат береді, үлкен жауапкершілік жүктейді.

Жер-дүниені сілкіндірген сұрапыл соғыста қазақ жауынгерлері Қабанбай мен Наурызбайдың, Махамбет пен Исатайдың ұрпақтарына лайық ерліктің үлгісін көрсетті. Олар отансүйгіштіктің, елжандылықтың, Атамекенді, Туған Жерді қорғаудың үлгісі бола білді!

Барша бейбітшіліксүйгіш адамзаттың ендігі тілегі - бала жетім, ана жесір қалмай, Отанымыздың іші - даудан, сырты - жаудан аман болуы. Ұлт өседі, ұрпақ ауысады. Ендігі тілек 70 жыл бұрын жер жастанған жайсандардың желкілдеген құрақтай ұрпақтары есен-сау болса екен.

Бұл менің ғана періште тілегім емес, барлық күнәсіз сәбилердің де тілегі. Тілегіміз қабыл болсын!

Ынтымақов Жандос

9 сынып оқушысы Б.Атыханұлы атындағы № 36 гимназия, Алматы қаласы
Жетекшісі: Мақпал Сембай

Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі

«Жаныңнан күдер соғыспасаң,
Жауды күйрете алмайсың»
Б. Момышұлы

Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 70 жыл толды. Бірақ Ұлы Жеңістің ұмытылмайтыны сияқты соғыс та ұмытылмайтын ізін қалдырды. Жеңіс күні – бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отанын қорғаған жауынгер-солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі болып қалмақ.

Біздің аталарымыз бен әжелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлі үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл – бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеудің жоғары адамгершілікт негізі. Жеңіс күні – абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік катал соғыста Жеңіске жеткізді.

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл - ауыр еңбек, бұл – халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді есте сақтау!

Біздің ардагерлеріміз! Олар кемде - кем қалды. Оларға лайықты кәрілікті қамтамасыз ету, оларға көмектесу керек.

Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз - болашақ ұрпақты Отанын сүюге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Еліміздің дархан даласы кең, аспаны ашық болсын! Жұдырықтай жұмылған, білектей бірікке кеңпейіл Қазақ елі жасасын!